



ӨЛКЕТАНУ

(Атырау облысы)



Жалпы білім беретін мектептің
5–7-сыныптарына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*

Алматы



«Жазушы», 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 26.82 я 72
Ө-37

Құрастырушылар: Г.У. Кабекенов, О.М. Биманова,
С.У. Кузбулова, С.М. Тұрғали

Шартты белгілер:



Сұрақтар мен тапсырмалар



Әдебиеттер



Тапсырмалар



Топтық жұмыс



Диалог құру



Есте сақтап, жатқа менгеру

Ө-37 **Өлкетану (Атырау облысы). Жалпы білім беретін мектептің 5–7-сыныптарына арналған оқулық.** – Алматы: «Жазушы», 2018. – 128 бет, суретті.

ISBN 978-601-200-621-6

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жаңаартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5–7-сыныптарына арналған «Өлкетану» курсының оқу бағдарламасына сөйкес дайындалды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 26.82 я 72

© Құраст.: Кабекенов Г.У., Биманова О.М.,
Кузбулова С.У., Тұрғали С.М., 2018

© «Жазушы» баспасы, 2018

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-621-6



МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5

5-сынып

Қазақстан тарихы

§1. Туған өлкенің ақыз-өңгімелері	7
§2. Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер	11
§3. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, палуандар	17
§4. Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)	23

Музыка

§5. Туған өлке симфониясы	28
---------------------------------	----

6-сынып

Қазақстан тарихы

§6. Топонимдер – өткен заманның қуәгерлері (Өлкे тарихы атауларында)	36
§7. Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	39
§8. Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халқы)	45
§9. Туған өлке тарихының тірі қуәгерлері	51

Қазақ әдебиеті

§10. Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	58
§11. Өлкені сипаттау өнері	65





Музыка

§12. Туған жердің таланттары 69

7-сынып

Қазақстан тарихы

§13. Туристік маршруттар 74
§14. Жомарт жүрек 79
§15. Туған өлкенің жылнамасы 83
§16. Менің мектебімнің тарихы 87

Қазақ әдебиеті

§17. Туған өлке публицистика беттерінде 92
§18. «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы 100

География

§19. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы 104
§20. Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу 114

Kіrіспе

Қазақстандық білім беру саясатының мақсаты – мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның көкейкесті сұраныстарына сәйкес іргелі де сапалы білім беруді жүзеге асыру. Балалар мен жастарды тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясат Елбасының барлық Жолдауларында көрініс тапқан. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін, табиғи ерекшеліктерін өлкетану пәні арқылы оқытып, үйрету жеке тұлғаның дамуына септігін тигізіп, қазақстандық патриотизмді қалыптастырады.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру – біздің мемлекетіміздің үзак мерзімді даму бағыттары шенберіндегі үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең өзекті мәселелердің бірі. Патриоттық тәрбие берудің рөлін арттыруда туған өлкенің табиғатын, халқы мен шаруашылығын, тарихын, оның өткені мен бүгінін, жергілікті ерекшеліктерін оқыту аса маңызды. Оқушылар халықтың әдет-ғұрпына, жеріне және оның табиғатына сүйіспеншілік сезімді қамтитын терең мазмұнды білімді аймақтық өлкетану курсынан алады.

Құрметті оқушылар!

Өздеріңе ұсынылып отырған оқу құралы өлкемізді кеңінен таныту, сол арқылы зияткерлік, рухани дүниесі бай, отансүйгіш, ұлтжанды азаматтарды қалыптастыру мақсатын көздейді.

Өлкетану туған ел мен жердің тарихын зерттеуден басталады. Мұндай зерттеуге туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты нысан болады. Өлкетану оқулығында тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, музика, география пәндері кіріктірілген.

Ұсынылып отырған оқулық Атырау өнірінің тарихы, әдебиеті, мәдениеті, географиялық ерекшеліктері тақырыптарын қамтиды. Оқулықта жер, ел, өлке тарихы, жергілікті басылымдар, өлкетану библиографиясы, аймақтық әдебиет, музика туралы қажетті ақпараттар, тапсырмалар ұсынылған.



5-сынып

Қазақстан тарихы **(4 сағат)**



Музыка **(1 сағат)**






Қазақстан тарихы

§1. Тұған өлкенің азыз-әңгімелері

Сабак аясында:

- тұған өлкенің азыз-әңгімелерімен танысасыңдар;
- азыз-әңгімелердің мән-мағынасын түсінесіңдер;
- ага ұрпақтан аманат болған тарихи-мәдени мұраны сақтау мен толықтыруды үгынатын боласыңдар.



Аңыздар

Аңыздар тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Халқы үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, ел намысын қорғауы, сол жолда жасаған өнегелі істері ел аузында аңыз-әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

«Ұшса сұңқардың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы кетілетін» кең жазира қазақ даласының бір бөлшегі Атырау өлкесі – көне тарихтың күесі. Бұл өлкеден халқының қамы үшін шұрайлы да саялыш жер іздең, желмаясымен желдей ескен Асан Қайғы, Алтын Орданың негізін қалаған Батудай қанаарлы хан, Әбілқайыр хан, өрі батыр, өрі өткір тілді Сырымдай шешен, Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасқан «Алаштың алдаспаны, намыстың наркескені» Исадай мен Махамбеттей батырлар өтті. Міне, осы бабаларымыз салған өлкеміздің өр соқпағы тұңғиықтан сыр шертіп, терең бір шежірелі тарихты толғайды.

Ауыл қарттары сыр шертеді

Халқымыз ежелден елдің қамын ойлаған батыр, би-абыздарды өулие деп санап, оларды қадірлекен.



Ел ішінде Сарайшық қаласының іргесіндегі өйгілі «Секер көл» туралы аңыз бар. Секер көлдің орны – қазіргі Сарайшық ауылы тұрған жерде. «Теп-тегіс жерде ойпаңдау болған тұбімен, кезінде жиектерінің қолмен нығыздалып, кейбір жерлерінің тас, топырақпен, қызыл қышпен көмкерілгені заманында көлдің қолдан жасалғанын дәлелдейді», – дейді ауыл қарттары. Көлге аққулар үнемі қонып жүрсін деп хан арнайы қап-қап қант септіріп қояды екен. Бұл өлемдегі ең тәтті көл болыпты. Аққулардың көп болғаны сондай, Сарайшықтың қыздары көлден су алғанда, аққуларды ығыстырып жіберіп, шелектерін содан соңғана суға салады екен. Бұл көл ел аузында «Сарайшықтың аққу көлі», «Аққу



көлі» атальпты. Хан қызы Аққу ханша хор қыздарындай өсем құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен Секер көлде жүзіп, құстарға жем беріп, оларды адамнан үрікпеуге үйретеді. Құс атаулы жаз бойы Секер көлде еркін жүзіп жүреді еken. Ханның қызы бой түзеп, 15 жасқа қараған шағында ауырып, кенеттен қайтыс болады. Хан қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге өмір етіпті. «Қызыңыздың осынша байлықпен қоса жерленгенін білген бір қатыгез моланы ашып, байлықты торап кетсе, жалғызыңыздың мүрдесі айдалада қалар. Сондықтан қызыңыздың денесін жасырын жерленіз» деп ақыл айтқандар болыпты. Осы кеңеске құлақ асқан хан жеті кісіні шақырып, құпия тапсырма беріпті. Ал қызының қабірін ешкім білмесін, ашпасын деген пифылмен жас қабірдің үстінен тұнімен бірнеше үйір жылқыны өткізіпті. Ат тұяғынан тып-типыл болып тегістелген жерден ертеңіне ханның өзі де қызының мolasын таба алмапты, – деседі ақызда.

Киелі Нарын құмы ерекше шипагерлік қабілетімен танылған халық емшілеріне кенде болмаған. Осындағы елге сыйлы, есімі ел жадында сақталғанabyздың бірі – *Сәт әулие* (1802–1888 жж.).

Сәт әулие – XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген атақты батыр әрі қолбасшы Жайық Беріш Құттығайдың шебересі.

Сәт ата бірде молдамен жолға шығады. Жүріп келе жатқанда молда:

- Қасиетті адамсыз фой. Аруағыңызды көрсетіңізші, – деп өтініш жасайды.
- Артыңызға қараңыз, – депті Сәт ата. Молда артына бұрылыш қараса, иығына екі басты айдаһар асылып тұр еken.
- Қөрдім, қөрдім, – дейді молда сасқалақтап.
- Аруағыңызды қөрдім, енді оның аз-көптігін көрсетіңізші, – дейді.
- Оң жағыңызға қараңыз, – депті Сәт ата.

Молда оң жағына қараса, сонадайдан көрінген биік төбенің басынан бауырына қарай төгіліп, кілең ақ түсті көп қой жайылып жатыр еken. Сонда молда: «Мынау үрпақтан-үрпаққа кететін аруақ болды-ау», – деп жорыпты. Осы жору дәл келіп, Сәт әулиенің қасиеті ұлы Құрасқа қонып, одан кейін немересі Зинеден, нементайы Уәлітхан және өзге үрпақтары арқылы күні бүгінге дейін жалғасып келеді, – дейді халық аузындағы әңгімелер.

Түйін

Аңыз-әңгімелердің қай-қайсысын алсақ та, ондағы айтылатын негізгі идея – ел бірлігі, Отанын сую, сыртқы жаудан қорғану. Батырлығы мен ақындығы сай келетін бабалар ерлігін дәріптеу, сол заманың өзекті мәселелерін көтере отырып, аз сөзге көп мағына сыйғызатын нақыл сөздердің тәлім-тәрбиелік мәнін, тағылымының ерекшелігін үғындырады.






Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының картасынан облысымызды көрсетеңіз.
2. Өз тұган өлкең туралы қандай ақыз-әңгімелерді білесіндер?
3. «Тұған жер» тақырыбына мақал-мәтелдер жинақтаймыз.



«Бес сұрақ» әдісі бойынша «Секер көл» ақызынан жазбаша мәлімет дайында.



Сәт әулие туралы ақызды *оқи отырып, өз ойынды тұжырымда*.

Жетекші сұрақтар:

1. Ақызда қандай тарихи оқиға баяндалады?
2. «Сәт әулие» туралы естуің бар ма?
3. Тұған өлкеңе байланысты тағы қандай ақыздарды білесіндер?



§2. Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер

Сабак аясында:

- тұған өлкеңдегі ескерткіштер және олардың құндылығын;
- тұған өлкеңдегі ескерткіштердің алатын орнын, маңызы мен пайда болу тарихын түсіндіріп, айта білетін боласыңдар.

Қалалар сыр шертеді. Киелі Атырау жері – айтулы даналардың, қол бастаған батырлардың, ел бастаған көсемдердің, сөз бастаған шешендердің, басқа да дарынды тұлғалардың бесігін тербекен мекен.

Балалар!

Біздің туған жеріміз қазба байлығымен қатар тарихи мұрасы да мол аймақтың бірі екенін естен шығармандар!

Бір кезде тек көшпелі мал шаруашылығы дамыған, ауа райы қатал болғандықтан, қала мәдениеті дамымаған деген тұжырым жасалып келген Атырау өнірінде өзіндік қала мәдениетінің болғаны нақты деректермен дәлелденді.

Арал және Каспий теңіздерінің арасы, Жайық пен Жем өзендерінің жағалаулары халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызған. Сондықтан бұл аумақты халық ежелден-ақ қоныстанып, осы екі теңіз аралығында көшіп-қонып жүрген өртүрлі халықтардың мәдениеттері тоғысқан аймаққа айналған. Каспий теңізінің елуден астам әр тілдегі атауының болуы да – бұл жерді түрлі халықтың мекен-дегенінің айғағы.

Осындағы тарихи мұралар қатарына облыс аумағындағы көне қалаларды да жатқызуға болады. Аймағымызда құнды көне жәдігерлер көп. Құні бүгінге дейін анықталған ескерткіштер зерттеліп, осыған дейін беймәлім болып келген тарихи-мәдени мұра нысадары ұдайы есепке алынып отырады. Атырау облысында ортағасырлық қалалардан Сарайшық, Қызылқорған, Қорғанша қалалары, Ақтөбе, Ақтөбе-Лаэти қалашығы болғанын археологтар толық дәлелдеді. Соның ішінде астана дәрежесіне жетіп, өркениет орталығына айналған Сарайшық қаласы болды.

Сарайшық – алыс-жақын шетелдер мен республикамыздың барлық өнірлерінен келген қонақтардың қызығушылығын туғызған көне қала, өткеннің құнды мұрасы.

Ақтөбе-Лаэти сауда керуендерінің жолында қолөнершілер қаласы ретінде пайда болған. Қала орнынан табылған заттарға қарағанда, оның тұрғындары темірден, әйнектен, сүйектен өртүрлі бүйымдар жасаумен айналысқан.

Қалада шикізаттардан бүйымдар жасайтын шеберханалар орналасқан. Бірқатар зерттеушілер, қала тұрғындары Каспий теңізінің көтерілуіне байланысты қаланы тастап кеткен десе, екіншілері Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары барысында қала қирап, қырғынға үшыраған деген пікір айтады.

Ақтөбе қалашығы қала арқылы өткен сауда керуендеріне қызмет еткен. Онда металдан, шыныдан, темірден, сүйектен зергерлік бүйымдар жасайтын шеберханалар болған. Қаланы теңіз суы басып, ұзақ уақыт бойы Каспий теңізінің түбінде жатқан. Бұл жағдай қаланың күні бүгінге дейін жақсы сақталуына өсер еткен. Қала орнынан қыш ыдыстар, шыныдан жасалған моншақтар, жұзіктер, білезіктер және XIV ғасырға жататын алтын тиын, зергерлік өндірістің қалдықтары табылған.

Тарихтың терең қойнауына кеткен, Қарабау маңындағы көне қалалардың бірі – Қызылқоға. Бұл қалада тарихта аты қалған Қызылқоға базары. Базарға батыс пен шығыстан, ат тұяғы жететін аймақтардан артынып-тартынған саудагерлер, керек-жарағын іздеген жұздеген, мыңдаған қазақтың қалың бұқарасы жиналып отырған. Мұнда Ресейден, Түрікменстаннан, Қарақалпақстаннан, Сыр бойынан, Маңғыстаудан, Арал маңынан сауда керуендері келіп, сауда-саттық жасаған. Ел аузында сақталған тарихи әңгімелер Қызылқоға қаласы жан-жақтан құйылған өртүрлі халықтардың сауда-саттығының қызған, қайнаған орталығы, ән мен қүйдің, жыр мен терменің, жалпы, өнердің дамыған ортасы болғандығын баяндайды.

Құпиясын терең бүккен Қызылқорған қаласындағы түрлі құрылыштар шики кірпіштен қаланған. Қөлемі мен қирандылардың биіктігі ортағасырлық үлкен қала болғандығын, жобасы «қорғаныстық қамал-қала» қызметін атқарғандығын байқатады. Бұрынғы атауы белгісіз қала сол жердің топырағының қызыл түсті болуына байланысты кейіннен «Қызылқорған» аталған. Қала орнының беткі қабаттарынан құмыра, көзе, құм, қыш қазан сынықтары табылды.





Қорымдар

Қорым – ертедегі ғұрыптық жерлеу орны. Ол, негізінен, тастан қаланып, кейде топырақтан тұрғызылған немесе қиыршық тастан үйіп жасалған бірнеше обалардан, қорған-қоршаулардан тұрады. Өлкеміздегі қорымдар біршама зерттелген. Қорымдардағы ескерткіштер мен табылған өшекей заттар, бұйымдар байыргы тұрғындардың әлеуметтік даму деңгейін, дүниетанымын, қоғамдық қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді.



Ақтөбе-Лаэти қалашығының орны



Сарайшық қаласының орны



Үшқаната қорымы



Жолайшагыл құмтөбелі қабірі





Алып ана қорымы

Алтын қорымы

Қарашұңғіл қорымы

Жылдың ауданында Ұшқаната қорымы, Қарашұңғіл қорымы, Қызылқоға ауданында Жолайшағыл құмтөбелі қабірі, Алып ана қорымы, Махамбет ауданында Алтын қорымы, Индер ауданында Кенжалы қорымы бар.

Ескерткіштер мен мазарлар

Атырау облысының аумағында 313 ескерткіш жергілікті тізімге, 7 нысан республикалық тізімге енген. Олардан бөлек тағы 604 нысан алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген.

Ескерткіштер – халықтың мәдени мұрасы. Олардың қатарына өз заманындағы ұлы тұлғалар мен белгілі қайраткерлерді, елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін орнатылатын мүсіндік туындылар жатады. Ал тарихи-мәдени ескерткіштердің жиынтығы музейлік, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды.

Мазарлар – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Әдетте олар дүние салған адамның құрметіне тұргызылады және көрнекті жерлерге, орталық алаңдарға, саябаққа, тарихи орындарға, тарихта өнегелі істерімен ойып орын алатын белгілі тұлғалардың туған жерлеріне, үрыс даласына орнатылады.

Қазақстандағы аты бүкіл елге жайылған **Аралтөбе қорғаны** Жылдың ауданында орналасқан. Қорғаннан Қазақстан тарихындағы екінші алтын киімді адам табылды. Әйел мен ер адам мурделерімен бірге олардың аяқ жағында екі жылқы және қыран құс жерленген екен. Ер адам киімі әшекейлі алтын бүйімдармен безендірілген, тіпті шашын түйген байламшасы, жанындағы қару-жарактары, қорамсақ жиектері, асатаяғындағы самұрық бейнесіне шейін алтынмен апталып әшекейленген. Мұның өзі бұл адамның тайпа көсемі, қолбасшы немесе дін басы-абыздықты ұстанған, әрі қыран құс ұстап, саятшылық жасаған аңшы болғанын дөлелдесе керек. Бұл алтын адам Сармат көсемі деп те аталады. Ол жөнінде алдағы уақытта тереңірек оқып танысадын боласындар.



Осы өңірдегі **Иманқара үңгірі** – Иманқара тауының батыс сілемдерінің етегінде орналасқан ерте темір дәуірлік мекен. Үңгірдің биіктігі 2, ені 2,5 метр. Терендігі 25 метр. З дәлізден және қосалқы құыстардан тұрады. Үстіндегі жазықта 18 қорған орналасқан. Оларда адам сүйектері жерленіп, қастарына қанжар, қола жебе, қола айна, шыны моншақ, қыш ыдыстар қойылған.

Тас кешу керуен сарайы – уақытында Сарайшық қаласы мен көне Ургеніш қаласын қосатын «Ногай жолы» бойында орналасса керек. Керуен сарай сауда керуендері мен алыстан келген саяхатшыларға қызмет ететін қонақ үй қызметін атқарған. Фимарат түгелімен күйдірілген кірпіштен тұргызылған. Фимараттың ортаңғы алаңында қонақ үй, ас үй, монша бөлмелері орналасқан. Керуен сарайдың бұрыштары мен сыртқы қабыргаларының орта тұстарында алыстан келе жатқан керуенге бағыт беру мақсатында мұнараалар салынған.

Бұдан өзге мұсіншілер сомдаған ескерткіштерге тоқталатын болсақ, Атырау қаласының көрнекті жерлерінде орналасқан ескерткіштердің айтуымызға болады.

Қазақ музыкасының классигі, композитор, күйші **Құрманғазы мен Дина-ның**, Қазақстан Республикасы Әнұраны мәтіні авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, жазушы **Жұмекен Нәжімеденовтің**, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның халық жазушысы, ақын **Фариза Онғарсынованың** ескерткіштері, елінің азаттығын арман еткен **Исатай мен Махамбетке** арналған сәулеттік-мемориалдық кешені, Мысыр сұлтаны, қыпшақ **Сұлтан Бейбарыстың**, үшқыш, Халық қаһарманы **Хиуаз Доспанованың** ескерткіштері бүгінгі үрпаққа откеннің мұрағаты болып, тағылымды ой салып тұр.

Облысымыз аумағындағы мазарлардың кейбірімен танысып өтейік. Индер ауданы Қараой жерінде батыр бабамыз **Махамбеттің**, үш жүздің шежіресін арыдан бастап, айтатын кең тынысты жыршы, аса дарынды өнерпаз ақын **Мұрат Мөңкеүліның**, Қызылқоға ауданында **Шернияз Жарылғасұлының** мазарлары бар.

Қайнар діни-тұрмыстық кешені – Жылдың ауданының аумағында. Зерттеулерге сүйенсек, мешіт-медресені өз заманының белгілі тұлғасы, Досжан ишан Қашақұлы (Досеке) салдырыған. Мешітті салуда қашалып кірпіш формасы берілген тау тастары пайдаланылған. Уақыт өсерімен күмбездері опырылған. Мешітке жалғасып салынған медреселерде бала оқытылып, діни дәріс берілген.

Түйін

Біздің туған өлкемізде тарихи-мәдени ескерткіштердің түрлері көп, әрбіріміздің туған ауылымызда да кездеседі. Бабалар тарихынан сыр шер-тетін құнды ескерткіштер қазіргі таңда қамқорлыққа алынып, сақталып, қалына келтіріліп отырады.

Есіне сақта!

Ескерткіштердің негізгі төрт түрі:

1. Археологиялық ескерткіштер
2. Тарихи ескерткіштер
3. Сәулет өнері ескерткіштері
4. Монументтік (мұсін) өнері ескерткіштері





Тапсырма №1

Төмендегі ескеркіштер туралы не білесіңдер? Мәтінде танысқан қандай ескеркіштерді көрдіңдер, олар туралы достарыңа айтып беріңдер.



Тапсырма №2

Төмендегі кестені толтырыңдар.



- I топ – «Археологиялық ескерткіштер»
- II топ – «Тарихшылар»
- III топ – «Фалымдар»

Археологиялық ескерткіштер	Орналасқан жері	Хронологиясы	Зерттеу нәтижелері
Сарайшық қалашығы			
Қорғанша қаласы			
Ақтөбе-Лаэти қалашығы			
Ұшқаната қорымы			
Махамбет Өтемісұлы мазары			
Мұрат Мөңкеұлы мазары			

«Сәйкестендіру» тесті

1	Сарайшық қалашығы	Атырау облысы Қызылқоға ауданы	A
2	Қорғанша қаласы	Атырау облысы Махамбет ауданы	Ә
3	Ақтөбе-Лаэти қалашығы	Атырау облысы Жылдың ауданы	B
4	Ұшқаната қорымы	Атырау облысы Индер ауданы	B
5	Махамбет Өтемісұлы мазары	Атырау облысы Жылдың ауданы	C
6	Мұрат Мөңкеұлы мазары	Атырау қаласының маңы	D



§3. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, палуандар

Сабак аясында:

- тұган өлкенің тарихына енген билер, ақындар, батырларды;
- бұл тұлғалардың тұган өлке тарихына бекер кірмегендігін оқып білетін боласыңдар.

«Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дүрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүргісін ғана аңдан қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қыын-қыстау жағдайда оны адап орындаудан жалтармаган адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дүйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек.»

Н.Назарбаев

Ерлікті ұлықтау – ұрпақ парызы болса, туған жердің тарихын есте сақтап, болашаққа жеткізу – бүгінгі ұрпақтың борышы.

Атырау өнірі елін, жерін, ұлтының намысын қорғаған ұлы тұлғалармен — билерімен, батырларымен даңқты. Батырлар туралы ел аузында сақталып қалған аңыздар, ғибратты өңгімелер, жыр-дастандар өте көп. Еліміздің қалыптасуына еңбегі сіңген, халықтың тұтастығы мен бірлігі, мемлекетіміздің тәуелсіздігі жолында құрескен батырлар мен билердің өлке тарихындағы орны ерекше.

Билер. Қай кезде де өзінің көсемдігімен, көрегендігімен, батырлығымен, әділдігімен ел назарына іліккен тұлғалардың есімі тарих төрінен бекем орын алғып отырған. Қазақ билері өз заманында бүгінгі соттың, тергеушінің, қорғаушының да қызметін атқарған. Би шешімін ешкім бұза алмаған, хан да, қара да оны орындауға міндettі саналған.

Атырау өнірінде әділдігімен елге танымал болған беріштің биі *Алдар би Ерна-зарұлының* кіндік қаны тамған жері – Қызылқоға ауданы аумағындағы Тайсойған құмы. Алдар би аса ақылды, сөзге ділмәр болады. Оның алдынан ешбір дау мен ел мәселесі шешімін таппай өтпеген. Ол төңіректегінің бәрі ақыл, жөн-жосық сұрап, соның алдынан тарайды екен. Сырым шешенниң өзі Алдар бидің алғырлық, ақылдылығын құрметтеген. Екі ғасыр артта қалса да, есімін ел ұмытпаған даналық сөздері келер дәуірге қадам жасаған, жасай беретін Алдар би – алдынан өткен дау-дамайға әділ төрелік жасаған, елді жақын мен жатқа айырмаған тұра би. *Бекен би* 1771–1857 жылдар аралығында өмір сүрген. Атырау жерінде «ата би» атанған Бекен би 86 жасында дүниеден өткен. Ол Есет биден сегіз, Айтуар биден бір мүшел үлкен екен. Сондықтан оның өзін де, айтқан билік сөзін де ел-жұрты қадір тұтып сыйлаған. Жеті руды аузына қаратқан, әділет жолынан таймаған,



қара қылды қақ жарған айыр көмей, жез таңдай шешен, үшқан құстың, жүгірген аңының, аққан судың тілін білген әулие. Ол билік еткені үшін берген сыйды ешқашан алмаған, сыйлықтар ел үлесіне тиген деседі. Бекен бидің өкесі де, өзі де дүние, мал-мұлікке қызықпаған. Құн көрістік шағын ғана шаруага қанағат етіп жүре берген. Соңдықтан ол билік-шешімге кіріскенде адамды мал-мұлік байлығына емес, ақыл, ой, санасына, адамгершілік қасиетіне қарай бағалап, әділ төрелік айтумен аға би атанған. Сөйтіп, елдің татулық, бүтіндігін қорғап, әділетті, қарапайымдықты мәртебе еткен. Бекен бидің даналық сөздері алғаш рет 1908 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Мақаш Әкімнің «Жақсы үгіт» деген кітабына енген.

Есет би Қараұлы 1779 жылы Қызылқоға ауданы Қарабау деген жерде дүниеге келген. Тарихта бұл атамыз Есет би, Есет ақын, Есет батыр атымен де таныс. Есептің қайда оқығаны белгісіз. Ол – білім, билік жағынан алдына жан салмаған, тәбе би атанған адам. Есет би заманы – астарлы, кедір-бұдыры көп, қарағай басын шортан шалған қылды кезең болатын. «Жасы алпыстан асқанда Исадай-Махамбетке жақтасып, одан құғын-сүргінге үшыраған Есет тоқсан жасаса да, бір құн тыныш отырып, бел шешіп тамақ ішпеген, тұн үйқысын төрт бөліп, қысқа күнде қырық рет дауға түсті, шыбындай жанын шүберекке түйіп, шырылдан барып жауға да түсті» дейді ел аузындағы әңгімелер.

Есет би 1869 жылы 90 жасында дүниеден өткен. Бейіті осы күнгі Махамбет ауданы, Малайсары деген жерде, «Дәрі» деп аталатын қауымда.

Есет Қараұлының сөздері мен өсиет-өлеңдері алғаш рет Мақаш Бекмұханбетовтің «Жақсы үгіт» деп аталатын кітабына енді.

Батырлар. Батыр – өскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағына адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан.

Құлсары Тінікейұлы халқынан ештеңесін аямаған, кетіп бара жатқан жолаушыны «қонағасынды жеп кет» деп кідіртетін, «Малың өлсе – сойысқан, адамың өлсе – қойысқан, жауың келсе – қуысқан, бөрінен жақын туысқан» деп отырған көпшіл, жарлы-жақыбайға қамқорлық танытқан, сұрағандарға атын ер-тұрманымен беріп жіберетін жан болған.

Журналист, әрі ақын Әбдіхалық Сисенбердиев «Құлсары ата» атты шағын кітабында Құлсары Тінікейұлы туралы ел аузындағы әңгімелерді баяндайды.

Құлсарының мазары қазіргі Құлсары қаласының маңындағы 6-ауыл бейітінде орналасқан. Мазары шегіп, мұжіле, ескіре бастағаннан кейін оның сырты қоршалып, жана мазар тұрғызылған.

Пыштанай Ер Қосайұлы – 100 жасаған батыр, ел төуелсіздігін қорғау үшін жанын салған қолбасшы, үш жүздің жоңғар басқыншыларына қарсы қүресіне қатысқан. Өлкетанушы Кенжеғали Қайыптың мақалаларына зер салсақ, Пыштанай жүріс-тұрысы жай, аяғын асықпай басатын зор денелі, екі қабағы екі көзін



жауып тұратын, қараған кезде қабағын қолымен көтеретін түрі сұсты адам болған деседі. Қабақтары жауға қаһарланып ашуланғанда ғана ашылып, жайшылықта жабық жүреді екен. Осы бітіміне орай жеңгелері оны «Шабанқара» деп атап кеткен. Бір шайқаста қарсыласы мұрнының ұшын сойылмен соғып, сол себепті Пыштанау (Пыштанай) аталып кеткен деседі.

Құттығай Сатыпалдыңлы 1702–1743 жылдары өмір сүрген. Байұлы тайпасының Беріш руынан шыққан батыр, қолбасшы. Құттығай он сегізінші ғасырдың 20–30-жылдарында қалмақтарға қарсы талай шайқастарға қатысип, ерлігімен көзге түседі. Бұлантты өзенінің бойында, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Аңырақай жазығында болған шайқастарға Тайлақ батыр басқарған Кіші жұз өскерінің сапында қатысқан.

Шайқастан елге оралған батыр Шұбар, Саржала атты батырлармен бірге Нарын құмы мен Еділ бойын қалмақтардан азат етеді. Жаудан босаған Ойыл өзенінің ортасына, Тұзтөбeden ағасы Айбастың ауылын әкеліп қоныстандырған.

Құттығай батырдан тараған тоғыз ұлдың үрпақтары қазіргі кезде Атырау облысының Исатай ауданында тұрады. Немересі Сөт сынықшы болса, Басықара атты немересі Исатай бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан.

Батыр Шыңғырлау ауданының Торыатбасы елді мекенінде жерленген.

Ағатай батыр Тілеукеңлы XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген. Тәуке ханың Қазақ хандығының тәуелсіздігі мен бүтіндігін сақтау жолындағы саясатын белсенді қолдаған қайраткер. Оның саналы ғұмыры Еділ қалмақтарымен соғыста өтті. Ресей бодандығын қабылдаған қалмақтардың Кіші жұзге шабуылы XVIII ғасырдың бірінші ширегінде күші耶 тұсті. Ресей билеушілері қалмақ ханы Аюке жасақтарының күшімен қазақ хандығын өлсіретуді көздесе, қалмақтар Ресейге арқа сүйеп, Кіші жұз қазақтарын өзіне тәуелді еткісі келді. Ұзақ жылдар бойы олар Еділдегі қалмақ хандығының жерін шығысқа қарай ұлғайту ниетінен бас тартпады. Тұстікегі Хиуа хандығы да Кіші жұз жерін Ресеймен бөлісер оңтайлы жағдайды күтіп отырған. Қөрші елдердің басқыншылық ниетін жақсы түсінген Тәуке хан Түркістан қаласы маңына 80 мың жасақ ұстады. Осы өскери күштің құрамында Ағатай батырдың да қолы болды.

Ақпан батыр XVIII–XIX ғасырларда өмір сүрген. Ол, ел аузындағы дерекке қарағанда, 1723 жылды басталған, тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сынды аса ауыр кезеңде сонау Сыр бойындағы қонысынан көтеріліп, бұрынғы атамекені – Жем-Жылой өңіріне 1730–1740 жылдар шамасында қайтадан оралған кішіжүздіктерді бастап келгендердің бірі екен.

Төремұрат Тайлыбекұлы XIX ғасырдың бірінші жартысында Атырау-Жем өңірінде өмір сүрген, ел қорғаны болған батыр, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы белсенді күрес жүргізген қаһарман. Ол 1820–1821 жылдары Жылой жерінде дүниеге келіп. 1862–1863 жылдары Манғыстау жеріндегі Қүйкен тауының етегінде түрікпен аламандарының қолынан қаза табады.



Өтөн Ақтогайұлы 1816 жылы дүниеге келген. Ресей отаршылдығына қарсы құрескен. Жасынан азаттық үшін құреске араласқан, қазақ-түрікпен соғыстарына, Орал және Торғай облысы қазақтарының 1869 – 1870 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. 1872 ж. патшаның отарлау бекінісі «Қызыл қала» түбінде отаршылдарға қарсы соғыста ерлікпен қаза тапты. Зираты соның жанындағы Қошқарбай көлі деген жерде тұрған. Оның ерлігін халық ақындары Құлманбет, Бала Ораз, Нұрым, Ақтан, Мұрат т.б. мадақтаап, жырға қосқан.

Нарынбай Шаңдыңұлы – халық батыры, XIX ғасырдағы Ресейдің Атырау өңірін (Жем алабын) отарлау саясатына қарсы құрескен ерлердің бірі. Төремұраттың ту ұстар батыры болған. Отаршылармен болған бір қақтығыста ерлікпен қаза табады. Соны естіген Құрманғазы Сағыrbайұлы өзінің «Төремұрат-Нарынбай» күйін шығарып, батыр өлімін қайғы тұтады.

Балуан / Палуан – құрес өнерін жетік менгерген алып күш иесі. Балуандықпен айналысадын адам үлттық құрестің айла-тәсілдерін жетік менгеріп, күшін жетілдіру үшін ауыр салмақты заттарды көтеріп жаттықсан. Палуандар құрес сайыстарына өз руларының атынан шығып, руының намысы үшін құрескен. Женістерге жетіп, елінің атын шығарған балуандардың есімі елге танымал болып, ел құрметіне бөленген. Палуандар базар, жәрмеңкелерде, ойын аландарында жүрт алдында ауыр заттарды, кірдің тастарын көтеріп те өнер көрсеткен. Атырау өңірінде есімі танымал болған палуандар туралы деректер табылмады. Қазіргі кезде қазақ құресінде өзіндік үлесін қалдырган балуандар қатары көбейіп келеді.

Оқушылар! Өздерің білетін жерлес балуандар туралы деректер ізден көріңдер!

Дерекпен жұмыс. Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені толтырыңдар





Суреттен алған жалпы өсерінді сипаттап жаз, содан соң оның жеке элементтерін зерттеңіз.

Суреттегі адамдар, нысандар және іс-өрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолдан

Адамдар

Нысандар

Іс-өрекеттер

1. Өз бақылаулырыңың негізінде үш нәрсені көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз
2. Бұл сурет қандай сұрақтар тудырады?
3. Оларға жауаптарды қайдан таба аласызң?



Түйін

Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни ел басынан өтіп, тағдырында терең із қалдырган тарихи, саяси оқиғалар, нақты тарихи тұлғалар – қазақ батырларының, билерінің бейнесі арқылы, солар өмір сүрген заман арқылы халық ауыз әдебиетінде, жыр-дастандар мен шежірелерде көркем суреттелген. Өніріміздің билері мен батырларының өнегелі істері мен елі үшін төккөн тері әлі де жан-жақты зерттелуде.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Батыр бабалар туралы халық арасындағы өңгімелерді, көнекөз қарттардың естеліктерін жинақтаңдар.
2. Батырлардың ерлік істеріне қатысты ақтаңдақтардың ақиқатын танып, зерттеңдер.
3. Баспасөзде жарияланған материалдарды жинастырып, талдау жасаңдар.



Билер мен батырлар туралы мақал-мәтел жарысын ұйымдастырыңдар.
«Ұздік таныстырылымдар» байқауын өткізіңдер.



§4. Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)

Сабак аясында:

- тарихи жәдігерлер туралы білесіңдер;
- тарихи мұраларды жете танып-білуге қызығушылықтарың оянады;
- жәдігерлердің маңызын түсінесіңдер.



Үлттық мәдениетіміздің бір тармағы ата-баба мұраларынан сыр шертетін, олардың қалдырыған өнегесін кейінгі үрпақта танытар тарихи-мәдени ескерткіштер екені анық. Қазіргі таңда өскелең үрпақтың архитектуралық, археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұраның бай дүниесіне ұмтылышы күн санап есіп келеді.

Өлкеде 16 музей жұмыс жасайды.

Атырау қаласының көрікті жеріне орналасқан Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі – облыс қонақтары мен халқының сүйікті орны.

Музейдің ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысып, қолтаңбасын қалдырды.



Бұғінгі күні музей қорында **59298** (бөлімшелерімен қоса есептегенде **93040**) жәдігер жинақталған.

Музейдің **9** бөлімшесі және **1** тарихи-қорық жұмыс жасайды Құрмангазы аудандық музейі, Исатай аудандық музейі, Индер аудандық музейі, Палеонтология музейі, Х.Ерғалиев атындағы музейі, Елтай ауылдық музейі, Б.Нысанбаев атындағы «Әскери Даңқ» музейі, Өтемісұлы атындағы әдеби-мемориалдық музейі, М. Өтемісұлы атындағы тарихи қорық.

Музейдің құнды жәдігерлері «Тылсым дәуір», «Этнография», «Археология», «Өлке табиғаты», «Өлке тарихы XII–XX ғ. I-ші жартысы», «1941–1945 жылдар. Ұлы Отан соғысы», «Өлке мәдениеті мен әдебиеті», «Қазақстан Тәуелсіздігі» экспозициялық залдары арқылы көрермен назарына ұсынылған.

Тарих – бір күннің немесе бір жылдың аясында хатталатын дүние емес. Сондықтан тарихшылар көп ізденіп, ежелгі дәуірден сақталған деректерді мұқият зерттей отырып, адамзат баласының тарихын жазады. Адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтерді, яғни жәдігерлерді «тарихи деректер» деп атайды. «Жәдігер» – иран тілінен – реликвия, естелік дегенді білдіреді. Музейде жәдігерлер көптеп жинақталған.

Музейдің «Тылсым дәуір» экспозициялық залында Аралтөбе қорғанынан табылған «Алтын киімді адамның» қалыпқа келтірілген бейнесін көреміз. Залдағы «Сарматтар соғыс қарсаңында» және «Сарматтар соғысы» картиналары еріксіз сол дәуірге жетелейді. Залда тұрып сармат бабаның үрпағы екенінді мақтан тұтасыз.

«Этнография» залында орын алған этнографиялық материалдар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптастасқан тұрмысы мен дүниетанымдық көзқарастарынан, бай рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертеді. Экспозициядан тұрмыстық және халықтық қолданбалы өнер бүйымдарын көреміз. «Қазақ халқының көші» панорамасын көріп тамашалай аламыз. Залдың орталық алаңына қазақ мәдениетінің бірегей символы – киіз үй орналастырылған.

«Өлке табиғаты» залында өлке табиғатына байланысты экспозициялар қойылған. Бұл жрде тіршіліктің пайда болуынан бастап, ежелгі жануарлардың сүйектері, құстар әлемі туралы толық мағлұмат беріледі. Құнды деректер Каспий теңізі тарихы, өзен-көл жағалауын мекендейтін аң-құстар, облыс өңіріне нәр беріп отырған тұщы су көзі – Жайық өзені, ондағы балықтар әлемі, өлкенің топырақ жамылғысымен таныстырады.

«Археология» залында Алтын Орданың басты қалаларының бірі Сарайшық қаласының орнынан табылған қыш ыдыстар, шырағдандар, өшекей бүйымдар мен мыс теңгелер, қантама плиталарды тамашалай аламыз. Қорғанша мекені мен Алтын Орда дәуірінің ескерткіші – Ақтөбе-Лаэти қаласының тарихынан сыр шертер жәдігерлер орын алған.

«XII–XX ғасырлардағы өлке тарихы» экспозициялық залында қазақ халқының құрылу тарихы, қала іргетасының қалануымен, өңірдегі тарихи оқиғалармен танысамыз. Тарихи тұлғалар, Бекей ордасы жөніндегі деректер мен жәдігерлер,

өлкеміздегі оқу-ағарту саласы жөніндегі мәліметтер осы залда көрініс тапқан. Балық аулау құралдары, қару-жақақтың түрлері, әртүрлі дін өкілдерінің сиыну бұйымдары көрермен назарына ұсынылған.

«1941–1945 жылдар. Ұлы Отан соғысы» залы соғысқа қатысқандардың өнегелі өмір жолына арналған. Соғыс жылдарындағы баспа өнімдері, фотосуреттер, байланыс құралдары, майдандық хаттар, құжаттар, тыл еңбеккерлерінің жеке заттары орналастырылған.

«Өлкे әдебиеті мен мәдениеті» экспозициялық залынан өлкеміздегі мәдениет ошақтары туралы мол мағлұмат аламыз. Елімізге танымал ақын-жазушылар Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Нәжімеденов төрізді атақты қаламгерлердің ғұмырдерегімен танысамыз. Олардың ұстап-тұтынған заттарын, пайдаланған бұйымдарын көзіңізben көресіз. Құй анасы Динаның домбырасының, саз-аспаптар коллекциясының сырына қанығасыз.

«Тәуелсіз Қазақстан» экспозициялық залында Республикамыз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі өңіріміздің тыныс-тіршілігін баяндайтын жәдігерлер орын алған.

Аймақтағы маңыздылығы жағынан екінші музей, **Атырау облысы көркем-сурет және қолданбалы-сәндік өнер музейі** КСРО Суретшілер одағының мүшесі, суретші Шаймардан Сариевтің есімімен аталады. Музей қорында 1669 дана жәдігер сақталған. Музейдің 9 экспозициялық залы бар: Ш.Сариев залы, Орталық зал, Сый топтамалар залы, Қолөнер залы, Графика залы, Махамбет залы, Қазақ хандығы залы, Қөрме залы, Сарайшық залы.

Балалар!

Сабак барысында әрқайсың өз өңірлеріндегі музейлермен танысып, көріп-білгендерің туралы айтып беріңдер.



Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

Түйін

Біз өткенге құрметпен қарап, тарихи құндылықтарымызды көздің қарашығындағы сақтауға міндettіміз. Себебі, бұл – ұлттымыздың өткені мен бүгіні, баға жетпес қазынасы. Ұрпақ рухани байлық пен ұлттық жәдігерлерді танып-білу арқылы өзіне сабақ алады, өмірлік бағыт-бағдар ұстанып, елінің жарқын игіліктерін таниды. Ал осындағы ұлы қазыналарды жинап, тарихқа тіл бітіріп, елдік мұддеге айналдыруды жүзеге асыратын мұражай қызметі қай кезде де өте маңызды.





Тапсырма.

«Ақиқат па, жалған ба?» (дұрысын белгіле)

«Жәдігер» – естелік дегенді білдіреді	ақиқат
Өлке тарихын зерттеу бөлімі бойынша 4 экспозициялық зал жа-сақталған	ақиқат
Өлкетану музейіндегі өрбір экспонаттың құндылығына, өлке та-рихымен байланыстылығына мән берілмей отыр	жалған
Соңғы жылдары музейге қүй атасы Құрманғазы Сағыrbайұлының үстаған қаруы қойылған	ақиқат
Музейдегі тақырыптық және мазмұн жағынан жоспарланып қо-йылған тұрақты экспозициялар 5 қабаттан тұратын 15 залда ор-наласқан	жалған



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кіші ізденіс жобаларын өзірлеу.
2. Әдістемелік материалдар, оқу-әдістемелік кешендер мен жинақтарды құрас-тыру.
3. Бұқаралық ақпарат құралдарына мақалалар жариялау.



Музыка

§5. Тұған өлкө симфониясы

Тақырып аясында:

- тұған өлкедегі музикалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінік алуга болады;
- «Менің тұған өлкемнің 30 әні мен әуені» – аудиокаталогын ұжымдық жұмыс нәтижесінде құрастыру үшін электронды музикалық каталог құрастырудың бастапқы дағдылары қалыптасады.

Біле жүр:

Симфония (грекше – үндестік) – симфониялық оркестрде орындауға арналған күрделі циклді музикалық шыгарма.

Күй – даала симфониясы

Тақырыпта өлкедегі музика мәдениетінің өзіндік қайталанбас қелбетін жасаған саз өнеріндегі танымал тұлғалар үндестігі туралы толық мәлімет аласындар.


Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі – өзінің үлттық музикасының болуы. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы – домбыра күйлері. Қүйшілердің орындау мәнері аймақтық күй үяларына байланысты дамиды.

Қазақтың күй өнері негізінен төкпе және шертпе деп айдарланған екі машиққа бөлінеді, соған орай, олардың жерге, топыраққа тартып тұратын айшықты мінездемелері де бар. Төкпе және шертпе деген анықтама күйдің тәсілі, тартысына байланысты туындаған.

Дауылды, оң қолының ауқымы кең және динамикалық күшінің болуымен ерекшеленетін өңірімізге тән төкпе күйлердің атасы, сазгер, асқан дүлдүл домбырашы, қазақтың аспаптық музикасының (күйдің) классигі Құрманғазы Сағырбайұлы 1823 жылы дүниеге келген. Өкесі Сағыrbай Қіші жүздегі Қызылқұрт руынан шыққан.

Құрманғазы жастайынан домбырашылығымен көзге түседі. Оның күйшілік өнердегі алғашқы ұстазы, бүкіл Қазақстанға танымал болған Ұзақ күйші болды. Сол кездегі дәстүрге орай Құрманғазы ұстазымен бірге ел аралап, домбырашылық өнер сайысына түсіп, жүртшылық назарына ілігеді.

Нұрпейісова Дина (1861–1955 жж.) дәстүрлі халық өнерінен сусындаған ұлы күйшілердің соғы буыны. Оның шығармалары аспаптық музика мәдениетінің сан ғасырлық әволюциясын тамамдай



келе, күй формасының жаңаша өркендер дамуына жол ашты. Дина – ұлы ұстазы Құрманғазының күйлерімен қатар Ұзақ, Есжан, Байжұма, Дәулеткерей, Түркеш, Әлікей тәрізді халық композиторларының күйлерін бізге жеткізген шебер орындаушы.

Дина күйшінің дәстүрін жалғастырган Есжанова Земзәм (1913 – 1993 жж.) – күйші, сазгер. Батыс Қазақстанның күйшілік дәстүріндегі қыз-келіншектер арасында Дина Нұрпейісовадан кейін сазгерлік өнерді жетік менгерген Земзәм Есжанованың «Ізбасар жастардың өсіп келе жатқанына қуандым, ер-азаматтардың жолы бөлек, қыздарымның – домбырашы-күйшілердің көбейе беруін тіледім» деген тілегі қабыл болып, ізін жалғар нәзік жанды күйшілер қатары жыл санап көбейіп келеді. Земзәм Есжанованың «Каспий толқыны», «Ақ Жайық», «Шашу», «Шаттық» атты сәтті шыққан терең ойлы күйлері бар.



Домбырашы, күйші, Қазақстанның халық өrtісі Есқалиев Әзидолла (1934–2017 жж.) – 1957 жылды Мәскеуде өткен Бүкілодактық және VI Дүниежүзі жастары мен студенттер фестивалінің лауреаты. Репертуарында халық композиторларының және орыс, шетел композиторларының шығармалары бар. «Жастар», «Шаттық», т.б. күйлердің авторы.

Ғабдиев Рысбай Қисметоллаұлы (1936–2005 жж.) – домбырашы, дирижёр, Қазақстанның халық өrtісі, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, профессор. 1953 жылды Алматыда өткен жасөспірімдердің Республикалық өнер байқауында 1-орын алса, 1994 жылды Анталияда өткен дүниежүзі өнер фестивалінің және 1998 жылды Алматыда өткен «Құрманғазы және ұлы дала музыкасы» Халықаралық фестивалінің бас жүлделерін жеңіп алған.



Күйші, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өrtісі Қарабалина Бақыт Тоқсанбайқызы (1939 жылды туған) – 1960 жылдан Қазақтың халық аспаптар оркестрінің жеке орындаушы-домбырашысы. Репертуарындағы халық композиторларының күйлері мен шетел композиторлары шығармаларын ерекше көркемдік келісіммен орындаған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.



Ахмедияров Қаршыға (Қаршымбай) (1946–2010 жж.) – күйші, композитор. Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері. «Шашақты наиза, Шалқар күй», «Әсем қоңыр», «Сарыарқа», «Жігер» төрізді өлденеше күй жинақтарының авторы және күйлердің жинаушысы, зерттеушісі. Ол қазақтың қоңыр домбырасының шанағынан төгілген күмбір күйді классикалық деңгейде өлем сахнасында шалқытқан бірегейлердің бірі болды.



Әблітаев Шәміл (1948 жылы туған) күйші-домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Атырау музыка колледжінің тұлегі. «Домалақ ана», «Шақшақ Жәнібек», «Бекет ата», «Қызыр



кезген Қызылқұм», «Елбасы», «Қожа Ахмет Иасауи», «Жер ұраны – Ұлытау», «Ордабасы», «Құрманғазы – күй дүлділі», «Мұстафа Шоқай туралы толғау», «Түркістан», «Бір ауыз сөз», «Күй ата» музикалық толғауларының авторы.

Үлкенбаева Айгүл Нариманқызы (1962 жылы туған) – күйші-домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері. Алматы қаласындағы музыка училищесін, одан кейін Алматы мемлекеттік консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) халық аспаптары факультетін бітірген.

Өлкемізді әнімен әлділелеген...

Халқымыздың мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани мұрағатының ішінде ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жеткен көл-көсір өн қазынасы ерекше орын алады. Қазақ өні – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының ықылымнан тіл қатқан тірі куәгері. Дәстүрлі өншілік өнері өзінің айтылу және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлі мектептерге бөлінеді. Атырау өлкесінің өншілік дәстүрі Қазақстанның батыс өңірінің өншілік мектебіне жатады.

Өтебайұлы Бала Ораз 1837 жылы дүниеге келген. Қай қоныста туганы дәл айтылмайды. «Өуелі сөз сөйледім заманадан, Ойласам бай кісінің бері бірдей, Қараны қой орнына санамаған...» немесе, «Жаяулық пен жалғыздық, Ердің есін кетірер. Алқалы дуды көргенде, Сонда белім шешілер» деп сайраған Бала Ораз ақын не бары 45 жасында қайтыс болған. Ақынның зираты Махамбет ауданының орталығынан қашық емес, Мырзалы Балапан аталатын жерде.

Есімов Faғиж Қадырұлы 1947 жылы Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген, опера өншісі. Негізгі партиялары: Абай (А.Жұбанов пен



Л.Хамиидидің «Абайында»), Думан (Е.Брусиловскийдің «Дударайында»), Алпамыс (Е.Рахмадиевтің «Алпамысында»), Құрманғазы (А.Жұбанов пен F.Жұбановның «Құрманғазысында»), Онегин (П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегинінде»), Жерменон (Дж.Вердиidің «Травиатасында»), Дон Жуан (В.Моцарттың «Дон Жуанында»), т.б. Концерттік шығармашылық қызметімен де қазақтың халық өндерін, халық композиторларының өндерін, сондай-ақ қазіргі қазақ композиторларының өн-романстарын насиҳаттауға елеулі үлес қосты.



Зайнуллин Талапқали Сұлтанмұратұлы 1948 жылы 24 сәуірде Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Таубұйрат ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Талапқали Зайнуллин – 60-қа тарта өндері мен 10 жеке күй және 5 өндер мен шығарма күйлердің партитурасын жазған жергілікті сазгер. Елу жылға жуық мәдениет саласында еңбек етіп, халықтық өнерді дамытуға үлес қосқан күйші, дирижер, ұстаз, өуесқой композитор.

Құрманғалиев Ерік Сәлімұлы (1959–2007 жж.) – өте сирек кездесетін контратенор сарынды «қаздауысты» опера өншісі. Атырау облысы Құлсары қаласында туған. Ресейдегі Гнесиндер атындағы Мәскеу саздық-педагогикалық институтын бітірген. Опера және жеке бағдарламаларымен Ресей, Украина, Латвия, Эстония, Литва, Татарстан, Нидерландия, Бельгия, Югославия, Франция, Грекия мемлекеттерінің сахналарында өн шырқап, ерекше дауысымен өлем жүртшылығын таң қалдырган.

Төрешов Мекес Төрешұлы – дәстүрлі өнші, ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Құр- мет» орденінің иегері. Еңбек жолын Алматы қаласында Қазақконцерттен бастады. Атырау облыстық Нұрмұхан Жантөрин атындағы филармонияның өншісі болып еңбек етті. Дәстүрлі өнші еліміздің барлық аймағында, Орталық Азия елдерінде, Ресей қалаларында, Түркия, Монголияда концерттік бағдарламаларымен өнер көрсеткен. 1989 жылы «Маңғыстау өуендері» атты құйтабағы жарық көрді.



Мағазов Елемес Мағазұлы (1953 жылы туған) – 1980 жылдан бастап Нұрмұхан Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының өншісі. 2009 жылдан бастап халықаралық «Қазақ» шығармашылық бірлестігінің мүшесі. Өуесқой композитор Е.М. Мағазовтың «Амангалидың ақырығы сөзі», «Әттең-ай», «Қазақтың жігіттері-ай», «Қазағым» өндері елімізге кең тарады.



Латифуллина Рая Шөріпқызы (Атырау облысы Исадай ауданы) – елге танымал болған талант, өткен ғасырдың 70-жылдарында Атырау облысында өлемді дүбірлеткен «Жайық қызы» ансамблінің белді мүшесі. Шетел саҳналарында Атырау өлкесінің дәстүрлі өнін өрлеңкен алғашқы қыздардың бірі. Атырау өн мектебі көшінің керуенбасы, бірнеше лауреат дайындаған білікті ұстаз, Атырау музика колледжінің өдіскер оқытушысы, «Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгі» иегері, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері».



Мәдиев Самат (1941 жылы туған) – сазгер, күйші. «Жарыс», «Туған жер», «Адам», «Ақ сөule», «Аппағым», «Сен қайда болдың, ақ арман», «Мұнайшылар өні», «Балықшы өні», «Бейбітшілік», «Қайран батыр бабалар» өндөрі мен «Туған жер — Нарыным», «Алматы», «Ана», «Бештау», «Арманда кеткен...», «Ұмытылmas жылдар», «Шашу» атты күйлердің авторы



Жайымов Айтқали (1947 жылы туған) – Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», Атырау облысының және Атырау облысы Жылъыой ауданының «Құрметті азаматы», профессор. А.Жайымов – «Шалқыма», «Шаттанамын» жинақтары мен «Домбыра ойнау өнері», «Домбыра үйрету мектебі» (С.Бұркітов, Б.Ысқақов), жалпы білім беретін мектептің 5–6-сынып оқушыларына арналған «Музыка» (Б.Ысқақов, Ж.Еңсепов, Ж.Сәрсенбеков) оқулықтарының авторы.

Он – халықтың өмір айнасы. Дәстүрлі өнердің қаймағы саналатын қазақтың өн өнері – халқымыздың мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы. Бабаларымыздың өн өнері оның өдөт-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, өнерінің, ұлт тағдырының тарихи шежіресі ретінде көптеген мәліметтер беретін, халықтың халықтығын танытатын ғажап өнер саласына жатады.



Тапсырма:

«Сарыарқа» күйін ұнтаспадан тыңдал, алған өсеріңмен бөліс



Тест

1. Дина Нұрпейісовадан тікелей тәлім алған күйші-орындаушы:

- а) Рысбай Фабдиев
- ә) Сержан Шакрат
- б) Әдепқали Физат
- в) Шәрипа Жәменова

2. «Жастар» күйінің авторы:

- а) Н. Төлегенұлы
- ә) А. Жайымов
- б) Ә. Есқалиев
- в) М. Дауылбаев

3.Халық аспаптар оркестрінің жеке орындаушысы:

- а) Б.Қарабалина
- ә) Б.Мұхтарова
- б) З.Есжанова
- в) F.Ибішов

4. Белгілі күйші, «Дарын» жастар сыйлығының иегері:

- а) М.Фаббасов
- ә) А.Улкенбаева
- б) Ж.Назаров
- в) Н.Тәжікенов

5. Құрманғазының шәкірті:

- а) Абыл
- ә) Мәмен
- б) Сүгір
- в) Тәттімбет

6. 4 жасынан бастап домбыра ұстап үйренген күйші:

- а) Айгүл Улкенбаева
- ә) Дина Нұрпейісова
- б) Рысбай Фабдиев
- в) Қаршыға Ахмедияров



7. Қаршыға Ахмедияровтың күйі:

- а) «Алатау»
- ә) «Саржайлау»
- б) «Ақ қайың»
- в) «Көкіл»

8. Құрмангазының күйі:

- а) «Әсемқоңыр»
- ә) « Қуаныш»
- б) «Байжұма»
- в) «Жұмыр қылыш»

9. Кремль сахнасында өнер көрсеткен күйші:

- а) З.Есжанова
- ә) Б.Қарабалина
- б) Д.Нұрпейісова
- в) Б.Мұхтарова

10. «Жайық асу» күйінің авторы:

- а) Т.Құлтумиев
- ә) С.Мәдиев
- б) М.Өтемісұлы
- в) Ф.Ибішев



6-СЫНЫП

Қазақстан тарихы **(4 сағат)**



Қазақ әдебиеті **(2 сағат)**



Музыка **(1 сағат)**



Қазақстан тарихы

§6. Топонимдер – өткен заманның қуәгерлері

(өлкө тарихы атауларында)

Сабак аясында:

- жергілікті жер, қалалар, өзендер, көлдер, таулар атауларының нені білдіретінін білесіңдер;
- бұл атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре аласыңдар.

Глоссарий

Топонимика – жер-су аттарын зерттейтін ғылым.

Ономастика – атаулардың шығу, қалыптастасу жайын тексереді

Біртұтас қазақ жерінің бір бөлшегі ретінде Атыраудың ойып тұрып алатын өзіндік орны, шежіре тұнған тарихы бар. Ел басынан кешірген өр кезеңдің елеулі оқиғалары мен халық зердесі ізсіз кеткен жоқ. Соның бірі – жер-су аттарына айналып, халық жадында сақталды.

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» деп бекер айтылмаса керек.

Ата-бабамыз жер-су атауларын кездейсок қоя салмаған. Әр атаудың артында терең сыр, шежіре жатыр.

Фасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ел тарихының жарқын көрінісі, халық қазынасының баға жетпес мұрасы – топонимдер деп аталады.

Топонимика – ономастиканың үлкен бір саласы. Ол гректің топос «жер, орын», ономо – «ат, атау» деген сөздерінен бірігіп, «жер-су аттарын зерттейтін» ғылым деген мағынаны білдіреді.

Еділ және Жайық өзендерінің аралығының барлық дерлік бөлігін Атырау облысы алып жатыр.

Облысымыздың табигат жағдайына, халқының өл-ауқатына жан-жақты өсер ететін су айдыны – **Каспий теңізі**. Атауы ежелгі дәуірде теңіз жағалауын қоныстанған каспи тайпаларына байланысты



Топонимиканың жер бедері сипатын (**ороним**), кен байлықтарын (**геоним**), су жағдайын (**гидроним**), өсімдік (**фитоним**) пен жануарлар (**зооним**) дүниесін, көше, қала ішіндегі және ауылдық нысандар атауларын (**урбаноним**) анықтауға да тигізтер пайдасы орасан зор



шыққан. Теніздің Гиркан, Хазар, Хвалын деген тарихи аттары бар. Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін осындай атауларды география пәнінен оқып-тәнисатын боласындар.

Облыс орталығы Жайық өзенінің төменгі ағысындағы Атырау қаласында орналасқан. «Атырау» сөзі өзеннің төменгі ағысы деген мағына беретіндіктен, қала атауының шығу себебі де түсінікті.

Қаланың негізі 1640 жылы қаланған (Үйшік, Гурьев деген тарихи атаулары бар. 1992 жылдан Атырау деп аталады).

«Атырау жер-су аттарының сөздігінде» төмендегідей мәліметтер беріледі. Облыс жер-су атауларының басым көбін біріккен тұлғалы атаулар құрайды, олардың арасында кісі есімі мен географиялық терминнен жасалған атаулардың орны бөлек (мысалы: Алдоңғарқыстау, Төлекентөбе).

Сонымен қатар, жер бедерін белгілейтін атаулар (оронимдер) мен өзек, сай, көлдер, жасанды каналдар атаулары (гидронимдер), нысаналардың санын белгілейтін сандық топонимдер (Үштау, Мыңтөбе), топонимге айналған дара географиялық терминдер де бар (Жыра, Қабак, Сор, Тау).

Көшпендейділік кезде өр ру өкілдерінің көшіп-қона тының жайлаулары мен қыстайлары сол жерлерді иеленген адамдардың атымен өлі күнге дейін аталып келеді. Кейбір халық жадында сақталып қалған оқиғаларға негізделген атаулар да бар (Атамауырған, Қарақойсойғантау).

Өлкетанушы Өтепберген Өлімгерев: «бір қарағанда жер-су аты да тарихтың хаты екенін естен шығаруға болмайды. Өр өңірдегі өзен, көл, тау мен тас, құм мен қырат, елді мекен мен жазық, тіпті көше мен шаруашылық, мектеп пен мәдениет ошағы, аландар мен көсіппілік, бәр-бәрінің жеke атаулары болса, солардың өзі белгілі бір тарихи кезең, елдегі жағдай, табиғаттың ерекшелігі, танымал тұлғалар-жеke адамдардың есімдеріне орай қойылады», – деп түйіндейді.

Өңірде кездесетін жер-су аттарымен тәнисайық.

Құлсары – XIX ғасырдың басында өмір сүрген және осы арада жерленген, ел арасында беделді, көріпкелдігі бар Құлсарыдай дана, ақылман ақсақал есімімен аталған делінеді.

Қосшағыл – мұнай кен орны. Атауы биік құм тәбеге сәйкес аталған делінеді.

Қайнар – өзен. Ошан тауының солтүстік етегіндегі бұлақтан басталады. «Бұлақтан басын алатын өзен» мағынасындағы атау.

Желтау – үсті жазық болып келеді. Тегіс жерге қарағанда салқын болады. Салқын жерден жылды жерге қарай ауа жел болып қозғалады. Жылдың көп мезгілінде таудан самал жел соғуына байланысты «Желтау» аталған.

Тұздықөл атанған жер атауының тарихын іздемей-ақ, көзбен көргеннің өзі жеткілікті. Тұздықөл Индер көлі ойпатында орналасқан. Тұз көлі 500 метр тереңдікте орналасқан. Көл суының құрамында бром, калий, аздаған йод, ас тұзы бар. Көлдің қара балшығы түрлі ауруларға ем.

Ресей патшасының жарлығымен Жайық өзенінің бойына қамал-бекіністер түрғызылған кезде, қазіргі Аққала ауылының орналасқан жерінде Горьская бекінісі салынып, Жайық казактары келіп қоныстанған. Қазір «Горы» атауы «Аққала» деп өзгертілген.



1992 жылдан бастап жаңа байлықтың табылуымен байланысты болған Новобогат ауданы Исатай ауданы аталып, Новобогат ауылына Хамит Ерғалиев, «Забурямы» сөзімен байланыстырылған Забурын ауылына көптің ықыласына бөлентген Зинеден Құрасұлы есімі берілді. «Граница» сөзінің түбірінен өзгеріп, Гран болған ауыл Өркен аталды.

Қызылқоға ауданында Тоқымырза есімді адам ағаш отырғызып, құдық қазған жер Тоқымырза атауын иеленген. Осы құдықтың сүйн көп уақыт ауыл тұрғындары ауыз су ретінде пайдаланған.

Қызыл үй мектебінің қасында көл болғандықтан, көлді **Мектепкөл** деп атаған. **Бесқала** (Мәдениет) деп ең алғаш осы жерде бес үй салынуына байланысты ауыл тұрғындары атап кеткен. **Шошақ шағыл** (Айдын) осы маңда биік шағылды төбелердің көп болуына байланысты аталған. **Қарабау** елді мекенінің аталу тарихы осы өңірде қамыс өсетін көлдердегі халықтың көсібіне байланысты шықса керек. Халық осы қамысты баулап, Қызылқоға базарына апарып сатады екен. Кейде көп дайындалған қамыс бауланған күйінде қалып қойып, қарайып кететін болған. Сөйтіп, «Қарабау» деген атау осыдан шыққан деген сөз бар.

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» деген, неге болсын ат қойып, айдар таға білген халқымыздың жер- су атаулары өз алдына бір жыр шежіре. Табиғатпен тамырлас, етene өскен халқымыздың табиғи орта бояуын сезе біліп, атау беріп, айдар тағуға ерекше мән берген. Жер-су атауларының шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, ел-жүрттың көсіби тірлігіне байланысты болып отырады. Жерімізден мындаған атаулардың шығуы, пайда болуы, дамып өсүі бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің күесі, біздің заманымызға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Жер мен су – атымен, затымен қоса сол жерді мекендеген халықтың байлығы.

Ізденип көрейік!

Өзіндің туған өлкендердегі жер-су атауларының шығу тарихын деректер арқылы зертте.

1. Топтық жұмыс қорғаңдар. Бір-бірінді бағалаңдар.
2. Мәтінмен танысып болған соң, «Блум түймедағы» өдісімен мәтін бойынша 6 түрлі сұрақ құрастырындар:

- | | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none">• <i>қарапайым сұрақ</i>• <i>анықтаушы сұрақ</i>• <i>тұсіндіруші сұрақ</i> | <ul style="list-style-type: none">• <i>шыгармашылық сұрақ</i>• <i>багалау сұрагы</i>• <i>тәжірибелік сұрақ</i> |
|--|--|



Кораптан шыққан сұрақтарға жауап береміз.



§7. Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері

Сабак аясында:

- жергілікті жерге қандай дәстүрлі қолөнер тән екендігін білесіңдер;
 - туған өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жаңдандыруға улесін қосқан шеберлерді білесіңдер.

Қай халықтың болса да, тұрмыс-тіршілігіне қажетті өдемі бүйымдары мен заттарын дүниеге әкелген – қолөнер. Солардың ішінде қазақ халқы қолөнерінің дамуының өз ерекшелігі бар. Үлттық қолөнер – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық қазынасының қомақты бөлігі, атадан балаға ми-рас болып келе жатқан асыл мұра, атакөсіп, халық шығармашылығы. Бұл – аса үқыптылықты, жоғары талғам мен тазалықты және еңбекқорлық пен шыдамдылықты талап ететін енер саласы.

Ұсталық, зергерлік өнер

Ұста – қару-жарак, ер-тұрман, сауыт-сайман жасаумен шұғылданатын адам. Ұсталық пен зергерлік өнер әртүрлі металдардан сан алуан үй бүйымдарын, сәндік өшекейлер жасаумен байланысты. Қазақстан жерінде мыс, жез, темір жөне күміс сияқты металдардан бүйымдар жасау іci өте көне замандардан басталады. Сонау сақ, үйсін, ғұн мәдениетінен бастау алғып, көне түріктердің жалғастыруымен біздін заманымызға дейін жетті.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде өлкемізге белгілі шеберлер дүниеге әкелген қолөнер туындылары сакталған.

Музей қорында Нарын өніріне белгілі зергер, ұста Қалмұқан Ерекенұлының көрігі сақтаулы. XX ғасырдың 40–50-жылдарына жататын күміс және сүйекпен әrlenген қозы құйрық ерді темірден түйін түйген жылдыйлық ағайынды Ізгали мен Кайшыбай Бокеевтар жасаған.

Атырау өңірінде көнеден сақталған әшекей бүйымдардың көптеген түрлері: бас киімге және бұрымға тағатын әшекейлер – сөукеленің әшекейлері, шекелік, шашбау, шолпы, шаштенге; кеудеге және киімге тағатын әшекейлер – өніржиектер, бойтұмарлар, түймелер, түйреуіштер, алқалар; білезік, сақина, жұзік; тіс шұқығыш және құлақ тазалағыш; белдіктер және т.б. сақталған.





А. Есенғазиевтің қолөнер бұйымдары

Атырау өңірінің зергерлері металды қолдан өндеудің дәстүрлі технологиясын (құю, дәнекерлеу, шекіме, безендіру, сымкәптеу, қаралау т.б.) қолдана отырып, өзіндік ерекшелігі бар өшекей бұйымдарды дайындағы және өйелдерге арналған өшекейлерді асқан талғампаздықпен жасады.

Олардың ішінде Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылының тумасы, қазіргі таңда, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында тұрып жатқан белгілі зергер **Өтепқали Өміров** бар.

Темірбек Жұргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының сөндік қолданбалы өнер және дизайн факультетін бітірген шебер Қайрат Шапабаев Батыс Қазақстанның зергерлік өнер техникасы арқылы заманауи үлгідегі өшекей бұйымдар жасайды.

Алтынбек Есенғазиев – суретші, зергер. Құміс, ширатпа, түйіршіктеу, ыстық әмаль және сердолик, бирюза, агат т.б тастар қолдану арқылы өшекей бұйымдар дайындейді.

Зергер – алтынмен атап, күміспен құптеп сырға, білезік, алқа жасайтын адамдар

Ағаш пен теріден түйін түйген шеберлер

Бисенғали Мырзагалиев бес мыңдан астам музыкалық аспапты жасап шығарды. Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында шебер жасаған домбыралар мен шеберханасындағы өзі үстап-түтқан құрал-жабдықтары, суреттері сақтаулы.

Соғыс және еңбек ардагері, шебер **Ізім Бекмағамбетовтің** жасаған домбырасы музей қорында тұр. Оның бетінде «Осы бір шағын туындымы облыстық тарихи-өлкетану музейіне табыс етемін. Гурьев облысы Индер ауданының соғыс және еңбек ардагері, қолөнер шебері Бекмағамбетов Ізім» деген жазуулар ойылып жазылған.



Жерлесіміз ҚР Мәдениет қайраткері, шебер **Мұса Әділұлы** үлттық аспап сапасын жақсарта тұсу үшін бүкіл әлемге әйгілі Страдивари скрипкасын зерттеп, үйеңкі ағашынан скрипка жасап шығарған.

Қолөнер шебері, саз аспабын жасаушы, жеке кәсіпкер **Мәзен Шәкиевтің** оюлап жасаған домбырасы Астанадағы Президент музейінде, қобызы Астрахан облысы Алтынжар ауылы Құрманғазы атындағы музейде, қамшы, торсық, домбыра, қобыз, сандық, бесік, жүқаяқ сияқты қолөнер бүйымдары шетелдіктердің жеке иеліктерінде сақтаулы.

Ойлан!

Жергілікті қолөнердің қандай ерекшеліктері туралы білесіңдер?

Арыстанбек Молдашев – шебер, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері. Барлық іске құлышыныспен, жанын сала кірісетін жанның қолы тиғен бүйымдар нағыз өнер туындысына айналатын. Шебер жыл өткен сайын жаңа кәсіптерді игерді – темір құюоды үйренді, зергерлік бүйымдарды дайындау құпияларын меңгерді, ағаштан ескерткіш сыйлықтар мен тұрмыстық заттар қашап жасады. Астана қаласында жеңіп алған «Халық өнерінің барлық түрлерін менгерген өмбебап дарын иесі» атағы – осының айғағы.



Арыстанбек Молдашев

Нұрсұлтан Қалиев – Темірден түйін түйген шебер. Нұрсұлтанның мынадай туындылары халықтың көңілінен шығып, көрмелерден табылып жүр. «Қос жүзік», «Батырлар үрпағы», «Күй атасы», «Шешен ағаш», «Шебердің қолы», «Тұңғызық», «Қамажай», «Аққу күйі», «Ақ шаңырақ», «Ел тыныштығы», «Кездесу», «Құрес», «Соғыс жаңғырығы», «Талмас қанат», «Үршық», «Қүйші», «Мақсат», «Мұнайлы аймақ», «Ақ Жайық» және «Тұмар», «Қобыз», «Қазаки нақыштағы сурет» көдесійлары көптеп саналады.





Нұрсұлтан Қалиевтің туындылары

Ісмерлік өнер

Ісмер – ұлттық киімдер тігумен айналысатын, қолынан іс келетін адамдар. Көздің жауын алатын әсем, жеңіл сырмақ, оюлы текемет, тұсқиіз, түкті немесе тақыр кілемдер мен терме алашалар да бір кездері таптырmas құнды дүниелер болды. Қазір түрмисқа қажет болмауы себепті көпшілігі қолданыстан шығып қалды.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан қазақтың ұлттық өнерін жалғастырган **Ағилаш Қалыбекова, Әзима Жаманбаева, Мұлкима Дүйсенова, Жанбөпे Жылқыбаева, Ару Дијрова, Рысты Балжігітова** сынды тоқу шеберлерінің қолынан шыққан керемет дүниелер облыстық музей төрінен орын алған.

Қазақтың дәстүрлі кілем тоқымашылығы және жүннен, киізден тоқыма бұйымдарын дайындау ісі өткен ғасырларда Атырау өнірінде кеңінен дамып, ерекше орын алған. Олардың қатарына қоржын, керме, дорба, қаршын, тең (богжама), атжабу, жержастық сияқты сан алуан бұйымдар жатады.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан тоқыма өнерінің бірнеше түрін кездестіруге болады. Мысалы, солардың бірі – ұмыт бола бастаған алашалар. Атырау өнірінде алашаның жүзтеру және түрікпен тери тоқу дәстүрі сақталған. Облыстық тарихи-өлкетану музей қорында алашаның бірнеше түрі сақтаулы. Солардың бірі – он сегіз қатар жалпақ жолақтардан құрастырылып тігілген алаша, онда қошқар мүйіз және қармақ өрнектері қайталана өрнектеліп, жолақтардың арасы ақ түсті ирексу өрнегімен ажыратылған.

137×382 см болатын өрнексіз қақпа алаша өртүрлі қызыл, сары, қоңыр, жасыл түсті иірілген жіптерден тоқылған. Екі жаны жасыл, ақ, қызыл, қоңыр, көк, күнгірт қызыл, қызғылт сары түсті жіптермен көмкеріліп жиектелген.





Жүзтеру



Термелеп тоқылған алаша

Суретшілер

Қалымов Мұхит Қалымұлы (1931–2002) – суретші. Атырау облысы Индер ауданында дүниеге келген. Алматыдағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін, Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Репин атындағы кескіндеме, мұсін және архитектура институтын бітірген. ҚР Еңбек сіздірген өнер қайраткері, профессор. ҚР Суретшілер одағының мүшесі. Қылқалам шебері ұлттық тарихынызда, мәдениетімізде белгілі болған қайраткерлеріміздің бейнесін жасаған.

Сариев Шаймардан Тілемісұлы (1937–1988) – суретші. Атырау облысы Исатай ауданы Зейнеден ауылында дүниеге келген. Прибалтика өскери округінің көркемсурет студиясына қатысқан. Харьков қаласының көркемсурет институтында білім алған. ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Кескіндемеші. “Жібек”, “Жасыл түсті таулар”, “Отбасы”, “Шопан”, “Әйел портреті”, “Құмыраға салынған гүлдер”, “Забурын”, т.б. кескіндемелік еңбектердің авторы. «Табиғатта қонақта» деген сурет кітабы бар. Атырау қаласында Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейі бар.

Телеубай Бақтыгерей Селдірұлы 1948 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылында дүниеге келген. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Махамбет Өтемісұлы атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты.

Махамбет Гүлмаржан Сәлімгерейқызы 1948 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері.

Халин Тілек 1950 жылы 11 маусымда Атырау облысы Индер ауданында дүниеге келген. Суретші, ақын, ардагер мұғалім. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, туындылары Түркия, Италия елдерінде жеке қорда сақтаулы.

Матениязов Серік Қамидоллаұлы 1957 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қенбай ауылында дүниеге келген. Қазақстан Суретшілер одағының, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі. Мұсінші – Абай, Құрманғазы, Исатай, батыр



Қ.Смағұлов, Ж.Нәжімеденов, Х.Ерғалиев пен М.Сатыбалдиев сынды қазақтың көрнекті адамдарына арналған ескерткіштердің авторы.

Отаралиев Айса Бақтиярұлы 1956 жылды Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылында дүниеге келген. ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Қоркем академиясының корреспондент мүшесі. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі.

Кендір Отарбай Қанатұлы 1957 жылды Құрманғазы ауданы Асан ауылында дүниеге келген. Х.Досмұхamedов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде қызмет атқарып келеді. ҚР Суретшілер одағының мүшесі, профессор, ҚР Қоркем академиясының корреспондент мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері.


Жантасов Әділқайыр Пангерейұлы 1958 жылды Индер ауданында дүниеге келген. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Дизайнерлер одағының мүшесі, ҚР білім беру ісінің үздігі.

Тапсырмалар:

I топ: «Қоркемөнер шеберлері» таныстырылымы.

II топ: «Қолөнер туындылары» таныстырылымы.

1. Таныстырылым 5 слайдтан артық болмауы керек.
2. Бірінші бет – титул беті, онда міндепті түрде жобаның аты мен топтың аты көрсетілуі керек.
3. Түстердің үйлесімі, мәтіннің түсі, суреттердің іріктелуі сақталуы тиіс.
4. Интернет ресурстарымен жұмыс жасандар.
5. Қолданылған ақпарат көздерін көрсетіндер.



§8. Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халқы)

Сабак аясында:

- туған өлке халқының қалыптасу тарихын білесіндер;
- туған жеріндегі этностардың салт-дәстүрін біліп және оны құрметпен қабылданап, толеранттылықты қалыптастырысындар.



Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 130-дан астам этнос өкідері қазақ халқымен бірге тату-тәтті өмір сүріп, тіршілік кешіп жатыр.

Қазақтар – елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастыруышы ұлт, ал өзге этнос өкілдері – Қазақстанға әртүрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер.

Осыған байланысты, республика халқының көп этности (полиэтностик) құрамы – жаппай көші-қонның нәтижесі. Қазақстанда барлық этностардың мәдениетін, әдет-ғұрпын, тілін, ұлттық құндылығын дамытуға жағдай жасалған. Елдің Конституциясы оларды тең құқыққа үндейді. Этнос өкілдерінің арасындағы достық қарым-қатынастың дамуы – мемлекет саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Мұнда Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этностиң мәдени орталықтар маңызды рөл атқарады.

Біздің еліміздегі барлық этностар өздерінің тұрмыс ерекшеліктерін сақтайды, оларды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстырады. Қазақстан халқында қазақстандық рух, қазақстандық мінез, жалпы қазақстандық мәдениет қалыптасада. Оның негізгі сипаттары – ұлттар арасындағы достық пен діндер арасындағы келісім болып табылады.

Біз өмір сүріп жатқан қарт Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауы, екі үлкен теңіз Арал және Каспий арасындағы құрлық, сонымен қатар осы аралықтағы Жайық, Жем өзендерінің жағалаулары өмір сүруге қолайлы жағдай туғызған.

Бұғінгі күні Атырау өңіріндегі 19 этномәдени бірлестік ел игілігі үшін елеулі еңбек етіп келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы этнос өкілдері мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына орасан зор ықпал етуде. Бұғінде әр этностиң мәдени фестивальдары, татарлар мен башқұрттардың сабантойы секілді мерекелер жалпы халықтық сипатқа ие болды. Дүнгендер мен күрдтер сияқты басқа да этностардың мейрамдары мен тұрлі форумдарын республикалық деңгейде өткізу дәстүрге айналған.

Қазір өңірімізде тұратындардың 91 пайызы – қазақтар болса, қалған бөлігін орыс, корей, татар, өзбек этностарының өкілдері құрайды. Өзге жүртты өгейсінбей, өз туысындағы көріп отырган қазақ ұлтының кеңпейілділігі, Қазақ мемлекетінің кедергісіз дамып, Мәңгілік ел болуы жолында маңызды рөл атқаруда. 2014 жылдан облысымызда Атырау облысы өкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс жасайды. Мекеме қызметінің мәні – Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету, этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеттерін іске асыруға бағытталған жұмыстарына қолдау көрсетуді ұйымдастыру. Мақсаты – бірлікті, қоғамдық келісімді нығайту, ғылыми-сараптамалық, қоғамдық-көпшілік және ақпараттық жұмыстарды жүргізу.

Қазіргі таңда облыс аумағында, 2016 жылғы статистикалық мәлімет бойынша, 595 мыңға жуық диаспора өкілдері өмір сүреді екен. Бұл 2014 жылғы көрсеткіштен 27 мыңға артқанын көрсетеді. 2008 жылды облысымызда 30 этнос өкілі өмір сүрсе, қазіргі кезде 50 этнос өкілі тіркелген. Облыста «Достық үйі» жұмыс жасайды. «Достық үйі» ғимаратында 19 этномәдени бірлестік, мемлекеттік тілді және өз ана тілін үйрену кабинеті, өдістемелік және ғылыми-сарапшылық бөлімдері жұмыс істейді. Ғимаратта 144 адамға арналған концерт залы орналасқан.



1920–1950 жылдары күштеп

қоныстандырылғандар:
поляктар, корейлер, немістер, курдтер,
түріктер, чешендер, ингуштер. 1936 ж.
28 сәуірде Солтүстік Қазақстанға
15 мың поляк; 1937 ж. Қыыр Шығыстан
95 903 корей; 1941 ж. 28 тамызда
361 мың неміс жер аударылды.
1944 ж. қарашада Өзәрбайжаннан,
Грузиядан, Армениядан курдтер,
Грузиядан түріктер Қазақстанға
күштеп қоныстандырылды. 1944 ж.
ақпанда Ингушетиядан чешендер мен
ингуштер жер аударылып, бір бөлігі
Қазақстанға қоныстандырылды.



Этномәдени бірлестіктер туралы мәліметтер

№	Атауы
1.	«Салам» дағыстан этномәдени бірлестігі
2.	«Навruz» өзербайжан этномәдени бірлестігі
3.	«Татулық» татар-башқұрт этномәдени бірлестігі
4.	«Еділ-Жайық» этномәдени бірлестігі
5.	«Иверия» грузин этномәдени бірлестігі
6.	«Видергебурт» неміс этномәдени бірлестігі
7.	Орыс, славян, казактар бірлестігі қауымдастыры
8.	«Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі
9.	«Возрождение» болгар этномәдени бірлестігі
10.	«Тхоньил» корей этномәдени бірлестігі
11.	Қазақстан түріктепе қоғамы
12.	Ұйғырлар қоғамы
13.	«Довира» украин этномәдени бірлестігі
14.	«Таврос» армян этномәдени бірлестігі
15.	«Былина» орыс этномәдени бірлестігі
16.	«Алия» еврей этномәдени бірлестігі
17.	«Қазақстан Республикасы күрдтерінің Барбанг» қауымдастыры
18.	«Светоч» славян этномәдени бірлестігі

Кеңес үкіметі дәуірінде 1,5 миллион өзге этнос өкілдері қазақ жеріне құштеп жер аударылды. Олардың ішінде Атырау өңіріне көптеп қоныстанғаны – корейлер болатын. Жергілікті халық оларды өз туғанының дай қабылдап, қолдан келген көмегін көрсетті.

2017 жылы 28 қазан күні Атырау облысы Ассамблеясы жанындағы «Тхоньил» корей этномәдени бірлестік өкілдері Қазақстанға қоныстанғандарына 80 жыл толу мерекелік шарасын атап өтті.

Осы мерекеде Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округінде «Қазақ халқына мың алғыс!» ескерткішінің салтанатты ашылуы болды. Сексен жыл бұрын депортация кесірінен Қазақстанға 96 мыңнан астам корей халқы құштеп көшірілген еді. Соның ішінде Атыраумен тағдырларын тарих тоғыстырғандар да бар. Қазір өңірде үш мыңдай корей үлттының өкілі тұрады. «Тхоньил» атты этномәдени бірлестік құрып, үлттық салт-дәстүрлерін ұмыт қалдырмай, аймақтағы мәдени-көпшілік шараларға белсенді қатысып жүр. «Қылыш замандағы қасіретке 80 жыл толғанын



емес, корейлердің қазақ жерінде осынша уақыт бақытты, берекелі өмір сүріп жатқанын мереке ретінде атап өткіміз келді», – дейді белгілі ғалым Сергей Огай.
Салт-дәстүрлер әлеміне саяхат!



«Қазақ халқына мың алғыс!» ескерткішінің салтанатты ашылуы

Татар-башқұрт халықтарының «Сабантой» мерекесі. Сабантой татар тілінен аударғанда «Жер өңдеу мерекесі» деген ұғымды білдіреді. Дәстүр бойынша татар халқы бұл мерекені жиын-терім көп болсын деген ырыммен тойлаған. Бұл – татар-башқұрт халқының ежелден келе жатқан ұлық мерекесі. Оны кең тойласаң, бидай бітік шығады деген наным бар.

Еврей халқының «Пурим» мерекесі. Мерекенің өз тарихы бар. Ол Парсы хандығындағы Ахашверош атты патша кезінде еврейлердің өлімнен аман қалғанынан бастап тойланып келеді. Дәстүр бойынша, мереке барысында кең дастарқан жайылып, оған мерекелік тағамдар қойылады. Сондай-ақ, бұл күні «мишлоах манот» атты дәстүр жасалады. Оның аудармасы – тағамдарды бір-біріне жіберу. Адамдар бір-біріне тағамдар ұсынады. Әйелдер сыйлықтарды әйелдерге, ал еркектер еркектерге жолдайды. 2400 жыл бойы еврей халқы өздерін жойылудан сақтап қалған оқиганы «Пурим» мерекесі ретінде атап өтеді.

Корейлердің «Сольналь» мерекесі. Сольналь үшін ұлттық, отбасылық мереке болып табылады. Бұл күнде жақсы көңіл күйде болу жыл бойына жақсылықтардың көп болуына себепші болады, сондықтан да корей халқы бұл күнді кең ауқымды тойлайды. Корейлер мерекені табиғаттың жаңаурымен, көктемнің келуімен байланыстырады. Оның көне заманнан қалыптасқан көптеген салт-дәстүрлері де бар. Мәселен, балалардың ата-аналарын мерекемен құттықтау салты «себә» деп аталады. Корей халқының дәстүрі бойынша, жастар әке-шешелеріне үш рет тағымзым етіп, баталарын алады.

«Чусок» – корейлер үшін шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жылдан кейінгі маңызы жоғары екінші мейрам. Бұл күні ата-бабаларының басына барып, еске алу дастарқанын жайып, бейіт басына ең жақсы егін өнімдерін қалдыру дәстүрі қалыптасқан. Еске алу шаралары өткеннен кейін, мереке отбасы ортасында жалғасады.

Пасха – христиан дінінің ежелгі өрі ең маңызды мейрамы. Бұл күні православ сеніміндегілер шіркеуге барып, туған-туыстары мен жақындары үшін құдайға сиынады.

«Жавроноки» мерекесі ежелден келе жатқан славяндық мереке болып табылады. Қектемгі күннің екінші жартысында құстар жылы жақтан келіп, қектем шуағын әкеледі. Осы белгі егістерді бастауды білдіреді.

«Жавроноки» мерекесі әртүрлі салт-дәстүрлермен жалғасады. Мысалы: дәмді тоқаштар, құс бейнесі тәріздес қытырлықтарды балалар далаға алып шығып, қектемді шақырады.

Армян халқының «Терендез» мерекесі. «Терендез» мейрамының ең басты ерекшелігі аулаға от жағылып, ғашықтар қол ұстасып оттың ұстінен секіреді, оның мәні араларындағы сезімді нығайту. Ежелгі нағым-сенім бойынша, оттың ұстінен қолдарын үзбей секірген жұптың арасында ұрыс-керіс, отбасында түсініспеушілік орын алмайды.

Сонымен қатар, мерекеге жайылған дастарқаннан міндettі түрде дәм татуы керек, себебі бұл Жаңа жылдың жайлы болуына, егістіктің бітік шығуына бастама болады.

«Біздің баға жетпес байлығымыз – бабалардан өсиет бол қалған, халқымызға қасиет бол қонған береке-бірлігіміз. Құнды қазынамыз – тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыз» деген Мемлекет басшысының даналық сөзі ұзақ халқымен бірге 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүретін еліміз үшін өз құндылығын ешқашан жоғалтпақ емес. Бұгінде егемен елімізде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде, қолайлы жағдай жасалуда. Өзара түсіністік, ұстамдылық, әртүрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қаруа әдебі барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті.



Бейбітшілік пен келісім



**Барлық ұлттың салт-дәстүрін құрметтей –
әр қазақстандықтың парызы.**

Тапсырмалар:

Түсінік және жұмыс жасау деңгейін бағалау тапсырмаларын орындастырудар.

1) Пікір

Мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірлерінді бір сөйлеммен жеткізіндер.

2) Дәлел

Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдендер.

3) Мысал

Келтірілген өзіндік пікірді тағы да бір негіздеу үшін бір сөйлеммен мысал келтіріндер.

4) Қорытынды

Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен түйіндеңдер.

5) «Тілек ағашы»

Кері байланыс

Бүгінгі сабак туралы пікірлерінді білдіріп, «Тілек ағашына» жапсырындар.



§9. Тұған өлкө тарихының тірі қуәгерлері

Сабак аясында:

- тұған өлкө тарихының тірі қуәгерлерін сарапау категорияларын білесіндер: Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, ауған соғысының ардагерлері, тың игерушілер, құрметті тұрғындар, еңбегі сіңген педагогтер мен дәрігерлер есімдерімен таныс боласындар;
- соғыс және тыл ардагерлерінің ерліктері туралы білесіндер.

1939–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс өрті Еуропа, Азия, Африка тәрізді құрлықтарды, барлығы 22 млн шаршы шақырымдық аса зор кеңістікті шарпышған.

Тарихқа «Екінші дүниежүзілік соғыс» деген атпен енген сұрапыл жылдар 1939–1945 жылдардың арасын қамтиды. Оның ішінде болған Ұлы Отан соғысы (1941–1945 жж.) халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек үрпақ үшін жан қиды соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Қеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақстандықтар да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандықтар қатыспаған бірде-бір ұлken шайқас болмады. Бұл соғыс Қазақстан халқына да өз өсерін тигізіп, сол бір сұрапыл заманда бір ғана Атырау облысынан 42 мыңдан астам жауынгер соғысқа аттанған екен. Олардың 13 мыңы сол майдан даласынан оралған жоқ. Елге 29 мың жауынгер тірі жетіпті. Сондықтан да ардагерлерге қолдан келер құрметтің бәрін жасау – бүгінгі үрпақтың қасиетті парызы.

Останды жаудан азат ету үшін, енді аспанда қара бұлт төндірмеу үшін олар жастық шақтарын құрбан етті, Отан алдындағы жауапкершілікті жақсы сезініп, ерте есейді. Қолдарына қару алып, жауға қарсы аттанды. Жердің өр бөлігі үшін ажалмен бетпе-бет кездесті. Кейбірі жау қолында қаза тапса, кейбірі хабарсыз кетті. Майдангерлердің ерлігін есте сақтау, құрмет тұту – қазіргі үрпақтың парызы. Өкінішке қарай, сол сұрапыл соғыстың қуәгерлері жыл санап азайып келеді. Бірақ, олардың қаһармандығы – ерліктің символына айналуы тиіс.

Жұптық жұмыс

Осы соғысқа қатысқан өздерің білетін аталарың туралы
тәнисстырылым дайындаңдар.



Бұл соғысқа Атырау облысынан 42508 жерлесіміз аттанса, 13287-сі оралмады. Олардың арасында 9 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 4 адам Данқ Орденінің толық иегері, 344 адам түрлі орден-медальдармен марапатталды.

Соғыс – Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың басына түскен ауыртпалығы мол тарихи сын кезеңі болды. Осы сында халқымыз үлкен төзімділік танытты, қызыншылықтарды мойымай жеңе білді. Асқан ерлікпен шайқасып, Жеңісті жақыннатуға орасан зор үлес қосып, әлем алдындағы беделі асқақтай түсті.

Тыл ардагерлері

Қазақ халқының Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығына төтеп беріп, бостандыққа үмтүліп, жанын сала қорғаған қазақстандық батырлардың есімі өрқашан ел есінде сақталады.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын өйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

Сұрапыл соғыс жылдарында Атырау соғыс жағдайында деп жарияланған облыс болды. Сол кездерде Гурьев-Астрахан бағытындағы темір жол құрылышын салу өте маңызды болатын. Атырау мұнайы осы жол арқылы тасымалданды. Күні бүгінге дейін маңызын жоймаған темір жолды салуға атсалысқан Йсатайлық тірі куәгерлер Хатима Дайырқызы, Қажиденова Қайлаш, Исмағұлова Сақыш, Құмісбаева Зұлкарима тәрізді аналарымыз болды.

Соғыстың алдында Атырау өнірінде Доссор, Мақат, Сағыз, Байшонас, Ескене, Қосшағыл, Құлсары, Шұбырқұдық, Жақсымай мұнай орындары жұмыс жасаған. Осы кездерде еңбек еткен Сапар Қарымсақов, Сафи Өтебаев тәрізді мұнайшылар ел есінде. Мұнайшылардың ерен еңбегі жауынгерлердің мақтанышына айналған.

Соғыс жылдарында балықшылар да өз еңбекімен үлкен үлес қости. Т.Мұсағалиев, А.Байжігітова, А.Қисықбасов, М.Қосмұратов, Н.Ибрашев, Қ.Рысқалиев тәрізді балықшылар майданға мындаған центнер балық жіберіп, жауынгерлерді азықпен қамтамасыз етті. Балық комбинатының жұмысшылары өз еңбекақыларын «Қазақстан балықшылары» танк колоннасын құруға аударды. Олар қандай күшпен болса да жеңісті жақыннатуға деген үлкен сеніммен еңбек етті.

Тыл еңбеккерлерінің жұмысы соғыс кезіндегі халықтың ерен ерлігінің үлгісі болды. Тыл еңбеккерлері өз борышын өтей жүріп, Жеңіске үлестерін қости.

Жұптық жұмыс

Тылдағы еңбек туралы сахналық қойылым үйымдастырындар.



Ауған соғысының ардагерлері

Тарих жылнамасынан өзінің қаралы жылдарымен орын алған зұлматтың бірі – Ауған соғысы. Бұған 22 мың қазақстандық жауынгерлер қатысса, 1100 жауынгер қайтыс болды. Соғысқа облысымыздан 680 жауынгер қатысты. 208 жауынгер «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «За Отвагу» медалімен марапатталды. 14 адам хабар-ошарсыз жоғалғандар санатында.

Бұл соғыс – бір елдің ішкі саясатына басқа елдің араласуынан туындаған соғыс. Біз оған еріксіз күе болдық, қатыстық, боздақтарымыз құрбан болды.

Қаза тапқандар, елге аман оралғандар түрлі ордендермен, медальдармен марапатталған.

Ауған соғысында ерлік көрсеткен ерлердің батырлығы мен қайсарлығы ұрпақ есінде тарихтың бір бөлшегі болып мәңгі қалмақ.



Шығармашылық тапсырма:

Өзің білетін ауған соғысының ардагерлері туралы шағын эссе жазыңдар.

Шығармашылық тапсырма:

«Соғыс қасіреті» тақырыбында шығарма жазыңдар.

Атырау облысының Құрметті азаматтары

Киелі Атырау топырағында талай тарлан дүниеге келді. Олар ел басқару ісінде, өдебиет пен өнерде, спортта, педагогика мен деңсаулық сақтау, өнеркәсіп салаларында туған жерінің атын алышқа таратқан, есімдері елге аян болған.

Өтебаев Сафи 1909 жылы Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Құрметті мұнайшы, Қазақ КСР-інің Еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері. Бар өмірін, тәжірибесі мен білімін мұнай өндіру ісіне арнайды. Батыс өлкесінің төсінен сан мындаған мұнай көзін ашады, мұнай өнеркәсібін дамытады, жаңа зауыттармен қатар мұнайды тасымалдайтын құбырлар, темір жолдар салдыртады. Қазақ политехника институтының жанынан мұнай факультетін аштырып, Одақтың жоғары оқу орындарына жүзденген жастарды конкурстан тыс қабылдатады.



Көшеков Оңайбай 1925 жылы 10 ақпанда Еркінқала ауылдық кеңесінің Сарыөзек елді мекенінде дүниеге келген. Облыс басшысы болған кезде ірі Теніз мұнай кеңіші ашылып, Атырау-Ганюшкин жолы салынды, Атырау – Мақат – Құлсары, содан соң Индер – Сағыз – Миялы жолдарының құрылышы басталды, Мақат – Индер темір жолы салынды, облыстағы ауыл шаруашылығы дами бастады.

Мұқашев Саламат 1927 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Партия және кеңес қызыметкері. Төрт рет Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Жыл сайын ауданының Атырау және Ақтау қалаларының Құрметті азаматы.

Темірташев Құмар 1930 жылы Есбол (бұғінгі Индер) ауданының Бөдене ауылында дүниеге келген. 12 жыл үзбестен Теніз (Құрманғазы) ауданының ыстығына күйіп, сұрығына төзіп, үлкен біліктілікпен аудан көшін алға жетелейді. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендері мен бірнеше медальдары, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған, Құрманғазы ауданының Атырау облысының Құрметті азаматы.

Айтқалиев Құсайын 1930 жылы Махамбет ауданында туған. Үстаз, КСРО халық мұғалімі. Қазақ КСР халыққа білім беру саласының құрметті қызыметкері, Атырау облысының Құрметті азаматы.

Тасқынбаев Есен 1932 жылы Атырау облысының Жыл сайын ауданында дүниеге келген. Даңқты мұнайшы, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздік қызыметкері, Атырау облысының Құрметті азаматы, Қазақстан және КСРО жоғарғы мемлекеттік марапаттарының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы.

Ризуанов Қатимолла 1938 жылы казіргі Исатай ауданында қасиетті Нарын топырағында дүниеге келген. Атырау облысының, Исатай, Индер аудандарының Құрметті азаматы, Республикалық ардагерлер үйімінің «Құрмет белгісі» иегері және Орталық Кеңесінің мүшесі. Бұрынғы Гурьев обкомының бюро құра-мына сайланған. Қазір «Нұр Отан» партиясы облыстық бөлімшесі саяси кеңесінің бюро мүшесі.

Қарабалин Ұзакбай Сүлейменұлы 1947 жылы Атырау облысы Жыл сайын ауданы Қосшағыл ауылында дүниеге келген. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ экс-президенті, ғылым қайраткері, техника ғылымдарының кандидаты. «Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау» кафедрасы бойынша академиялық профессор. ҚазҰТУ-дың құрметті профессоры, «Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академияның академигі, 40-тан астам мақала, кітап жазған, 5 өнертапқыштық жаңалықтың авторы.

Шығармашылық тапсырма:

Олkenің «Құрметті азаматы» атағы берілген қоғам қайраткерлері туралы деректер жинақтаңдар.



Атырау өлкесінің ұстаздары

Ұстаз – жас үрпақтың рухани сөүлеткери, қоғам, халық өзінің болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, үлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде. Олардың есімдері облыс тарихының жарқын беттерінен орын алады.

Бұрынғы Гурьев қаласында жоғары оқу орнын ашу туралы мәселе Отан соғысына дейінгі кезеңдің өзінде құн тәртібіне қойылған болатын. Себебі облыс мектептері мен басқа да халық ағарту орындарының мұғалім кадрларына деген қажеттілігі күннен-күнге арта түсті. Қалада 1929 жылы ашылған бастауыш сыйнып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училищеден басқа бірде-бір оқу орны болмады.

1940 жылдың қыркүйек айының 1-інен бастап Гурьев мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Гурьев мұғалімдер институтының бірінші ректоры қазактың көрнекті ғалымы, Ә.Б.Тұрсынбаев болды.

Д.Баяндиеев, М.Абдулов, З.Алдамжаров, Қ.Сейталиев, С.Құсниденов, Ф.Нығметов, И.Тажимұратов, А.Жалғасов, Б.Сүлейменов, Қ.Досқалиев, Т.Жұманова, Е.Иманқұлов, Ф.Ажғалиев, А.Лұқпанов, Б.Жанетов, Х.Табылдиев, Қ.Қайырбекова тәрізді ұстаздардан төлім алғандар еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

Өлкемізге белгілі ұстаздар қатарында Қ.Дүтбаева, Д.Байбосынов, Қ.Рыссмағамбетов, Ф.Досымова, М.Тауғикова, Х.Дүйсембаева, Қ.Есмағамбетов, Қ.Жанғожина, Р.Зарифова, Х.Өмірғалиев, О.Сарқұнанов, Ф.Сарқытов т.б.бар.

Шығармашылық тапсырма:

«Ұстаз – ұлы есім» – өз ұстазың туралы бір үзік сыр

Атырау өңірінің дәрігерлері

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. Дәрігерлер – ғұмырын алғысқа лайықты істерге, өзге адамдардың денсаулығы мен өмірлеріне қамқор болуға арнаған жандар.

Қазақтан шыққан алғашқы фельшерлердің бірі, Атырау өңіріндегі алғашқы кәсіби дәрігерлердің бірі Қажығали Мәмеков жарты ғасырдың ұстінде туған халқына өз мамандығы бойынша қызмет көрсетті. Оба жүқпалы ауруының алдын алуда белсенді қызмет етіп, халықтың денсаулығын сақтауға үлес қосқан.

Бердиев Гүбайдолла (1885–1921 жж.) Алаш қозғалысының қайраткери, қазақтың жоғары білімді алғашқы мал дәрігерлерінің бірі, Гурьев уезі, Қараашығанақ ауылында дүниеге келген.

Қазан малдәрігерлік институтын бітіріп, Гурьев уезінің бас мал дәрігері болып жұмыс жасаған.

Ысқақов Абдош 1887 жылы Бекей губерниясының «Жасқұс» деген жерінде өмірге келген. Теңіз ауданында фельдшерлік пункт ашып, жергілікті халықтың денсаулығын сақтау ісіне белсене араласады.

ХХ ғасырдың басында медицина саласының дамуына үлес қосқан жерлесіміз Халел Досмұхамедов – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап насхаттаушы, шебер аудармашы.

Сұндетов Ахмет соғыс жылдарында дәрігерлік қызметімен елге елеулі еңбек сіңірген, Астрахан медицина институтын бітірген. «Ленин» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қазіргі уақытта Атырау медициналық колледжіне дәрігер есімі берілген.

Тапсырмалар

1. «Есімі мәңгі есімде» тақырыбына сақналық қойылым дайындаңдар. Өлкемізге танымал азаматтарға мінездеме беріндер.

(«ТВ-шоу», «кезбе тілші», «теледидар бағдарламасы» тәсілдерін қолдану арқылы)

адамгершілікті паш ету

ақиқатқа жүгіну

парасатқа тағзым ету

ізгілікті дәріптеу

жалғандықты, жамандықты өшкереleу

мойындай алу

2. «Болашақ үшін өзің қандай із қалдыrap едің?» тақырыбында эссе жазындар.



3. Стикерлерге сабақты бағалайтын сөздерді жазыңдар (мысалы, ұнады, қажет, пайдалы, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым және т.б.)

4. Мен біletін батырлар:

Батырлар есімдері	Өмірі (туған жылы, жері)	Ерлік істері	Майданы	Атағы

5. «Менің атам – майдангер». Өз туыстарыңдан Ұлы Отан соғысы кезіндегі соғыс туралы біletіндерін сұрап, өңгіме құрастырыңдар.

6. «Соғыстың тірі қуәгерлері» жылнамасын жаса. Ішіне барлық аудандарды кірістіріңдер.



Қазақ әдебиеті

§10. Менің тұған өлкем өлеңдер мен прозада

(Атырау – жауһар жырдың, сұлу сырдың Отаны)

Сабак аясында:

- тұған өлкенің табигаты және тарихы сипатталатын поэзиялық және прозалық шыгармалармен танысасыңдар;
- тұған өлкенің ақындары мен жазушылары туралы білесіңдер;
- олардың шыгармашылығы туралы деректер жинақтап, тұсаукесер дайындауда үйренеді;
- тұған өлке туралы өлеңдерді мәнерлеп оқуга, жатқа айтуда дағдыланасыңдар.

Зергер сөз

Атырау – бәріміз үшін де қасиетті мекен, қастерлі топырақ. Әрбір азамат оның тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, ең бастысы, адамын қадірлеп, өткенін сыйлай, бүгінгісін сезіне, келешегін қорғай білгені абзал. Қелер үрпақ қандай болады, ол мына сіз бен бізге байланысты.

И.Т. Тасмагамбетов

Атырау өлкесінің көркем сөз дәстүрі өте ертеде қалыптасқан. Ол уақыт өткен сайын шындалып, үрпақтан-үрпаққа жетіп отырған. Мұнда мағыналы өмір сүріп, иғілікті іс атқарып, өзі өлсе де өлмestей сөз, дара да сара жол салып, әділдікке, адамгершілікке баулитын өнегелі өсиет қалдырған небір дүлдүл ақындар мен дара жазушылар өмір сүрген.

Атырау – Асан Қайғы мен Қазтуғанды, Шалқиіз бен Жиембетті, Махамбет пен Шерниязды, Мұрат пен Үғылманды, олардың көркем сөз дәстүрін жалғастырушылар: Әбу Сәрсенбаев пен Хамит Ерғалиевті, Зейнолла Қабдоловты, Берқайыр Аманшин мен Есенжол Домбаевты, Фариза Оңғарсынова мен Жұмекен Нәжімденовті, Мендекеш Сатыбалдиев пен Нұралы Әжіғалиевты тағы басқа дара саңлақтарды өмірге әкелген қасиетті өлке.

Өнері мен азаматтық арды кіршіксіз сақтап өткен туған жердің түлектерін қастерлеп, ұлт мәдениетінің қайнар бұлағына үлес қосқан жергілікті ақын-жазушылардың өнері мен өнегесін үлгі етіп, шыгармаларын үрпаққа насиҳаттау – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақ әдебиетінің төлбасыларының бірі Қазтуған Сүйінішұлы шамамен XV ғасырдың 20–30-жылдарында Еділ бойында, қазіргі Астрахан облысының Красный Яр қаласы маңында туған. Көшпенде шонжарлар өулетінен шыққан Қазтуған Еділдің салалары Ақбұта, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы батыры болады. Қазтуған жыраудың артында өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан түрлі жырлардан мол мұра қалған. Бірақ жырларының көпшілігі сақталмаған. Бізге жеткен шыгармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң,



алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір» деп аталатын үш толғауы кең таралған.

Қазтуған Сүйінішұлы – өз заманының әрі батыры, әрі ақыны, әрі күйші, әрі биі, әрі шешені болған.

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы Шалқиіз Тіленшіұлы 1465 жылы Жайықтың шығыс жағалауында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылса да, арабша оқып, хат таныған. Өзге түркі тілдес халықтарға қарағанда шығармалары қазақ арасында ең көп сақталған жырау есімі «Шалгез» аталып кеткен. Шығармаларына қарағанда, жырау билікке араласумен бірге, бірде өскери жорықтар сапында, бірде өміршінің нөктері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын түгел аралап шығады. XVI ғасырдың 40-жылдары Қазақ Ордасына қайта оралған жырау бір ғасырға жуық ғұмыр кешіп, қайтыс болады.

Қазір Шалқиіздің бізге белгілі мұрасы – 760 жолдай. Оның 500 жолдайы қазақ арасынан, 260 жолдайы ногайлар арасынан жиналған. Жырлары түгелдей азаматтық, өлеуметтік лирикаларға жатады. Шалқиіздің бір шоғыр жыры Темір биге арналады. «Би Темірге айтқаны», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны», «Тор балаң құсты қолға алып», «Арық хан», «Боз үстінде от жаққан», «Мен иемнің күнінде» т.б. Оның барлық толғаулары – заман, өмір, мораль туралы дидактикалық шешендік туындылар.

Туган өлкеміздің ақындары қазақ поэзиясын дамытып, өзіндік үлес қосты. Ақындар қолтаңбасының өзіндік сипаты анық, қазақ поэзиясының дамуына әкелген жаңалықтары бар.

Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлы 1803 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын Бекетай құмы деген жерде туып, 1846 жылы қазан айының ішінде қазіргі Атырау облысының Индер ауданы Қараой өңірінде қос дүшпанның қолынан қапыда қаза табады. Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. Ел қандай болу керек деген сауалдарға өлеңдері арқылы жауап береді. Ақын өлендерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін құрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді де, әрқашан жігерлі, асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкеріледі, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабактасып отырады.



Махамбет – жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының жоғын жоқтап, мұндын мұндауға арнаған дауылпаз ақын. Ұлы жазушы М.Әуезов Махамбет поэзиясы туралы былай дейді: «Махамбет бұрынғы-соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең күштісі саналуға тиіс... Махамбет жырлары – өз заманындағы ең құнды, ең өсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы... Бұкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей ғып жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі».



Мұрат Мәңкеұлы (1843–1906) – айтыскер ақын, жырау. Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау деген жерде дүниеге келген. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиеленген. Ауыл молдасынан білім алған. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сенгіrbайұлына ұстаздық еткен. Мұрат Мәңкеұлы 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25 жасында Жаскелен, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, женіп шыққан. Ол өзінің өжет мінезі, өзіл-қалжынға ұсталығы, тапқырлығымен өрдайым жеңіске жеткен.

Мұрат Мәңкеұлы елінің тәуелсіздігін ансан, отарлауға қарсы жыр толғады. «Зар заман» ақыны атанды. Ата қонысының талауға түскеніне налыған ақын өзі туып-өскен даланың бұрынғы өткен күнін сағынышпен еске алған.

Ақынның басты шығармасы — «Үш қиян». Мұнда ақын бұрынғы дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылғанын сөз етеді. «Үш қиян» толғауымен «Сарыарқа», «Өттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе – жер, құтты қоныс жайы.



Әбу Сәрсенбаев (1905–1996) қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы Мақаш ауылдық округінің Алға ауылында туған. Әдебиетке 1930-жылдардың орта тұсында келді.

«Еділ толқыны» (1937), «Жүрек сыйы» (1938), «Ант» (1939), «Ақша бұлт» (1947) жыр жинақтары оның ақындық қарымын танытса, «Туған өлке» (1948), «Махаббат жыры» (1949), «Отан таңы» атты кітаптары Ұлы Отан соғысынан ке-йінгі жылдардағы еңбек қаһармандарының бейнесін жасауға арналған. Оның прозалық шығармаларының ішінде Каспий теңізшілерінің қажырлы еңбегіне, өміріне арналған «Теңіз өуендері» (1969) романының орны ерекше болса, «Толқында



туғандар» (1953) кітабында байырғы қазақ балықшы-жұмысшыларының ауыр тіршілігін шыншылдықпен бейнелейді.

Хамит Ергалиев (1916–1997) Атырау облысы Махамбет ауданында дүниеге келген. Оралдағы педагогика институтының филология факультетінде оқыған. Тұңғыш өлеңдері бұрынғы Гурьев облыстық газетінде 1936 жылы жарияланды. Ол көптеген өлеңдер, публицистикалық мақалалар, эпикалық поэмалар, прозалық шығармалар жазды. 20-дан астам кітаптың авторы. Ақын шығармашылығының тақырыбы әр алуан. Ол қазақ халқының өткен өмірін, майдан мен тылдың бірлігін, жауынгерлердің ерлігі мен тыл адамдарының еңбегін, соғыстан кейінгі ілгеріге қадам басқан бүкілхалықтық қозғалысты жырлады.

Нәбиден Әбуталиев 1928 жылы 18 мамырда Атырау облысы Исатай ауданы Молшағыл ауылында дүниеге келген. Қаламы қарымды қаламгер, заманына сай өзекті ой тербей білетін журналист. «Ақ Жайық» атты тұңғыш өлеңі 1943 жылы жарияланды. «Қайран Нарын», «Өттің, дүние» атты екі повесть, «Наркескен» романының авторы. «Өттің, дүние» атты тарихи драмасы М.Әуезов театрында қойылған (1992). Ол Э.Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау», «Мереке қызық мол жылдар» атты шығармаларын, орыс жазушысы С.Сартаковтың «Тау самалы» деген атпен бірнеше повестерін, моңғол жазушысы Б.Чойндонның «Ұлы Гобиде» атты повесін, В.Пикульдің, Ә.Бикчентаевтың әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Медальдармен, «Баспасөз үздігі» белгісімен марапатталған.



Жұмекен Сабырұлы Нежімеденов (1935–1983)

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Қошалак мекенінде дүниеге келген. Көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.

Жұмекен Нежімеденовтің алғашқы «Балауса» лирикалық жинағы 1961 жылы жарық көрді. Төрт жылдан кейін «Жок, ұмытуға болмайды» атты поэмалар жинағы шықты. Ж.Нежімеденовтің тірі кезінде барлығы он өлеңдер жинағы мен «Ақ шағыл» (1973), «Кішкентай» (1975), «Даңқ пен дақпырт» (1978) атты үш романы басылды.



Артық болмас білгенің

Жұмекен Нәжімеденов – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әндираны мәтінінің телавторы. «Менің Қазақстанным» өлеңі оның шығармашылық жолының басында, ақынның 21 жасында жазылған.

Мендекеш Сатыбалдиев (1937–1973) Атырау облысының Жылдый ауданы Аманкелді ауыл қеңесінде туған. Өдебиетке 60-жылдары келді. Шығармалары «Ақ моншақ» 1966 жылы, «Шулайды толқын» 1968 жылы, «Жартастағы жазулар» очерктері 1970 жылы, «Күн шуағы» 1970 жылы, «Қызығыш құс» 1975 жылы жарық көрген. Мендекеш жырларының киесі де, иесі де туған Атырауы мен Маңғыстауы еді. Ол осы өлкені зор махаббатпен, өлшеусіз сағынышпен жырға қосты.



Нұралы Әжіғалиев (1939–2005) Атырау облысы Исатай ауданы Бабан ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Атырау педагогика институтының филология факультетін оқып тамамдаған. Атырау облысы Ембі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы және облыстық, бірнеше аудандық газеттерде жауапты қызметтер атқарған. «Жаңғырығы жанымның», «Тағдырым осы тандаған» атты жыр жинақтарының авторы. Соңғы жинағы үшін 1999 жылы республикалық Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Фариза Онғарсынова (1939–2014) қазіргі Атырау облысының Новобогат ауданындағы Манаш ауылында дүниеге келген. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Сандугаш» 1966 жылы жарық көрді. «Маңғыстау маржандары» (1969), «Мазасыз шақ» (1972), «Асау толқын» (1973), «Мен сенің жүрегіндемін» (1975), «Шілде» (1978), «Сенің махаббатың» (1979), «Сұхбат» (1983), «Дая» (1985) т.б. өлең кітаптарының авторы.

Ф.Оңғарсынова поэзияға соны леп өкелді. Махамбет жырларынан нәр алған ақын өр мінезімен, өршіл жырларымен дараланды.

Ол «Құрмет белгісі», I дәрежелі «Достық», «Парасат» ордендерімен, медаль- дармен марапатталған.



Туган өлкеміздің әдеби прозалық мұрасы адамның ешқашан таусылып, сарқылмайтын рухани байлығы болып, Отанымызға деген мақтаныш сезімін оятағы. Қазіргі кезде жерлес жазушыларымыздың әдеби мұраларын тануымызға мол мүмкіндік бар.

Зейнолла Қабдолов (1927–2006) Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде мұнайшылар отбасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс алған. 1950 жылдан өмірінің соңына дейін осы университетте ұстаздық қызмет атқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, әдеби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ұстаздықта – профессор, ғылымда – академик, көркем шығармашылықта халық жазушысы деген атақтарға ие болды.



Зейнолла Қабдолов шығармашылық жолын өлеңнен бастап, кейін проза, көркем аударма, ғылыми-зерттеу салаларында еңбек етті. Проза саласында «Үшқын» (1951), «Жалын» (1962–64), 1997 жылды «Менің Әуезовім» және Махамбеттің өмірі мен өлімі туралы аяқталмай қалған «Махамбет» («Мұз үстінде от жаққан») романдарын жазып қалдырган.

Рахымжан Отарбаев (1956–2018) Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Жазушының өр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысынды естідім», «Отверженный мир» прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Жекелеген шығармалары түрік, араб, ағылшын тілдерінде басылған.

«Бейбарыс сұлтан», «Бас», «Нашақор жайлы новелла», «Нұржаяған ғұмыр», «Сырым батыр», «Мұстафа Шоқай» сынды пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.



Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі.



Поэзия (гр. *poiesis*, *poieo* – жасаймын, тудырамын) – өлең үлгісіндеғі әдеби туындылар. Поэзия сөздің ырғактық құрылышына, үйқасына негізделеді.

Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет – өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдалап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу.





Сұрақтар мен тапсырмалар



1-тапсырма Атырау өлкесінен шыққан ақын-жазушылар жайында не білесіндер? Оқулықтағы ақын-жазушылар туралы мәліметтерді пайдалана отырып, өз ойларыңды ортага салыңдар.



2-тапсырма. Ақын-жазушылардың шығармаларын сөйкестендіріңдер.

Әбу Сәрсенбаев		«Үш қиян»
Мұрат Мәңкеұлы		«Ақ шағыл»
Нәбиден Әбуталиев		«Ақша бұлт»
Жұмекен Нәжімеденов		«Асау толқын»
Мендекеш Сатыбалдиев		«Ақ Жайық»
Фариза Онғарсынова		«Жайық жыры»
Зейнолла Қабдолов		«Шулайды толқын»
Рахымжан Отарбаев		«Үшқын»



3-тапсырма. Тұған өлкесі, елі мен жері туралы жырлаған тарихи тұлға – жырау, батырлардың қандай шығармаларын білесің? Бір өлеңін жатқа айт.



4-тапсырма. Атырау туралы жырлаған ақындардың өлеңдерінен жер-су атауларын тауып, олардың қандай мекен екенін анықтаңдар.



5-тапсырма. Өз тұған ауылың немесе тұрган жерің туралы жазылған шығармалар туралы мәліметтер жинақтаңдар және сол мәліметтер бойынша таныстырылым дайындаңдар.



§11. Өлкені сипаттау өнері

Күтілетін нәтижелер:

- Мәтіннің ақпараттық, көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдайды.
- Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алгашиқ дағдыларын меңгереді.

Қоғамдағы ерекше саланың бірі – өнер. Өнердің бірнеше түрі болады. Сол сияқты олардың қолданатын құралдары да түрліше. Мысалы, суретшінің құралы – бояу болса, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл. Демек, әдебиет – сөз өнері.

Өнердің ішіндегі ең бір қадірлі де қасиеттісі – сөз өнері.

Бейнелеу, сөулет, мұсін өнерлери нақты, затты болғанымен, жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылтып, құлпыртып көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін өнердің ең қыны және құрделісі десек, халқымыздың «өнер алды – қызыл тіл» деген мақалы да соны растайды.

Көркем әдебиет адамның бүкіл ой-қиялын, сыр-мінезін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, қүйіндіреді, жылатады, құлдіреді. Қысқасы, адамның көңіл қүйінде сан түрлі құбылыстар туғызады. Мұның барлығы – жазушының тіл шеберлігінің, сөз салтау ерекшелігінің бір көрінісі. Әдеби тілдің көркемдігін айқындайтын көріктеу құралдары болады. Шығарманың көркемдігі мен тілінің өсерлілігі осы көріктеу құралдарының қолданылуына байланысты өрбиді. Әдеби-



Есте сақта!

Қазақ тілінің батыс диалектісі – Қазақстанның Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында, Қостанай және Қызылорда өнірлерінің кей аудандарында таралған қазақ тілінің негізгі үш диалектісінің бірі. Қазақстанның батыс облыстары мен олардың тәнірегіндегі көрші мемлекеттердегі қазақтардың тілін зерттеушілер бөлек диалект ретінде қарастырғанымен, қазақ тілі диалектілерінің арасында азғантай ғана айырмашылық бар

СЕКЕР қант. Дүкенге секер түсіпті.

НӘН Үлкен, дәу, зор.

Суда жүзген нән балық,

Шағала құсқа жем болар (Махамбет, Өлеңдері., 1989.).

Сол тәске білектей жуан темірді жастап қойып, шеберлеп нән балтамен ынқыңқ соғады (Ә. Нұрпейісов)

КӨПШІК бір кісілік кішкене жастық. Көкесі алдымен шабдардың шап айылын көреді, сонан соң көвшікті қайта тартады (Ж. Нәжімеденов)

НЕ ЗАТ? не, не нәрсе?

Аға, бұл не зат? – Бұл қарақшы, балақай (Ә. Сәрсенбаев).





етте мұндағы көріктеу құралдарының түрлері өте көп. Қөркем өдебиетте көріктеу құралдарының түрлері жиі қолданылып, өдеби шығарманың көркемдік қуатын арттырады. Бұл ақын-жазушылар шығармаларында көптеп кездеседі.

Ақын, драматург, жазушы **Берқайыр Аманшин** (1924–1985) – «Жетісү-Жайық», «Бұтақтағы бұлбұлдар», «Менің өмірбаяным», т.б. прозалық шығармалардың авторы. Ол Махамбет пен Ығылман ақын шығармашылығын жариялауда елеулі қызмет атқарды. Қаламгердің «Даладағы дауыл» туындысы да Исадай-Махамбет бастаған көтерілісті суреттейді. Әр оқиға тұсында ерлер бейнесін суреттеу кезінде жазушы көркемдік тәсілдерді үтқыр қолдана отырып, есте қаларлықтай жарқын бейне сомдай білген.



Әдебиетіміздегі тағы бір өзіндік қолтаңбасымен, тілінің көркемдік қуатымен оқырманың ерекше баурай білген жазушы, драматург – **Есенжол Домбаев** (1938–2015).

Жазушы қаламынан туған «Болмаған оқиға», «Менің бауырларым» повестері, «Ол осындағы адам» әңгімесі, «Біздің кластың қыздары» өзіл әңгімесі, «Жаман Жәутік» т.б. романндары бар. Аударма саласында да өнімді еңбек етіп, Н.Гогольдің «Мұрын» повесін, Салтыков-Шедриннің «Бір қаланың тарихы» романын, болгар сатиригі Чудомирдің «Ескерткіш» әңгімесін қазақ тілінде сөйлеткен.



Жазушы **Мағзом Сұндетов** (1936–1999) те өзіндік көркемдік ерекшелігімен оқырман жүргегінен орын алды. 29 қаңтарда Атырау облысы Доссор ауданында дүниеге келген. Тұңғыш әңгімелер жинағы «Жол айрығы» деген атпен 1961 жылы басылып шықты. Жазушының көптеген туындылары неміс, чех, венгр, югослав тағы басқа тілдерге аударылды. Оның «Еліктің лағы», «Ескексіз қайық», «Бесқонақ», «Бозінген», «Балық аулай барғанда», «Касқалдақ» әңгімелері, «Күтем сені, Дидар», «Шайтан базар», «От ішіндегі адам», «Құмдағы ауыл» повестері бар.

Халқымыздың көрнекті жазушысы **Ілияс Есенберлин**: «Оның шығармаларында өзіне тән екі қасиеті бар. Бірі – Мағзом Сұндетов ауыл өмірін, өзі ескен қоғам ортасын өте жақсы біледі. Сондықтан бұның шығармаларында ойдан шығарылған, үйқаспай жатқан сюжет елестері болмайды. Оқырманның алдына жайып тастағанының бәрі нанымды келеді. Екінші – Мағзом кітаптарының аттары шығармасының тақырыбына сәйкес, тартымды келеді. Кітапқа дұрыс тақырып қою, бұл да жазушының шеберлігіне байланысты»



деп баға берген. Шынымен де, жазушы шығармаларында ауыл көрінісі, адамдар өмірі, табиғат пен адамның байланысы, өлкенің табиғаты ерекше сипат тапқан.

Кітап сұйерлер үшін



Мағзом Сұндетовтің «Бесқонақ», «Бозінгөн», Есенжол Домбаевтың «Біздің кластың қыздары» әңгімелерін оқып, мазмұнымен танысыңдар.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1-тапсырма. Берілген ақпаратпен танысып, кестені толтырыңдар.

! – Білемін	- Білгеніме сәйкес келмеді	+ Жаңа ақпарат	?- тереңірек білгім келеді белгілерін қоя, оқы отырып, мәтіндең ақпараттан табыңдар.

2-тапсырма. Сәйкестендіру

«Болмаған оқиға» повесінің авторы	Берқайыр Аманшин
Бір зат пен екінші заттың ұқсастығына байланысты ауыстырып айту	«Даладағы дауыл»
«Құтем сені, Дидар», «Қасқалдақ» әңгімелерінің авторы	Әдеби жанр, қарасөзбен жазылған көркем шығарма (әңгіме, повесть, роман)
«Жетісу-Жайық», «Бұтақтағы бұлбұлдар», «Менің өмірбаяным» т.б. прозалық шығармалардың авторы	Илияс Есенберлин
Проза	Есенжол Домбаев



«Оның шығармаларында өзіне тән екі қасиеті бар. Бірі – Мағзом Сұндетов ауыл өмірін, өзі өскен қоғам ортасын өте жақсы біледі. Сондықтан бұның шығармаларында ойдан шыгарылған, үйқаспай жатқан сюжет елестері болмайды.» деген пікірді кім айтқан?

Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс суретtelген шығарма

Метафора

Мағзом Сұндетов

3-тапсырма. «Туған жер таланттары» тақырыбында жергілікті жазушылар туралы таныстырылым дайындандар.

4-тапсырма. Қөріктеу құралдарын пайдалана отырып, өз туған өлкен туралы шағын әссе жазындар.



Музыка

§12. Туган жердің таланттары

Күтілетін нағылар:

- туган өлкенің жырышы-термеші, әниң және сазгерлерінің шығармашылығы туралы әңгімелей білу.

Атырау – ежелден өн мен жырдың, күйдің өлкесі. Өнерлі қауым екі ішекті аспаптың сазын атадан балаға мұра еткен. Құдіретті қүйшілер, дүлдүл өншілер, жырышы-термешілер өмір сүрген. Дәстүрлі өн өнерінде Мұхиттың өншілік, Шерни-яздың жыршылық өнерін, ұлы күйші Құрманғазы мұрасын біздің заманымызға жеткізген және жалғастыруши өнерпаздар аз емес.

Туган өлкеден шыққан сазгер-композиторлардың әртүрлі тақырыпта жазылған шығармалары да халық арасына кең таралуда. Шығармаларын елі сүйіп тыңдайтын, өншілер таласа орындайтын Атырау өңірінің композиторлары Зәмзәм Есжанованаң, Самат Мәдиевтің, Жалғас Назаровтың, Айтқали Жайыловтың, Талапқали Зайнуллиннің, Болат Кохамановтың, Табылды Досымовтың, балалар композиторы Қосай Мұқаштың, т.б өндерінен байтақ жерімізге, елімізге деген ыстық ықылас, мейірім, сүйіспеншілік сезімдері байқалады.

Олкеміздің әсем табиғатын, сұлу көрінісін, тарихи болмысын өнге бөлекен, «Еділ мен Жайық» өнінің авторы, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның «Парасат»,

Қырғызстанның «Дәнекер» ордендерінің иегері, көрнекті композитор, жазушы, музика зерттеушісі **Илия Жақанов** – туган жер таланттарының бірегейлерінің бірі. Илия Жақановтың «Доссор вальсі», «Ару қала – Құлсары», «Ағады Жайық, ағады» өндері мұнайлы өлкенің адамдары мен табиғатына деген сүйіспеншілікке, махаббатқа толы.



Жауыров Орақ – Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптар оркестірінің бас дирижері. Музыка мектептеріне арналған «Орақтың 10 этюді» жаттығу оқулықтары, «Жайық асу» халық аспаптарына арналған партитуралар кітаптарының авторы. Оркестрге арналған 50-ден астам партитуrasesы қолданыста жүр.





Қазақ жерінің сайын даласы өзіндей шалқар, дарқан дара таланттарға толы. Осындай таланттың бірегейлерінің бірі, қазақтың тұңғыш бард ақыны **Табылды Досымов** (1965–2010) болатын.

Бард – біздіңше жырау. Бардизм португалия халқының гитарамен айтылатын жеңіс жырларынан бастау алады. Сол бір жеңіс тұғырынан көрінген тәуелсіздік «Желтоқсандағы жыр-өн», «Қазақ едім дегенше...», «Өзілет диалогі» және т.б. жырларының өмірге келуіне себепші болды.

Алаштың ұлы, Аяштың ұлы Табылдының бардтық өндерін тыңдаған жан еңсесін көтеріп, «елім» деп еміреніп, «жүртім» деп жалындайтыны анық.


Ол – сонымен қатар лирикалық өндердің авторы. Оның «Анама хат», «Қызы махаббаты», «Солдат сағынышы», «Мен саған ғашық емес ем», «Астананың аруы», «Жыртпаши хаттарымды», «Ештеңе де керек емес», «Ұнатамын мен сені», «Кел, Наурыз!» т.б. өндері терең сезімге толы.



Жергілікті композитор **Болат Кохамановтың** «Атырауарман» өні Атыраудың бейресми өнураннына айналды, оны өлкеміздің әрбір тұрғыны біледі. «Жапырақ-жүрек», «Менің күнім», «Сен ғана», «Жаңа жыл», «Айша бибі», «Өмір, сен», «Жүргім – жүргінде», «Қызы арманы», «Мөлдір сезім», «Жайықтың толқындары», т.б. өндері өз тыңдармандарын тапты.

Атырау өңірінің тума таланты, талай халықаралық фестивальдардың лауреаты, жиырма бір жасында Еңбегі сіңген әртіс, отыз бір жасында халық әртісі атанған **Гүлжан Талпақова** Атырау қаласында дүниеге келген. Алматы эстрада-цирк өнері студиясын Шара Жиенқұлованың халық биі класы бойынша бітіріп, Мәскеу эстрада студиясында тәжірибе жинақтаудан өткен. Биші, Қазақстанның халық әртісі Г. Талпақова – София қаласында өткен Жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінің лауреаты.

Ол дүние жүзі халықтарының көпшілігінің билерін үйреніп, қазақ сахнасына шығарған. Гүлжан Талпақова – өлемнің 52 елінің сахнасында «Қуыршақ биі», «Алмас қырғауыл», «Өлия», «Айдан қызы», «Қос алқа» сынды қазақ билерін билеп, өзбектің «Хорезм биі» мен бірқатар Азия халықтарының билерін өнер айдынына алып шығып, би өнерінің талай асула-



рын бағындырган биши. Гастрольдік сапармен Болгарияда, Германияда, Моңголияда, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде (Бирма, Малайзия, Сингапур, Шри Ланка), Ундістанда, Жапонияда, Иранда, Тайландта, Финляндияда, АҚШ-та болған.

Мұхит мектебінің ізбасары, Фариғолла Құрманғалиевтің шәкірті, дәстүрлі өн өнерінің өкілі, ҚР мәдениет қайраткері Гүлмайдан Сұндетова – отыз жылдан бері алаш аспанын өнге бөлеп жүрген талантты өншілердің бірі, республикалық Әміре Қашаубаев атындағы өн байқауының жүлдегері, Қерекуде өткен Майра Үәлиқызы атындағы республикалық байқаудың лауреаты. «Қерекудің Майрасы» атанған күміс көмей өнші ақын Сара рөлін сомдап, көрерменді таланттымен тәнті еткен нағыз дарын иесі. Ол – бұл күндері Атырау облыстық Нұрмұхан Жантөрин атындағы филармонияның белді өншісі.

Туған жер топырағы Гүлмайдан Сұндетованың сазгерлік қасиетіне көп септігін тигізіп, ол кіндік қаны тамған Нарын құмының қасиеті, бабалар сыры жайлышы жаңынан өн шығарды.



Батыс өншілік мектебінің майталманы Фариғолла Құрманғалиевтің стилін жалғастырушы өнші, термеші Қайрат Сайлауұлы Қакимов – еліміздің көптеген қалаларында, Ресейде, Катарда, Мароккода қазақ өнерін насиҳаттап жүрген талантты өнер иелерінің бірі, Атырау облыстық Дина Нұрпейісова атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің жеке өнші-орындаушысы. 2001 жылы Мұхит атындағы Республикалық өншілер байқауында I-орынды иеленеді. Сол жылы Астана қаласында «Шабыт» халықаралық фестивалінде бас бәйгеге ие болды.



Тапсырмалар

1. Композиторлардың шығармаларын жаз:

Композиорлар	Шығармалары
Қ.Мұқаш	
Н.Төлегенов	
М.Дауылбаев	
Қ.Жұмаев	
Ш.Шәріпов	

2. М.Фаббасов, Ж.Назаров, Н.Имашев туралы ақпарат ізде. Өндерін орында.

Өн шырқайық! АТЫРАУ – АРМАН

*Б. Қохаманов
М. Ерширова*

Атырау – ардақты өлкем, арманды өлкем.
Алаулап жанған көркем, түр алда ертең.
Аңсап келіп алыстан, жан сырымды шертемін.
Толқыныңмен жарыскан, мен де бір еркең.
Аққудың қалқып өні, көңілің шалқыған.
Жайықтың шолпылары, өзіңе тең бар ма екен?

Қайырмасы:

Атырау қалам –abyroy, мақтанышым.
Аспанда жүр шат даусың, жеріме бақ дарысын.
Нұр қалам менің, жыр қалам менің.



7-СЫНЫП

Қазақстан тарихы **(4 сағат)**



Қазақ әдебиеті **(2 сағат)**



География **(2 сағат)**



Қазақстан тарихы

§13. Туристік маршруттар

Есіне түсір!

Сабак аясында:

- туристік маршрут дегеннің не екенін білесіңдер;
- туристік маршруттар құрастырудың алғашқы дагдыларын меңгересіңдер.

Еліміздің батысындағы
қандай ескерткіштерді
білесің?

Атырау облысы өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер – халық қазынасы болумен қатар, осы өңірлерге Олар: келуші туристерге танымдық бағытта ұсынуға болатын мүмкіндіктердің бірі. Жылъыой ауданындағы «Қамыскөл», Индердегі «Тұздықөлдің» шипалы балшығы, Еркінқала ауылы жанындағы «Жасыл арал», Каспий теңізінің ен жағалауы, Атырау және Ақтөбе облыстарының шекарасында орналасқан Ақтолағай үстірті, Жылъыой ауданындағы Ақтолағай, Ақкегершін, Иманқара таулары, Құрманғазы ауданындағы «Бесшоқының үңгірі» және Амангелді ауылдық округі маңайындағы «Ақ Жайық» резерваты, Құрманғазы ауданындағы Қиғаш өзенінің бойы.

Туризм – саяхат сөзімен тығыз байланысты. Ел экономикасын дамыту үшін шетелдерден келген туристерге арнап облысымызда 4 бағытта туристік саяхат маршруттарын үйімдастырған тиімді.

Шығыс бағыттағы Атырау-Құлсары-Атырау туристік маршруты. Жалпы ұзындығы 231 км. Атыраудан кейінгі Қарабатан – емдік балшығы бар қасиетті жер. Атыраудан 60 км қашықтықта. Қарабатаннан кейін Оңай ата зираты бар.

Бұл маңызды

Тірек сөздер:
Аралтөбе
Жолай
Сарышағыл
Қорғанша
Сенек қорғаны
Сарайшық
Ақтөбе-Лаэти

Бұл маңызды

Тірек сөздер:
Алып ана,
Таскешу,
Байбақты ата,
Ақмешіт,
Ақкегершін,
Ақтолағай,
Иманқара,
Ұшқаната

Бұл маңызды

Жұптық жұмыс:
Көтеріліс болған жер-
дерді картадан табу



Келесі бекет – Доссор және Мақат кенттері. Одан кейін 1997 жылы Құлсары қаласынан шығысқа қарай 70 шақырым жерде Аққиізтогай ауылының аумағында маңызды тарихи ескерткіштер – Алтын киімді сармат дәуірінің көсемі табылған Арас тәбе, Әулие Бекет атаның анасы жерленген Ақмешіт, Құлшан ата қорымдары, Атағозиев Байжанның бейіті және оған арналған ескерткіш, «Тас кешу» керуен сарайы бар.

Таскешу керуен сарайы – Мақат кентінен шығысқа қарай 38 шақырым жерде, Мақат, Қызылқоға, Жылдың аудандарының шекара қылышында, Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында, Алтын Орда дәуірінде Үстірт қыраты арқылы Сарайшық пен көне Үргеніш қаласын қосатын «Ноғай жолы» бойында орналасқан. Керуен сарай сауда керуендері мен саяхатшыларға қызмет ететін қонақ үй қызметін атқарған. Сарайдың бұрыштары мен сыртқы қабырғаларының орта тұстарында алыстан келе жатқан керуенге бағыт беру мақсатында мұнаралар салынған.

Ақмешіт – тек тарихи және көркем орынғана емес, сонымен қатар зор рухани мағынаға ие болатын ескерткіштердің ансамблі. Ансамбль Атырау облысының Жылдың ауданында Аққиізтогай аулынан солтүстік-шығысқа қарай 28 шақырым жерде орналасқан.

Ансамбльдің негізгі нысаны – Жем өзені бойында орналасқан жер асты мешіті. Аңыз бойынша, бұл мешітті XIX ғасырдың басында Бекет атаның шекірті Құлшан салған.

Ақкегершін, Ақтолағай қыраттары. Құлсары қаласынан 60 км қашықтықта орналасқан Ақкегершін қыраты және Ақтөбе облысымен шекаралас жатқан Ақтолағай қыраты – табиғаттың тамаша бір бөлшегі. Бұл борлы үстірт бір кездері теңіздің түбі болған. Сондықтан да дәл осы жерлерде тасқа айналған ұлулардың, кораллдардың, теңіз кірпілерінің және басқа ондаған миллион жыл бұрын тіршілік еткен теңіз фаунасы өкілдерінің көптеген қалдықтарын табуға болады. Ежелгі акулалардың, ихтиозаврлар мен динозаврлардың сүйектері мен тістері, бүгінгі күні табиғатқа беймәлім өсімдіктердің қалдықтары, тасқа айналған ағаштар — бұл сан алуан түрлерді тізбектеп өту мүмкін емес. Бұл бір уақытта осы жерде қайнаған тіршіліктің болғандығын аңғартады. Ал қазір Ақтолағай даласы – адам аяғы сирек басатын мекен. Шөлді және сортаң топырақты ұшыра соққан жел мен күннен қорғайтын көлеңкелі орын табуға болатын таңданарлық түрпаттағы ақ қарлы жартастар – қызықты оқиға іздеушілерге таптырмайтын орын.

Иманқара үңгірі Жылдың ауданы Құлсары кентінің солтүстік шығыс бетінде орналасқан. Ұзындығы – 2 шақырым, ені – 300 метр, биіктігі – 200 метр. Белгілі археолог, академик Зейнолла Самашевтың зерттеуінше, Иманқарада сарматтар жерленген. Жергілікті халық бұл жерді «қасиетті» деп біледі. Тауға барып түнеп, құлшылық етушілер де кездеседі. Бұл үрдіс ерте темір дәуірінен басталғанға ұқсайды. Таудың батыс жақ етегінде асфальт құрамды тау жынысында үңгір орналасқан. Үңгір де тау атымен ел ішінде «Иманқара үңгірі» деп аталады.

Үшқан ата қорымы Жылдың ауданы Құлсары қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Қорымның атауы осы жерде



жерленген өулие Үшқан атага байланысты. Алайда, басқа да жорамалдар бойынша атау «үш аққан» немесе «үш қан» сөзінен шыққан делініп, XVIII ғасырдағы қалмақ-торғауиттар мен қазақтар арасындағы қанды қырғындармен байланыстырылады. Уақыты XIV–XX ғасыр аралығын қамтиды. Зират тұщы сулы бұлағы бар Алтын Орда дәүіріндегі қалашықтың жанында пайдада болған.

Міне, осындай қойнауы мұнай мен газга, қалаберді тарихқа толы Атырау-Құлсары-Атырау бағытындағы саяхат маршуты аяқталады.

Батыс бағыттағы **Атырау-Ганюшкино-Атырау** маршрутты, Атырау-Астрахан автомагистралі бойымен өтетін маршрут болады. Жалпы ұзындығы 244 км. Атырау қаласынан шыққанда ең алдымен кең далалы жерлер өтеді. Жолда 17 темір жол бекеті бар. Бұл жер Атырау-Астрахан темір жолының бойында орналасқан. Содан кейін 35 км қашықтықта Байшақа өзегі кездеседі. Байшақа – Атырау қаласынан Аққыстау ауылы аралығында жолаушылардың аялдалап, демалатын орны. Жері майса, көктемде арнасы суға толады. Ұзын көпірі бар. Сосын Нарынның наркесекені Нұралы ақынның бейіті кездеседі. Аққыстау ауылы Қаспий теңізінен 40 км, Атырау қаласынан 78 км жерде орналасқан. Мұнда Исатай Тайманұлының тарихи өлкетану музейі, музей алдында И.Тайманұлының ескерткіші бар.

«**Таскран**» шекаралық белгісі – Аққыстау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жерде, Атырау-Астрахан автокөлік жолының бойында орналасқан. 1870-жылдарың басында саман тас пен қамыстан тұрғызылған. Орал өнірі өз алдына облыс болып Орынбор губерниясынан бөлініп, Астрахан губерниясына берілгенде екі губернияның арасын бөліп тұрған шекарарадағы белгі болған. Одан кейін – Жанбай ауылы. Жанбай ауылынан өрі қарай жүргенде жолдың оң жағында ақ күмбезді мазар тұр. Бұл – Забурын ауылының тұрғыны Өулие Зинеден Қарасұлының мазары. Содан кейін – Ганюшкино селосы. Ганюшкино Атырау қаласынан 245 шақырым, Ресейдің Астрахан қаласынан 113 шақырым жерде орналасқан. Аудан аумағында 2001 жылдың құрылған Новинский мемлекеттік зоологиялық қорықшасы бар. Азғыр даласының Бесшоқы тауының қырқалары кездеседі. Елдің аузында жүрген әңгімелерге сүйенсек, сол маңда қазына жасырылған Кененбай үңгірі кездеседі. Жергілікті азаматтар бұл үңгірде қалмақтармен шайқас кезінде жасырылған алтын мен күмістер болуы мүмкін екенін айтады.

Құрманғазы ауданы – Атырау облысының солтүстік-батысындағы өкімшілік бөлік. Аудан аумағын бірнеше өзендер кесіп өтеді. Соның ең ірісі – Қығаш өзені. Ауданда балық аулауга арналған бірнеше демалыс орындары бар. Соның ішіндегі «Қығаш» демалыс орны келушілерге жоғары деңгейдегі қызмет түрін көрсетеді. Осы өнірде қоғам қайраткері Мақаш Әкім қорымы бар.

Солтүстік бағыттағы маршрут – **Атырау-Индер-Атырау** бағыты. Бұл Махамбет ауданының аумағымен өтеді. Ал, бұл жерде ортағасырлық Сарайшық орналасқан. Осы бағыттағы Атырау-Орал автомагистралі өте жақсы. Және туристер үшін жағдайлар қарастырылған. Тек мұнда қонақүй және турақты көлік мәселеріне

назар аударылса, зор болашағы бар маршрут. Сарайшық – Атырау қаласының солтүстігінен 55 км жерде Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан ортағасырлық қала. Қала іргесі XI ғасырда қаланған. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бел Қырымды, Қарақорымды Қытаймен байланыстырған керуен жолы бойындағы маңызды діни, саяси-экономикалық орталық. Алтын Орда – қазақ және ногай хандарының алғашқы пантеоны. Сарайшық қаласының орнына жүргізілген зерттеулерге сүйене, көп жылдардан жинақталған жәдігерлер толықтырылып, 1999 жылы З қыркүйекте Қөне Сарайшық қаласының тарихына, жалпы XI–XVII ғасырдағы қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығы ашылды. Музей Атырау қаласынан 50 км қашықтықта, Махамбет ауданында орналасқан. Кешен үш құрамнан тұрады. Жылына 12000-нан 14000-ға жуық адам келеді, оның ішінде 5000-нан 8000-ға жуығы – шет елдерден келушілер.

Одан кейін – Махамбет елді мекені. Мұнда Махамбет атындағы музей қызмет етеді. Жол бойында Махамбет бейіті орналасқан. Қелушілерге киіз үй тігілген және тамақ ошағы өзірленген. Индербор кенті – Индер ауданының орталығы. Облыс орталығынан Индер ауылына дейін 180 км. Жайық өзені бойында, жағажайды демалу немесе балық аулап, отта қақтап пісіру мүмкіндігі, Индербор кентінен 15 шақырым жердегі шипалы Индер көлінің тұзды балшығымен емделу мүмкіндігі жоғары. Индердегі Тұздықөлде Менделеев кестесінің 16 түрлі қазба байлышы «жасырынып» жатыр. Тұздықөлдің солтүстік жағы Индер тауымен қоршалған, Оңтүстік жағалауы жазық. Қөл – осы аймақтағы табиғат ғажайыптарының бірі. Қектемде суы молайып, жазда тайыздайды. Жергілікті мамандардың айтуынша, тұзды күмбезтаудың 34 метр терендігінде су қоры бар. Таудың сазды қабаттары арасынан шыққан «құркіреуік» деп аталатын бұлақтардан тұз көлі үнемі толығып отырады. Қоз қарықтырар тұз көлінен 30 шақырымдай қашықтықта Малайсары бидің, батыр Махамбет Өтемісұлының, ақын Мұрат Мөңкеұлының мазарлары бар.

Солтүстік шығыс бағыттағы Атырау-Миялы-Атырау маршруты. Атырау қаласынан 130 км жерде орналасқан Мақат кенті, Мақат кентінен 42 км жерде Байбақты ата кесенесі бар. Қызылқоға ауданында көптеген тарихи маңызды қорымдар, Қаракөл ауылы маңында көне Қорғанша қалашығының орны бар. Қарабау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9 км жере Бекен бидің мазары, Мұқыр ауылынан батысқа қарай 25 км жерде Ақын Шернияз Жарылғасұлының (1806–1867) мазары, Қызылқоға ауданының Тасшағыл ауылында Мөтен қожа мазары бар.

Алып ана қорымы – Қызылқоға ауданы Сағыз ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. XVIII–XIX ғасырлар аралығында пайда болған. Аңыз бойынша, қорымның «негіздеушісі» – өйел адам, яғни, Алып ана болып табылады, оның моласы қорымның батыс жағында шырақ және қадамен белгіленген.

Жолайшағыл құмтөбелі қабірі – Қызылқоға ауданы Қарабау ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3,67 км жерде құмшағыл арасында орналасқан. Құмтөбелі



қабірлер – тек Батыс Қазақстан аймағындағы құмдарда ғана кездесетін ерекше ескерткіштер. 2006 жылы АМУ құмда сарматтық «құмтөбелі қабірде» жүргізілген қазбадан, алтыннан, асыл тастан, темірден, қыштан жасалған заттар табылды.

Қорғанша қаласы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қаракөл ауылдың солтүстік-шығысында 15 шақырым қашықта, Жанақора мекенінен 4 шақырым шығыста, Ақтөбе мекенінен 8 шақырым оңтүстік-батыста, Ақши мекенінен 6 шақырым солтүстік-батыста орналасқан.

Тілеген-мола қорымы (XIX–XX ғ. басы) Қарабау ауылданан оңтүстік-шығысқа қарай 33 км, Сарықөл қыстағынан оңтүстік-шығысқа қарай 6,8 км жерде.

Сондай-ақ Каспий теңізі жағалауында әкотуризмді дамытуға болады. Осы мақсатта 2009 жылы құрылған 111,5 мың гектар көлемі бар «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының туристік нысан атануға толық мүмкіндігі бар. Резерват аймағында үш экологиялық маршруттық соқпақ жасақталған және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен туроператорлар үшін «Атырау-Зарослый-Пешной» әкомаршруты бойынша ақпараттық тур өткізіледі. Қорыққа бірнеше қарau алаңы орнатылған. Ол жерлерге оптикалық құрылғылар қою арқылы келушілер андар мен құстардың өмірін өз көздерімен көре алады.

Емдік-рекреациялық мақсатта Атырау қаласында 1936 жылы салынған «Атырау» шипажайы Қарабатан балшығын пайдалана отырып, әртүрлі ауруларды емдейді.

Қорыта келгенде, Атырау облысы өңірі тарихи-мәдени ескерткіштерге бай және олар облысымызға келуші туристерді қызықтары сөзсіз.



§14. Жомарт жүрек

Сабак аясында:

- демеушілік және меценаттық дегенниң не екенін білесіңдер;
- нақты адамдардың жақсылықтары туралы және тұган жерімізді қолдау үшін не істеге болатыны туралы ойланатын боласыңдар.

Сенің ой-пікірің!

«Жомарт жүрек – жүректерге жол табар» (әссе)

Жомарттық, жауанмәрттілік – адам бойындағы ізгі қасиет. Абайдың 38-қарасөзінде жауанмәрттіліктің үш сипаты айтылады. Олар: шындық (сидық), ақпейілділік (көрөм), даналық (фақыл). Осы үш сипаттан тағы үш түсінік тарайды: шындықтан өділет, ақпейілділіктен шапағат, даналықтан (фақылдан) ақиқат мағлұм болмақ. Бойында осындай қасиеттері бар жан жомарт аталады. Жомарттық өлем халық тары түсінігіндегі меценаттық ұғымымен мәндес келеді. Ежелгі Грек елінде өмір сүрген ақындарға ұдайы қамқорлық жасаған Меценат есімді адамның құрметіне өлем мәдениеті тарихында меценаттық дәстүр қалыптасқан.

Жағдайы жақсы бай адамдар алыс-жақын аймақтағы кедейлерге мал үлестіреді. Кейде ақшалай, мұліктей берілетін кездері де болған. Оны «шүленгер» деп атайды. «Шүленгер» – қазақ тілінде архаизмге (көнерген) айналып бара жатқан сөз, «шүлен» деген сөзден шыққан.

Бүгінгі күнгі қазақ ұғымында мұндай іс демеушілік деп те аталады. Бұл түсініктегі жомарттық – қолында байлығы бар азаматтың мұқтаж жандарға жасайтын қайырымдылық көмегін айтады. Қайырымдылық – жомарттықтың негізгі өзегі. Өзін-өзі насхаттау үшін жасалған қайырымдылық жомарттыққа жатпайды. «Жомарт – бергенін айтпас, ер – айтқанынан қайтпас» деген қазақ мақалы осынын айғақтайды. Қайырымдылық мәнін оны жасаған адам емес, сол қайырымдылықтың игілігін көрген адам түйсінуі керек.

1917 жылғы төңкеріс қарсаңында ағайынды Ахмировтар Жайық бойына өз қарожаттарына мешіт салдырған. Одан кейін орыс көпесі Хохловтың екі қабатты ғимаратын сатып алышп, қазақ-орыс мектебіне айналдырып, сол уақыттағы үкіметке табыстаған.

Еліміз тәуелсіздігін алған ширек ғасырдан астам уақыттан бері отандық экономиканың қозғаушы күші, локомотиві саналатын көсіпкерліктің де көкжиегі кеңейді. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өсіп қана қоймай, өндірілетін өнім көлемі көбейіп, көрсетілетін қызмет сапасы артты, сервистік қамту



деңгейі көтерілді, табысы молайды. Соның арқасында халықтың өлуеті нығайып, әлеуметтік жағдайы жақсарды. Қесіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан айтарлықтай қолдау мен көмек жасалды. Енді сол жасалған қамқорлыққа қайтарым ретінде қесіпкерлердің өздері түрлі жобаларды қаржыландырып, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға атсалысып, өңірдің өркендеуіне үлестерін қосуда. Осыған орай Атырау облысында жыл сайын «Жыл меценаты» балы өткізіледі. Шараны өткізуға мақсат – табысты әрі белсенді бизнес өкілдеріне игілікті істері үшін елдің атынан алғыс айттып, ризашылық білдіру, оларды халыққа таныту және марапаттау болып табылады.

Пікірің қажет!



Нұрлыш Әйтиева – Атырау бизнес және құқық колледжінің құрылтайшысы ретінде жастардың мұнай саласында тегін білім алудына жағдай жасады. Жібек Бисенова, Саламат Төлеуов, Гүлнэр Сәдуақасова, Әлия Беккожиева, Нұрберген Дәүлетов, Гүлсина Байкенова, Текен Жұмағұлов тәрізді жомарт жүректі азаматтар өз ауылдарын қамқорлыққа алды, соғыс ардагерлері мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына арналған қайырымдылық істерге мұрындық болды. Әлімжан Балжігітов Құлсары қаласындағы аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасын жақсартуға үлес қосса, Фердинат Мамонов Атырау облысы аумағындағы мәдениет нысандарын қайта жаңғыртуға үлес қосып, «Жыл меценаты – 2014» атағын иеленді.

Жомарттығымен ерекшеленген Долорес Тасқарина, Сәліма Тәремұратова, Орынғали Ахметов, Тамила Розметова, Қоныс Ерманов, Ибрагим Ақдрашев, Райхан Рахатова, Шынарбек Сәрсенбаев, Өнербек Жанбала, Марат Өмірзақов «Жыл меценаты – 2015» атағын иеленді.

Мұрат Сарманов, Абубакир Мурадов, Али Сейдов, Аманжол Қонысбаев, Әлібек Семғалиев, Рустем Әбшеев, Бауыржан Ғұбайдуллин, Базарғали Мұхамбетов «Жыл меценаты – 2017» атағын иеленді.

Текен Танайұлы жетекшілік ететін «Текен Жұмағұловтың қайырымдылық қоры» көптеген игі шараларға мұрындық болумен ел арасында үлкен беделге ие. Жомарт жүректі азамат қолдау көрстекен Ақмешіт кесенесі бұл күндері халық сұранысына ие болып отыр. Құлсары қаласында салған мешіт ел игілігіне қызмет етіп, алғысын алуда. Маңғыстау облысындағы «Отпан тау» кешенін, Атырау облысы Жылдың ауданындағы Бекет Ата кесенесін түрғызуға, Адай атаның



мерейтойын, Бекет атаның 260 жылдығын атап өтуге үлкен демеушілік жасады. Қоршілес Батыс Қазақстан облысындағы Сырым, Бекей ордасы, Қаратөбе, Жәнібек аудандарының орталықтары мен елді мекендеріне газ құбырын тарту жұмыстарын жүргізді. Кино саласының дамуына өз үлесін қосып, “Кешіккен махабbat” атты комедияның түсіріліміне қаржылай көмек берді.

Балалар!

Олкедегі жомарт жандардың қайырымдылық істерін анықтап, зерттендер.

2017 жылы Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қайырымдылық керуені» респубикалық акциясын қорытындылау мақсатында Қазақстанның қайырымдылық жасаушыларының III форумында қайырымдылықты дамыту және өңірлерде «Туган жер» бағдарламасын іске асыру туралы өзекті мәселелер талқыланды. Осылайша қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардың кезекті форумы жоғары деңгейде өтіп, Атырау облысы «Мұнайсервис ЛТД» ЖШС-нің директоры Мағауия Мерғалиевке Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісі тағылды.

Бұғаңғи күні Атырау өндірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан игілікті шаралар легі мол. Бағдарламаның «Туган жер» арнайы жобасы облысының жомарт жүректі жандардың қолдауымен бірнеше игілікті шаралардың жүзеге асуына ықпал етті.



Жыл меценаты





Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жомарттық деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
 2. Қандай адамды кең пейілді деп айтамыз? Неліктен?
 3. Адамның жомарттығы қандай іс-әрекетінен байқалады?
4. Жомарттық сөзіне «Бес жолды өлең» құрындар.
Бірінші жолда – тақырыпты бір сөзбен беру (зат есім).
Екінші жолда – тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есім).
Үшінші жолда – тақырыпқа қатысты қимыл атаянан үш сөз жазу (еңстік).
Төртінші жолда – 4 сөзден тұратын бір сөйлем.
Бесінші жолда – тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз.

Рефлексия

«Менің бүгін білгенім»
Менің түйгенім ...



§15. Тұған өлкенің жылнамасы

Сабак аясында:

- Дереккөздер негізінде өлке дамуының тарихи маңызды кезеңдерін анықтайдыңдар;
- Тұған өлкенің шежіресін білесіңдер;
- Музейлерден, мұрагаттардан, кітапханалардан, интернеттен тұған өлкеге (ауыл, аудан, қала, облыс) қатысты қажетті ақпаратты таба аласыңдар;
- Тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастырасыңдар.

Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Н.Ә. Назарбаев

Атырау өнірінің жылнамасын толық білу үшін, ежелгі кезеңдерге ой жүгіртсек археологиялық деректерге кезек беруге тұра келеді. Атырау өнірін адамдар қоныстануы өте ежелгі замандардан-ақ басталған. 1960 ж. шыққан Қазақстанның археологиялық картасында қаламызға жақын жатқан ең ежелгі ескерткіш Жайық өзенінің сол жағасындағы Махамбет ауданы Алмалы ауылының қарсы беткейінде неолит мекені болған.

Алтын Орда дәуіріндегі көне қонысқа қазба жұмыстарын жүргізген кезде Атырау қаласынан 7 шақырым жердегі ауданнан неолит дәуіріндегі найзаның кремнийлі үшін табылған. Бұл алғаш рет табылып отырған қазба олja емес еді. 1960-жылдары осы қоныстан қазып алынған археологиялық материалдың Алтын Орда дәуіріндегі Сарайшықтан табылған затпен тым үқастығы аңғарылған: бұлар – қазба кремний жоңқалар, қырғыштардың сұлбалары т.б болатын. Оларды академик Ә. Марғұлан неолит кезеңіне жатқызды. 1990 ж. қалаға ең таяу манда жатқан қорған қалдықтарына қазбалық жұмыстар жүргізілгенде Шерімбай қорымынан 30 шақырым жерден тағы да кремний пышақтары, қырғыштар мен біздер табылды. 1992 жылдың аяғындағы мәліметтер бойынша, облыс жерінен неолит дәуіріне жататын 24 мекен мен тұрақ табылып отыр. Бұлар 1982–1992 жж. Жыл сайын ауданында жұмыс жасаған Батыс Қазақстан экспедициясы зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Деректерді түйіндей келгенде, мынадай пікір айтуда болады. Біздің заманымызға дейінгі 5–3 мыңыншы жылдарда осы аймақта адамдар

өмір сүрді және олар садақ пен жебе, еңбек құралдарының кейбір түрлерін пайдаланды. Қыспа ретушь техникасын жетілдірумен бірге, адамдар еңбек пен аңшылық істерінде сапалы құралдар жасауды үйренді.

Қорғандардан неолит қазындыларымен бірге қола дәуіріндегі қыш бүйімдар да кездесті. Бүгінгі күні осы дәуірдің 19 ескерткіші анықталды. Мұның ішінде маңыздысы – қалаға жақын жатқан Шерімбай қорымы. Одан





неолит дәуірінің еңбек құралдарымен бірге қола дәуірінің қыш бүйымдары табылды.

Қола дәуіріндегі алты қорған Атырау–Есбол жолына таяу, Жайық өзенін бойлай созылып жатыр.

Сарайшықтан тыын ақшалардың көптеп табылуы мұнда сауданың қызы болғандығын және Қырым, Еділ бойы және Хорезм қалаларымен сауда байланыстары жасалғанын білдіреді.

Х ғасырларда еуропалықтар өлкеміз арқылы Орта Азия, Қытай, Хорезм хандығымен тікелей дипломатиялық қарым-қатынастар жасап тұрды. Кейін XI–XII ғасырларда, бұл байланыстың ауқымы кеңейіп, күллі Орта Азия мен Маңғыстауды қамтиды. Алайда XIII ғасырдың басында басталған монгол шапқыншылығы бұл байланысты бұзды. 1236 ж. Бату хан бастаған монгол шапқыншылары Еуропага жол ашады. Сөйтіп, Еділ бойын алғаннан кейін, Алтын Орданы құрады. Еділмен қоса Жайық бойы, Атырау өңірі Алтын Орданың қол астына қіреді. Алтын Орда Еуропа мен Азияның, Таяу Шығыстың көптеген елдерімен экономикалық, саяси, сауда қатынастарын орнатады. Атыраудан өрі-бері жүрген Рим папасының елшісі Плано Карпини (1246 ж.), Француз королінің елшісі Вильгельм Рубрук (1253 ж.), атақты итальяндықтар Николла мен Марко Поло (XIII ғ. аяғы) бұл өңір туралы деректерді қағаз бетіне түсірді. Кейін араб саяхатшысы Ибн Баттута өлкемізде болып, еңбектер жазып қалдырды.

Өлкे жылнамасы Атырау өңірінің көне тарихынан бастау беріліп отырған мәліметтің маңыздылығын көрсетеді. Атап айтсақ, Ақтөбе-Лаэти, Сарайшық қалалары тарихы бізге өткен заманнан мол ақпарат беріп отыр.

Жайық-Каспий жолы Азия елдері мен басқа да елдерге жол ашатын «әрі қақпа, әрі кілт» болатынына көзі жеткен патша үкіметі, XVII ғасырдың 30-жылдарының аяғында ярославлдық көпес, бай саудагер Гурьевтер өулетіне Жайық бойында балық көсіпшілігін ашуға және бекініс тұрғызуға рұқсат қағазын береді. 1640 жылды Гурьевтер өулетінің басшысы Гурий Назарев, балалары Михаил, Иван және

Андреймен Жайық бойына келіп қоныстанып, кәсіптерін ашады. Бұл осы өңірді мекендеуші қалмақтар мен орыс казактарының қызғаныштарын туғыза бастайды. Қала қалмақтардың тонауына ұшырайды.

Жайық бойындағы бұл оқиға Астрахан өскерлері басшылығын елең еткізді. Ағаштан тұрғызылған қорған-қамал жаудан және өрттен қорғаныс бола алмайтынын түсінген патша үкіметі теңіз маңы және Жайық бойының қорғанысын күшеттуді ойлады. 1645 жылдың 8 ақпанында М.Гурьевке қаланы қамал етіп тұрғызуға рұқсат



береді. Рұқсат қағазында қала қамалын Астрахан қаласының үлгісіндегі етіп тұрғызу көрсетіледі.

Тас қала-қорғаның құрылышы 1647 жылдың 6 маусымында басталады. Қала 1649 жылы казактар атаманы И. Кондырев бастаған казактар тобының шабуылымен тоналады. Қала-қамалдың құрылышы 15 жылдан соң, 1662 жылы аяқталады. XVII ғасырдың аяғына таман және XVIII ғасырдың басынан бастап, тас қала-қамалы ірі шекаралық қамалға айналады.

Атырау өңірінің халқы 1917 жылды Ақпан, Қазан төңкерістері уақытында үлкен қыындықтарды басынан кешірді.

Балалар!

Өлкенің 1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерісі дәуіріндегі тарихы туралы шағын зерттеу жүргізіндер.

1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақстанға, соның ішінде мұнайға, балыққа, кенге бай Атырау бойына да фашистік Германия ерекше көңіл бөлген. Бұл жерлерді (Еділ мен Жайық аралығын) жаулап алушы ойлайды. Сондықтан Кеңес өкіметі Қаспий өңірін соғыс жағдайында деп жариялады.

Балалар!

Өлкенің Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тарихы туралы шағын зерттеу жүргізіндер.

1991 жылды тәуелсіздік алған кезеңден Атырау өңірі гүлденіп, бүгінде облыс республикамыздағы белсенді дамып келе жатқан аймақтардың қатарында саналады. Қала атауы өзгеріп, 1992 жылды ақпан айынан Атырау қаласы деп аталды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихы туралы ақиқатты айтуда, оның әлі де толық зерттелмеген көлеңке беттерін ашу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Балалар!

Өлке тарихы туралы деректерді пайдалана отырып, таныстырылым дайындаңдар.

Түйін

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихы туралы ақиқатты айтуда, оның әлі де толық зерттелмеген көлеңке беттерін ашу мүмкіндігіне қол жеткіздік.



Тапсырмалар:

1. Кескін картада өр оқиғаның болған жерлерін белгілеңдер.



2.

Ізденіп көрейік!

Тұған өлкеңің шекіресін білесің бе?

3. Саяхатшылардың өңірде болу уақытын есімдерімен және жылдарымен хронологиялық кестеге салындар.



§16. Менің мектебімнің тарихы

Сабак аясында:

- Түрлі деректерден қажетті ақпараттары табасындар;
- Сұхбаттасуға қажетті сұрақтар қоюға және сұхбат жүргізуге даярланасындар;
- Өз мектептерінің тарихын әңгімелей білесіңдер.

Ресейдегі орыс тілінде білім беретін үлт мектептері жүйесінің негізі XIX ғасырдың екінші жартысында қаланды. Алайда, бұдан бұрын да қазақ жерінде мектептер ашылған. Кіші жүздегі тұңғыш ашылған мектеп санатында 1841 жылы Ордадағы Жәңгір мектебі аталады. Облыстық музейдегі кейбір деректер Кіші жүзде мектептердің бұдан да ертерек ашылғанын айғақтайды. 1830 жылы Бекей Ордасының Еділбай ауылсында Қойбағар Қостанбаев деген адам мектеп ашып, 30-ға дейін бала оқытқандығы жөніндегі деректер кездеседі.

Жайықтың сол жақ бетіндегі облыстың қазіргі Махамбет, Қызылқоға, Индер аудандарының жерлерінде барлығы тоғыз мектеп ашылған. Олар, халық арасында, жергілікті қүйдірілген қызыл түсті кірпіштен салынғандықтан, «қызыл үйлер» деп аталған. Олардың ең алғашқысы – 1881 жылы ашылған Есбол Қызыл үйі. Екі басқышты мектепте 1881 жылдан бастап қазақ балалары оқи бастаған.

1897 жылы Қаракөл бір кластық орыс-қазақ мектебі ашылған. Мектеп құрылышы Қызылқоға ауданының Қаракөл деген жерінде, Ойыл өзенінің Сырым Датов өткелі бойына салынған.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстандағы мұсылмандар мектептері туралы статистикалық шолу:

Облыстар	Жылдар	Мектеп пен медреселер саны	Оқушылар саны
Жетісү	1897	86	12835
Семей	1886	17	300
Торғай	1894	59	457
Ақмола	1896	13	547
Арал, Гурьев	1896	206	4926

Балалар!

Берілген статистикалық деректі пайдаланып,
ашық пікір алаңын ұйымдастырындар.



ХХ ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептер мен медреселер қоғамның өскелең талаптарын қанағаттандырудан қалды. Мұсылман мектептерін реформалау қозғалысы басталды. Оны ұйымдастырушылар жадитшілдер болды. ХХ ғасырдың бас кезінен бастап жаңа өдіstemелік мектептер пайда бола бастады. Оқытушылардың бірі, қоғам қайраткері И.Гаспринский болды. Жадитшілдер мектептерде арифметика, география, жаратылыстану, тарих сияқты басқа да зерттеудердің пәндерді оқыту қажеттігін дәлелдеді. Жаңа өдіstemелік мектептерде білімді де білікті мұғалімдер сабак берді, оларда қажетті оқу құралдары мен жабдықтары жеткілікті болды. Оның үстіне, оқыту өдіstemесі де өлдекайда тиімді болатын.

Кеңес үкіметі дәуірінде Атырауда мәдениет білім, деңсаулық құрылышы жұмыстары 1920 жылы 5 қаңтардан кейін барып қолға алынды.

Атыраудағы мектеп құрылышы партия мен Кеңес үкіметінің директивалары мен қаулылары негізінде жүзеге асты. Бұрынғы өскери училище, теңізшілер класы, орыс-қазақ мектептері жабылып, жергілікті еңбекшілер балаларын оқытатын жаңа типтік бірыңғай Кеңес мектептері ашылды.

1920 жылы 13 қаңтарда Атырау ревкомы жанынан халық ағарту бөлімі құрылады. Үкіметтің бүйрекшімен қаладағы халық ағарту ісімен айналысқан адамдардың тізімі алынды. Қаладағы мектептер бұрыннан қалған азын-аулак мектеп үйлерінен басқа, балық, мұнай кесіпшілігіндегі капиталистер мен ақ гвардия офицерлерінің мемлекет пайдасына алынған үйлеріне орналасты. Мұның өзі мектепте оқыту ісін жолға қоюға біраз мүмкіндік берді.

Атырауда 1920 жылы 17 ақпанда барлық мектеп мен мұғалімдерге жаңа міндет жүктелді. Онда ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту, балалардың оқуын еңбекпен ұштастыру, ер балаларды ағаш ұстасы мамандығына, қыз балаларды үй жұмысына қажетті мамандықтарға, тігін ісі, аспаздық, қолөнер мамандықтарына үйретуге бағытталды. Оқушылар арасында ойын-сауық жұмыстары жиі жүргізіліп, оған қыз балаларды көбірек тартуға назар аударылды.

Атырауда халық ағарту ісін жүзеге асыру оңайға түседі. Қала мен уездегі 70 мектептің 46-сы қарожаттың аздығынан, мектеп үйлері мен отынның жоқтығынан, оқу құралдары (өсіреке оқулықтар) мен педагог мамандардың тапшылығынан, Азамат соғысының салдарынан жабылып қалады.

Қыншылық тығырығынан шығу үшін Атырау халық ағарту бөлімі еңбекшілерді, мекеме мен ұжымдарды мектеп санын көбейтіп, оқу құралдарын алу үшін қарожатпен көмектесуге шақырды. Бұл үндеу халық арасында қолдау тауып, 1921 жылдың өзінде 3227 оқушыны қамтыған 65 мектеп үйретті.

Мектептерді жабдықтау мемлекет, жергілікті үйрету мектептер жиһадын қарожатпен қамтамасыз етілді. Өйтседе халық ағарту ісіне жасаған алғашқы қадамға 1921 жылы сөүір-желтоқсан айларында Атырауда жасалған контрреволюциялық төңкерістер көп кедергі келтірді. Мектеп үйлері қызыл өскерлер



жататын жатақханаға, тамақ ішетін асханаға, жиын өткізетін штабқа айналды. Осының салдарынан көптеген мектептер жабылып, Атырау уезінде, қалада бар болғаны 11 мектеп қалды.

1921–1922 жылдардағы елді түгелге жуық шарпыған ашаршылық кезеңінде аш босқындарға қамқорлық көрсете жайлыш көп ұндеулер қабылданған. 1921 жылы 10 желтоқсанда қабылданған бір ұндеуде: «Гурьев қаласы мен Гурьев уезіне басқа уездер мен губерниядан аш босқындар келе бастады. Аштықтың салдары мектеп жұмысына да көп зиянын тигізді. Өйткені аштыққа ұшыраған мектеп жасындағы балалар мектепке барудың орнына көше кезіп, базар аралап кетті. Мұны көрген Орал губерниялық комитеті өзінің сессиясында аштыққа ұшыраған балалардың жағдайын қарап, оларды өлімнен алып қалудың қамын жасады. Жайық бойының 2515 панасыз баласы астықты аудандарға аттандырылды. Оның ішінде 1000 бала Ярослав қаласына, 500 Жиздрага, 500 бала Воронежге, 515 бала Житомир қаласына жіберілді.

Аштықпен құрес шараларынан кейін халық ағарту ісі қайта қолға алынды. 1921 жылы Атырау ревкомы халық ағарту ісін арнайы мәселе етіп қарап, қалада «мектеп қызметкерлері үшін дайындық курсын ашуға» қаулы қабылданды. Курсқа қатысқандар барлық қоғамдық жұмыстардан босатылды. Осындай игі істердің арқасында Атырау қаласында 1922–1923 оқу жылында 992 баланы қамтыған 9 мектеп жұмыс істеп, онда 29 ұстаз сабак берді. Қалада мұнан басқа 225 панасыз баланы қамтыған 5 балалар үйі жұмыс жасады.

1923 жылы Атырау қаласында «Сауаттылар мектебі» құрылды. Білімді, оқыған адамдарға сауатсыздарды оқыту міндеті жүктелді. Атырауда басқа да сауатсыздарды оқытатын арнаулы мектептер, курстар, пункттер ашылды. Осы жылы қала мен уезд көлемінде 41 пункт ашылып, онда 2200 ересек адам оқыды.

1925 жылы өлкеде сауатсыздықты жою жұмысының дәрежесі бұрынғыдан да көтеріле түсіп, 20 сауатсыздық жою мектебі жұмыс істеді. Нәтижесінде сол жылы Атырау қаласы тұрғындарының 90 пайызы сауаттандырылып шықты. 1927 жылы сауатсыз және шала сауаттылар санының азаюына байланысты қалада тек 7 сауат ашу мектебі болды.

Ал 1930 жылы қалада сауатсыздықты жою негізінен шешілуге жақындалды. Дегенмен, ауыл, селодан қалаға қазақтардың көп көшіп келіп қоныстануы, олардың арасында сауатсыздардың көп болуы, сауат ашу мектептерін жабуға мүмкіндік бермеді. 1936 жылы қалада өлі де 2546 адам сауатсыздар және шала сауаттылар мектебінде оқыды. Мектеп жұмысы мен сауатсыздықты жою саласында педагог мамандар жеткілікіз болды. Ұстаздар халық арасындағы мәдени-ағарту, үгіт-насихат жұмысына белсене қатысты.



Түйін

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандықты әжүа етіп, күлкіге айналдырған. Әрбір ата-ана баласына әдептілікті үйреткен. Бұған мысал ретінде қазақтар арасында «Қара күш бірді жығар, білімді мынды жығар» деген мақал көнінен тараған. XIX–XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі екі: діни және зايырлы бағытта жүргізілді. XIX ғасырдың орта көзінде дейін қазақ балалары мектептер мен мәдреселерде мұсылманша білім алды



Тапсырмалар:

1. Қескін картадан өз мектептерінді белгілеңдер.






2. Кезбе тілші.

Сабақ барысында алған мәліметті қаншалықты меңгердіңдер?

Кел, тексеріп көрейік!



3. Ойтолғау.

«Менің мектебім ...» тақырыбында өз пікірлерінді білдіріндер.

4. Дерекпен жұмыс (ұжымдық жұмыс). Өз мектептеріңің тарихымен то-лық танысу үшін адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтауга қажетті төмендегі кестені толтырыңдар:

Мектеп тарихынан алған жалпы өсерді сипаттап, содан соң оның жеке бағыттарын зерттеңдер.
--

Адамдар, жылдар және оқиғаларды анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңдар.

Адамдар	Жылдар	Оқиғалар
---------	--------	----------

1. Өз бақылауларың негізінде негізгі үш нәрсені көрсете отырып, қорытынды шығарыңдар.

2. Бұл тақырып сендерде қандай сұрақтар тудырды?

3. Оларға жауаптарды қайдан таба аласыңдар?



Қазақ әдебиеті

§17. Тұған өлкө публицистика беттерінде

Сабак аясында:

- өнірде шыгатын газет-журналдарды біледі;
- тұған өлкө туралы, шындық көзқарас түргесінан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді деректілігі, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері түргесінан талдайды.
- журналистік зерттеу жасауға үйренеді.



Есте сақтаймыз: Атырауда үш облыстық – «Атырау», «Прикаспийская коммуна», «Ар-честь», бір қалапық «Ақ Жайық» және жеті аудандық – «Кең Жылъыой» (Жылъыой ауданы), «Мұнайшы», «Мақат тынысы» (Мақат), «Серпер» (Құрманғазы), «Жайық шұғыласы» (Махамбет), «Дендер» (Индер), «Тан», «Қызылқоға» (Қызылқоға), «Нарын таңы» (Исатай ауданы) газеттері шығады.

Өңіріміздің баспасөз тарихынан



ХХ ғасырдың бас кезінде үлттық басылымдар көптеп шыға бастады. Жаңадан қалыптасқан саяси жағдайда үлттық бостандыққа үмтүлған қазақ зиялыштары баспасөзге сүйенгені мәлім. Олардың өз ой-пікірлерін халыққа жеткізу үшін баспасөзді пайдалануы табиғи құбылыс. Қазақтың зиялыш азаматтарының бірі М.Дулатұлы: «Қай үлттың баспасөзі мықты болса, сол үлттың өзі де мықты» деп айтқандай, өлке баспасөзі халықтың қоғамдық-саяси белсенділігін арттырып, өлеуметтік-экономикасының дамуына сүбелі үлес қосады. Облыстың баспасөз тарихы 20-жылдардан бастау алады. Үлт тіліндегі басылымдардың алғашқы қарлығашы – тұңғыш саны 1923 жылдың 1 сөүірінен шыға бастаған «Ерік» (қазіргі «Атырау») газеті.



Жазушы-драматург Б.Қорқытовтың айтуы бойынша, Атырау өңіріндегі төл газет «Еріктің» шығу тарихы мен оның сол кезде атқарған қызметіне арналған «Жылнама «Еріктен» басталады» атты кітабы да оқырманды қызықтырған туынды болды. Бұл кітапта облыстық «Атырау» газетінің шығу тарихы баяндалып, «Ерік» газетінің алғашқы белсенді авторлары С.Жанұзақов, ақын Д.Тілегенов сынды бірнеше ақын-жазушылардың еңбектері айтылған. Бастаудың сонау «Еріктен» алып, жылдар бойына халық мүддесін жазған «Атырау» газетінің тарихы өте бай. «Ерік» газеті қоғамдық-саяси жағдайдаң нәтижесінде бірнеше рет өзгеріп, қазіргі уақытта «Атырау» газеті болып аталады. Қай кезде де ол қалың бұқараның үні ретінде өзінің қасиетті парызына адал еңбек етті. Бұгінгі таңда халқымыздың өткен тарихы зерттеліп, алып таставу асыл мұраларымыз қайтадан жаңа үрпақпен табысты.

Газеттің жүрегі – редактор. Осы орайда, «Атырау» газеті редакторларының енбегін ерекше атау қажет. Атырау жерінде жарық көрген «Ерік»(қазіргі облыстық «Атырау») газетінің алғашқы редакторы С.Мәмбетов бұрынғы Гурьев уезінен қарасты Сокол (Қайыршақты ауылдық кеңесі) деген жерде 1892 жылы дүниеге келген. 1914 жылға дейін өз ауылында ағартушылық салада, мұғалімдік қызмет атқарды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ел ішінде қоғамдық-саяси жұмыстарды белсене атқарған. 1920 жылы 7 қаңтардан 15 мамырға дейін Сокол ауылдық кеңесінің төрағасы, уездік комитеттің нұсқаушысы, 15 мамырдан бастап Гурьев уездік мектептер бөлімінің менгерушісі, 1921 жылы 8 қазаннан уездік халық-ағарту бөлімінің менгерушісі, үгіт-насихат бөлім менгерушісі, 1923 жыл 10 тамыздан бастап халық-ағарту бөлімнің менгерушісі қызметтерін атқарған. Тұған өлкесінің ағарту жұмысына өлшеусіз үлес қосқан С.Мәмбетов 1929 жылы ұзаққа созылған науқастан дүниеден озды.



«Атырау» газетінің
редакторлары

Т.Өтеулиев 1889 жылы Орал губерниясы Жымпіты уезіндегі (қазіргі С.Датұлы ауданындағы) Тұздықөл болысы № 4 ауылда кедей отбасында дүниеге келген. 12 жасында Матшенск 1 жылдық, 2 жылдық Илецқ училищелерінде оқып, кейін педагогикалық училищені 1910 жылы бітірген. 1910–14 жылдары ауыл мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1914 жылы Жымпіты 2 жылдық училищесінде оқытушы болады. 1919 жылы 18 қаңтарда Революциялық комитетке жұмысқа тұрып, есепші, уездік қаржы бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. 1923 жылы наурыз айының басында Гурьев уездік хатшылығына тағайындалып, бұл жұмысты 1924 жылдың қыркүйегінде дейін атқарды. Уездік партия үйімінің жетекшілігінде жауапты қызметтермен қоса, «Ерік» газетінің қалыптасуына зор ықпал еткен.



Т. Өтеулиев 1938 жылдың 8 наурызында «Жапонияның агенті», «Алашордашыл халық жауы» деген жаламен атылды.

Газет тарихы бай. Оған кезінде Әбу Сәрсенбаев, Асқар Тоқмағамбетов, Сәбит Мұқанов, Фабдол Сланов, Хамит Ергалиев, Жұмекен Нежімеденов, Берқайыр Аманшин мақалалары мен көркем шығармаларын жолдап тұрған. Зейнолла Қабдолов, Әбіш Кекілбаев өмір бойы газетпен тығыз байланыста болды.

Газете Тауман Амандосов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Фариза Оңгарсынова, Марат Ысқақов, Берік Қорқытов, Аманқос Ершуов сынды белгілі әдебиетші-жазушылар жұмыс істеп, қанаттанды. Нұреден Мұфтахов, Тілек Дөuletov, Ізімберген Ісхожин сынды республикаға танымал журналистер, өлем классиктерін қазақ, қарақалпақ тілдеріне алғашқы аударған Жүсіп Жантөрин, Қыдырғали Сасықов сынды ертеде елге танылған аудармашылар жұмыс істеді.



Тапсырма:

Топтық жұмыс



I топ. «Атырау» газетінің негізін қалаушылар туралы тірек сыйза сызындар.



Артық болмас білгенің


Редакцияда 7 бөлім, 56 адам жұмыс істеді. Ал 1995 жылдан бері редакцияда бөлім жойылды. Журналистер жеке проблемалар бойынша бас редактор мен оның екі орынбасарының тікелей басшылығымен жұмыс істейді. 1997 жылдың қарашасынан «Атырау» газеті компьютермен шығарыла бастады. Газет 2006 жылы аптасына 66 мың данамен таралды. Бұл бұдан 5 жыл бұрынғыдан 2,5 еседей көп таралым. 2000 жылдың басында газет таралымы 10 мың болса, бұгінде таралым 26 мыңнан асты. Бұгінде газете 30-дан астам қызыметкер жұмыс істейді. Олардың жартысы шығармашылық, жартысы техникалық топтан тұрады.



II топ. Газеттің өр жылдарында өзіндік орны бар редакторлар туралы мәлімет жинаңдар.

III топ. Әйгілі тұлғалардың баспа бетіне шыққан материалдарын жинақтаңдар.

Атырау журналистика саласының майталман қаламгерлері



Артық болмас білгенің

Әйгілі тұлғалар



Тауман Амандосов Атырау облысы Балықшы ауданы Кеңешек ауылында 1921 жылы 5 қарашада дүниеге келген. 1950 жылы ҚазМУ-ді бітірген.

Әдебиетші, журналист, филология ғылымдарының докторы, профессор. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген жоғары мектеп қызыметкері. 1942–46 жылдары Атырау облысы «Коммунистік еңбек» газетінде жұмыс істеді.

Амандосов қазақ публицистикасының теориясы мен тәжіриbesi, баспасөз жанрлары, бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі мен журналистикасының қоғамда алатын орны туралы зерттеу еңбектерін жазды:

- «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары», 1968 жылы;
- «Қазіргі қазақ публицистикасы», 1975 жылы;
- «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы», 1978 жылы.

Фылыми зерттеу еңбектері негізінен қазақ журналистикасының теориясы мен тарихы мәселелеріне арналған. Атырау қаласында Амандосов атында көшे жөне мектеп бар.

Публицистика жанрларының өзіндік ерекшеліктері бар. Публицист өз жұмысын бүкіл жұрт алдында жария жүргізеді, қалың бұқаралық ақылдасып отырады. Ол белгілі бір мәселе жөнінде ой қорытып, пікір айту үшін көп ізденіп, талай бұралаң жолдардан өтеді, бұл жолда оның күмәндануы немесе қателесуі ықтимал, сөйтіп, ол талай сезім толқынына түседі.

«Публицист жазу әдістері мен тәсілдерін жетілдіре түсіп, өз шығармасы арқылы оқырмандарға идеялық ықпал жасаумен қатар олардың сезіміне де әсерін тигізеді. Оқырман әстетикалық тұшымды ой аларлықтай, оның сана-сезіміне жақсы әсер қалдырлықтай шығарма жазу журналистке оңайға түспейді. Өйткені, журналист бүгінгі, дәл осы сағаттағы оқиғалар мен құбылыс-



тарға жедел ілесуге міндетті, көпшілік жағдайда үшқырлықпен, көрегендікпен алда болып, уақыттан озып отыруға да міндетті.

Заман тынысы, бүгінгі оқырмандардың талабы одан осыны қажет етеді.

Міне, осы жерде публицистің шығарма жазу ерекшелігі мен жазушының шығарма жазу ерекшеліктерін аз ғана салыстырып көруге болады. Публицист өмір деректері мен құбылыштарына, нақты көрсеткіштерге, мысалдарға, айтылған сөздерге сүйенеді. Мұның өзі іскерлікті, шапшаңдықты, үшқырлықты талап етеді. Мұнда ой мен пікір анық та айқын, тұжырымды болуға тиіс. Публицист көбіне-көп белгілі болған жайды, оқиғаны хабарлауға, белгілі бір жерде болған құбылышты, оқиғаны лезде жазуға мәжбүр болады» (Т.Амандосов).

Тапсырма: «Төрт сөйлем» тәсілі.

Т.Амандосов өмірі мен шығармашылығы

- **Пікір.** Мәтін (лекция) бойынша туындаған өзіндік пікірін (негізгі идеясын) бір сөйлеммен келтіру керек.
- **Дәлел.** Келтірілген өзіндік пікірді бір сөйлеммен дәлелдейп шығу керек. Дәлел – ұстанған көзқарасты логикалық түрғыдан дәйектеу, негіздеу.
- **Мысал.** Енді келтірілген өзіндік пікірді тағы да бір негізден кету үшін бір сөйлеммен мысал келтіру қажет. Мысал өмірден, тәжірибе алынуы керек: ақпарат көздеріне немесе көп таралған пікірлерге сілтеме жасау, тәжірибе орын алған үрдіс, басқа адамдардың пікірлері.
- **Қорытынды** Өзіндік пікірді тағы да бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек.



Есте сақтай жүрөйік!

«Атырау» – Атырау облысының қоғамдық–саяси газеті. Алғашқы саны «Ерік» газеті деген атпен 1923 жылды 1 сәуір күні шықты. 1924 жылдың 23 тамызынан «Жұмыскер тілі», 1930 жылдың қыркүйегінен «Жем жұмысшылары», 1932 жылдың 16 сәуірінен «Ленин жолы», 1933 жылдың 16 қыркүйегінен «Социалистік құрылышқа», 1933 жылдың 5 қарашасынан «Социалды құрылыш», 1963 жылдың мамырынан «Коммунистік еңбек» деген атпен, ал 1990 жылдың 30 маусымынан бері «Атырау» деген атпен шығып келеді.




Берік Қорқытов 1928 жылды Атырау қаласында дүниеге келген. Қаламгер, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігінде болған. 1951 жылды ҚазМУ-ді бітірген. 1942 жылдан бастап «Социалистік құрылыш» газетінде өдеби қызметкер, меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болды.

1970–1989 жылдарда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Атырау облысындағы өдеби кеңесшісі қызметін атқарды. Қазақ өдебиетінде драматургиялық шығармашылығымен танылды. Оның қаламынан заман ағымына үн қосқан 15 драмалық туынды дүниеге келді.

Алғашқы пьесасы «Асыл жандар» 1963 жылды Гурьев драма театрының сахнасында қойылды. Аудармамен де шұғылданды. Қаламгер драматургия жанрымен бірге қазақ баспасөзінің тарихымен, Атырау өнірі ақындарының, билерінің, батырларының тарихымен айналысып, зерттеу еңбектерін жариялады.

Мендекеш Сатыбалдиев Атырау облысы Жылдың ауданы Амангелді ауылында 1937 жылды туған. Ақын, журналист. Маңғыстау туралы шығармалардың авторы. Есбол, Теніз ауданы, Атырау облысы газеттерінде, облыстығы радио хабарын тарату комитетінде тілші, бөлім меңгерушісі (1954–1969), Алматы қаласындағы «Қазақстан» баспасында редакция меншерушісі, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналының жауапты хатшысы (1969–1973) болған. Жергілікті және республикалық баспасөз беттерінде очерктер мен публицистикалық өдеби мақалалар, фельетондар мен әңгімелер, өлеңдер мен толғаулар жариялады.



«Ақмоншақ» (1966), «Шулайды толқын» (1968), «Күн шуағы» (1970) аталағын өлеңдер жинағы, «Жартастағы жазуулар» (1970) дейтін очерктер жинағы, «Қоңыр қозы» повесі (1971); сондай-ақ аудармасы (А.И. Покрышкин, «Аспандағы шайқас», 1973), «Мәлдір аспан» атты очерктері мен публицистикалық мақалалары (1978), «Қызығыш құс» атты таңдамалы өлеңдер жинағы бар.



Мақала (орыс. *Статья*, ағылш. *article; entry, clause*) – ғаламтор желісінде – жаңалықтар тобының (newsgroup) хабарламасы;

- Мәліметтер нысандарын сипаттау формасы.
- **Мақала** – көғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық жанрдағы шығарма.

Мақала 4 түрге бөлінеді:

- **Бас мақала** заманымыздың негізгі бағытын, үкіметтің алға қойған саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерін түсіндіріп, іске бағыт береді;
- **Проблемалық мақала** шешуді, тексеруді, зерттеуді қажет ететін теориялық және практикалық мәселелерді көтереді;
- **Насихаттық мақала** ғылым, техника, өнер жаңалықтарын заман талабына сай үргілігі өмірдің тәжірибелік міндеттерімен байланыстырып отырады;
- **Публицистикалық мақала** қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар



1-тапсырма. Баспасөз туралы не білесіндер? Берілген мәліметтерді пайдалана отырып, әр жылдары өңірден шыққан газеттер (аудандық, облыстық) туралы тірек сұзба сыйындар.



2-тапсырма. Атырау облысынан, аудандарынан шығатын газеттерді сәйкестендіріңдер.



«Есте сақта»

Атырау қаласы		«Жайық шұғыласы»
Жылдың ауданы		«Нарын таңы»
Қызылқоға ауданы		«Кең Жылой»
Индер ауданы		«Приказийская коммуна»
Мақат ауданы		«Серпер»
Махамбет ауданы		«Атырау»



Құрманғазы ауданы		«Қызылқоға»
Исатай ауданы		«Ақ Жайық»
Атырау облысы		«Мұнайшы»
		«Дендер»
		«Ар – честь»

3-тапсырма. Жергілікті редакторлардың баспа бетіне шыққан материалдарын жинақтаңдар және соның негізінде таныстырылым дайындаңдар.



4-тапсырма. Әйгілі тұлғалардың баспа бетіне шыққан материалдарын жинақтаңдар.



5-тапсырма. Мәліметтер түйінін пайдалана отырып, өздеріңнің туған елдеріңнің дамуына қосатын үлестерің туралы мақала жазыңдар.



§18. «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы

Сабак аясында:

- энциклопедия ұғымын түсінеді;
- энциклопедияга қажетті материалдарды іріктей біледі;
- өлкетанудың бағыттарын анықтайды;
- өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысады.


Зергер сөз

Жаңа энциклопедия тұтас үлттың дүниетанымын жаңаша жүйелеп, сол елдегі гылым мен білімнің жаңа арнамен дамуына берік іргетас қалайды.

Н.Ә. Назарбаев

Тақырыбы: "Менің туған өлкем" электрондық энциклопедиясы

...Атырау – туған өлкем, келбеті кең,
Еркелеп бауырында ер жетіп ем!
Жырынан Махамбеттің жігер алып,
Күйімен Құрманғазы тербетілем...
Тайсоған, Кең Жылой мен ата Нарын,
Жырыма сенен жалын, от аламын.
Сембай Бердімұратов



Энциклопедия [(гр. *enkyklopaideia* – білім (жалпыға бірдей) өрісі)] – анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым.

Энциклопедия – көне грекше: ғұкыллюс пайдея – «айналым негізінде білім алу» – орыс. обучение в полном круге, күклюс – шеңбер и пайдея – оқыту, білім алу), кейде Циклопедия (Үлгі:Lang-neolat көне грекше: κύκλιος παιδεία – «айналым негізінде оқыту»)

Энциклопедия термині мазмұны жағынан тарихи өзгерістерге ұшырады.

Антикалық қоғамда энциклопедия атауы жеті еркін өнерді (грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музика және астрономия) белгілеп көрсету үшін қолданылған.



XVI гасырда Батыс Еуропада бұл термин «әр алуан мазмұнды жинақ» дегенге жақын ұғымда қолданыла бастады.

XVIII гасырда энциклопедия – білімді топтастыру деген түсінік орын алды. Келе-келе бұл терминнің маңызы бірте-бірте ұлғая түсіп, қазіргі кең таралған мағынаға ие болды: оны барлық ғылым саласынан анық мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (**әмбебап энциклопедия**) немесе қайсыбір жеке ғылым саласындағы (**салалық энциклопедия**) ғылыми басылым деп те атайды.

Энциклопедия құрылымы жүйелі түрде жасалады, атап айтқанда, ғылым саласы бойынша ірікте алынған материалдар әліпби (**алфавит**) тәртібімен орналастырылады.

Энциклопедияның әлектронды нұсқасы – **әлектрондық энциклопедия** деп аталады.

Есте сақтаймыз!

Энциклопедияларды қолдану ережесі. Энциклопедияларда сөздер әліпби бойынша орналасқан.

Сұрақ-жауап энциклопедиясы – 8 бөлімнен тұрады: әлем, жер ғаламшары, дүниежүзі тарихы, табигат әлемі, адам денесі, ғылым және техника, әлемге саяхат, мәдениет және спорт.

Әмірбаяндық энциклопедиялар – сөздің мағынасын түсіндірмейді, ол нақты бір адамның елеулі оқиғаларын көрсетеді. Мәліметтер қысқаша, ал шежіре хронологиялық тәртіппен орналасады.

Энциклопедия мен сөздіктің айырмашылығы неде?

Сөздіктер сөздің мағынасын ашып береді, ал энциклопедия заттарды, құбылыстарды суреттейді. Мысалы: жылқы туралы мәліметті, оның тұқымын, адам қалай қолға үйреткенін, адамдарға қандай пайдасын тигізетінін энциклопедиялардан аламыз, ат пен жылқының мағынасының айырмашылығын сөздіктен табамыз.





Қазақстандағы кең таралған энциклопедиялар

Әмбебап энциклопедиялар:

- Тұңғыш “Қазақ совет энциклопедиясы” (12 т., 1968–78)
- “Қазақ Қенестік Социалистік Республикасы” қысқаша энциклопедиясы (4 т. 1984, 1987, 1988 – 89),
 - “Қазақстан” ықшам энциклопедиялық сөздігі (2005),
 - “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы (1998–2007).

Арнаулы (салалық) энциклопедиялар:

- “Шаңырақ” (1990),
- “Ислам” (1995),
- “Қазақ тілі” (1998),
- “Қазақ әдебиеті” (2001)
- “Қазақ өнері” (2002),
- “Атамекен” Географиялық энциклопедия (2011),

Облыстық, қалалық, аудандық энциклопедиялық анықтамалықтар

- «Атырау» (2000)
- «Құрманғазы ауданы» (2008)
- «Атырау үстаздары», т.б.

Ізденіп көрейік!

Тұған өлкенің аталуы, күрылуы туралы деректерді ізденіп жазындар.

Онлайн энциклопедиялар

Уикипедия – Уики технологиясының негізінде жасалған оқырмандар мен авторлар үшін ашық, көптілді, онлайн энциклопедия.

Энциклопедия Уикипедия қорының www.wikipedia.org доменінде орналасқан. Жобаның иесі және оның дамуына жауапты Уикипедия қоры болып саналады. Жобаның атауы «уики» немесе wiki (сайт құру технологиясы) және энциклопедия сөздерінен құрылған. Қазіргі уақытта энциклопедияның 285 тілде тараулары бар. Барлық тілдердегі мақалалардың жалпы саны 35 миллионнан асты.

Уикипедия сайтына кірген кез келген тұтынушының ондағы материалдар мен тақырыптарды өзгертуге құқығы бар. Уикипедияны толықтырып, мақала жазуға қатысып отыратын түрақты қатысушиларды «Уикипедияшылар» деп атайды.



Сөздіктер мен энциклопедиялар қоры сан үрпақтың қатысуымен жинақталған. Энциклопедия мен сөздік біздің уақытымыз бер күш-жігерімізді үнемдеп сақтайды, жұмыста қате жібермеуімізге көмектеседі. Сондықтан өздерің білгілерің келген сөзді іздеуден, сұраудан ешқашан да жалықпандар. Білім сендердің шетсіз-шексіз теңіз мұхитында еркін самғайтын кемелерің болсын.



Туған өлкенің атының әріптерінен жерінді сипаттайдын сөзтізбек немесе сөзжұмбақ құрастырындар.

Ізденген – жетер мұратқа

1. Энциклопедия ұғымын қалай түсінді?
2. Энциклопедияны не үшін қолданамыз?
3. Энциклопедияның қандай түрлері бар?

Топтық жұмыс.
Өлкетанудың бағыттары бойынша өз туған ауылың туралы электронды энциклопедия құрастырындар.



Жазылым «Сымбатыңнан айналдым, туған жерім...» Өз ойларынды өрі қарай жалғастырып көріңдер.



География

§ 19. Тұған өлкенің флорасы мен фаунасы

Сабак аясында:

- өлкенің өсімдік жамылғысын білу;
- өлкеге тән жануарлар дүниесін білу;
- Қызыл кітап деген не екенін және өңірдің Қызыл кітабына кірген жануарларды білу.

Атырау облысы Қазақстанның батыс бөлігінде, Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік шығыс жағалауын ала, шөл-шөлейт аймақта орналасқан. Облыс батысында Ресей Федерациясының Астрахан облысымен, шығысында Ақтөбе, солтүстігінде Батыс Қазақстан, оңтүстігінде Маңғыстау облыстарымен шектеседі. Облыстың оңтүстігін Каспий теңізінің суы шайып жатыр. Каспий теңізі арқылы өнір Ресей, Әзербайжан, Иран, Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі.

Атырау облысы Еуразия құрлығының ішкі ауданында жатыр, яғни Атлант мұхитынан және оның теңіздерінен 3,5 мың шақырым қашықта, 46–49° солтүстік ендік және 47–56° шығыс бойлықтар аралығында орналасқан. Бұл оның климатының қатаң континентті болуына, сонымен бірге топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, жалпы табиғатына үлкен әсер етеді. Өңірдің басты су көзі – Жайық өзені. Облыстың шөлейт аймақта орналасуы адам өміріне, оның шаруашылық әрекетіне кейбір қолайсыздықтар туғызады. Алайда Жайық өзені және оның су жинау алабы облыс табиғатына өзіндік әсерін тигізеді. Облыс жері түгелімен Каспий маңы ойпатының құрамына енеді. Бұл жер – теңіз түбінен босатылған алғашқы аккумуляциялық жазық.

Солтүстік Каспий аймағының өзіне тән табиғи ерекшелігі бар. Мұнда өртүрлі табиғат жағдайына ие аймақтар бір-біріне жанаса орналасқан. Мысалы: Еділ мен Жайық жайылмасының өсімдік жамылғысы. Облыстың біраз бөлігі қырқалы және шағылды құмдардан тұрады (Нарын, Тайсойған, Каспий маңы Қарақұмы). Құмды аймақта өсімдіктердің шөлге ең төзімді түрлері тараған. Жалпы алғанда, облыс аумағының флорасы өсімдікке бай. Өсімдік жамылғысы облыс бойынша табиғи зона реті бойынша тараған.

Шөл зонасының климаты құрғақ, жауын-шашын мөлшері өте аз болады. Жазы өте ыстық, қысы суық. Осындаш шөлді аймақта қуаңшылықта барынша төзімді, көбінесе жапырақтарын түк басқан өсімдіктер тобы – ксерофиттер өседі. Бұндай өсімдіктердің көктемгі топырақ ылғалдылығы мол кезде өсуі қарқынды болады да, көктемнің соңында гүлдеп, жазда даму қарқындылығы баяулайды. Құзгі жа-



уын-шашын басталысымен ксерофиттер тіршілік үрдісін тағы да жеделдендіріп, түйін тастап, даму цикілін аяқтайды.

Құмда өсетін өсімдіктерді псаммофиттер деп атайды. Олар сусымалы құмдардың қолайсыз өсеріне төтеп беруге бейімделген. Құмда ылғалдылық белгілі дәрежеде болмағандықтан, өсімдіктер әркелкі таралған. Қебінесе астық, бұршақ тұқымдастарының өкілдері өседі.

Атырау облысы шөл-шөлейт зонада орналасқанымен, солтустігінде дала зонасының белгілері байқалады. Далалы шөлді аймақ өсімдіктері жайылымдық, жемшөптік мақсатта кеңінен пайдаланылады. Дала – өзен бойынан құмды шөлге дейінгі аралықтар. Мұнда өсімдіктің көптеген түрі кездеседі. Ағаштардан сексеуіл өседі. Құмды даланың өсімдік жамылғысы ете сирек. Бірақ су көздері жер бетіне жақын болғандықтан, егіншілікке жарамды жерлер. Құмды шөл – еш өсімдік түрі өспейтін төбелер. Әдетте көшпелі болып келеді. Өсімдік жабыны – негізінен- шөптесін және бұталы. Өзендер қамыс және қоғамен қоршалған. Өзендерден алыстаған сайын жыңғыл, бұзаубас, ақжусан өседі. Ойпаң аймақтарда бөзшөп пен бетеге кездеседі. Соғи сарымала, орташа жолжелкен, сынғыш бидайық өседі. Өзендердің жағалаулары ашық орманмен жабылған. Облыс аумағында дәрілік, техникалық өсімдіктер де кездеседі. Олардың жалпы саны 50-ден асады.

Дәрілік шөптерден кездесетіндері: мия түбі, өгейшөп, адыраспан, ешкі тал, қырықбуын, құмаршық және т.б.

Бұл шөптер әртүрлі дәрі-дәрмек жасауға пайдаланылады. Облыстың барлық аудандарында дерлік жусан, қияқ, бұйыргын, ебелек, мортық, қоңырбас, көкпек басым өседі, бұларға қосымша көктемде ойпаттарда селеу, изен, сарсазан, ажырық, т.б. араласа шығады.





Мортық (Eremopyrum)



Кекпек (Atriplex)



Жысан (Artemisia)



Бұйырғын (Anabasis)



Қоңырбас (Poa)

Облыстың Индер, Махамбет аудандары аумағымен Жайық өзені өтеді. Өңірдің басқа жерімен салыстырғанда бұл жерлері ылғал сүйгіш өсімдікке бай келеді. Жайық өзенінің жағалауы мен көлдердің жағасын тогайлар көмкерген. Онда ақтал, каспий талы, сиректеу терек, шегіршін, жиде өседі. Олардан кейінгі жолақта тығыз өскен жыңғылдар кездеседі. Тоғайда басқа жерлерде өспейтін қасқыржем, қырықбуын, ашқылтым алқа кең тараған. Жайық арнасынан тасыған жылдары өсімдіктер көбірек өседі. Ағыны аз суларда, өзендердің жағасында, каналдарда біршама су өсімдіктері өседі.



Жайық бойы тоғайы



Жыңғыл (ағылш. Tamarix)



Теңіз жағасындағы батпақтарда қамыс, құрақ жиі кездеседі.

Жалпы, Атырау облысында өсімдіктердің 945 түрі бар. Бұлардан басқа жантак, көкпек, ошаған, сүттіген, шырмауық т.б. табиғи өсімдіктер, улы шөптерден есекмия, мендуана кездеседі.

Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген, яғни жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінен ақтүңғиық, берік сүттіген, бор рияны, бор сиякөгі, бор сылдыршөбі, бүршікті альдрованда, бүршікті феллориния, кестелі шампиньон, комаров жоңышқасы, күманды долана, қатпар гладиолус, мейер шытырмағы, су шылымы, тегеурінгүл, т.б. кездеседі.



Мендуана (Botsc)

және ақбөкен. Жайық өзенінен шығысқа қарай бұл топқа оқжылан, құмтышқан, тақылдағыш қосаяқ қосылады. Еділ-Жайық құмдарында ала жертесер, батбат кесіртке (*Phrynocephalus mystaceus*), жүндес қосаяқ тіршілік етеді.

Жылдың қолайсыз мезгілдерінде олар індеріне кіріп, үйқыға кетеді. Атырау облысында аңдардың 55 түрі, оның ішінде жыртқыш аңдардың 12 түрі бар. Өзен бойындағы нұ тогайларды қабан, мәлін, қасқыр, тұлқі, қарсақ мекендейді.

Облыс аумағында құстар алуан түрлі және кең таралған. Олардың ең басты тіршілік орындарының бірі – су және оның жағалауы. Жалпы, құстардың 280-дей түрлері бар. Оның

Атырау облысының омыртқалылар фаунасының негізін шөлдік түрлер құрайды. Олардың 500-ге тарта түрі бар. Онда кемірушілер мен бауырмен жорғалаушылардың үлесі басым. Қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушылардың 50-ге жуық түрлері тараған, кемірушілердің 27 түрі бар. Бұл топқа шөлде кең тараған және ішінәра дала зонасына шығатын түрлер енеді. Олардың өкілдері: тақыр батбат, құлақты кірпі, кіші және саршұнак, тік құлақты қосаяқ, Эверсман атжалманы, кіші соқыр тышқан, жыңғыл құмтышқаны, шұбар құзен, қарсақ, дала мысығы



Батбат кесіртке (*Phrynocephalus mystaceus*)



ішінде бірқазан, дегелек, қаз, үйрек, шағала, тырна, дуадақ, көгершін, торғай тәрізділер көп тараған. Тырналардан ақбас тырна біздің жерімізде үяласа, сұр және ақ тырна қайту кезінде үшып өтеді. Көгершіндерден бары 5 түр, соның ішінде сирек кездесетіндері – түркелдер, дыркептер, көккептер. Облыста тауықтәрізділер өте аз. Оның екі түрінің ішінен сұр шіл кең тараған, ал бөдene сирек кездеседі.

Негізінен ашық жерлерде және су жағалаулары мен орман-тоғай алқаптарында күндізгі және түнгі жыртқыш құстар отрядының өкілдері тараған. Күндізгі жыртқыштардың облыстығы 23 түрінің 9-ы үялайды, 11-і қайту кезінде болады. Ал 3 түрі кездейсоқ үшып келетіндер деп есептеледі. Жиі кездесетіндері – күйкентай, кезқүйрық, қарақұс, дала қыраны. Үкілердің 8 түрінің ішіндегі кең тарағаны – байғыз және саз жапалағы.

Облыстың өзен-көлдерінде балықтардың көптеген түрлері бар. Қесіптік маңызы бар балық түрлерінен бекіре, қорытпа, шоқыр және т.б. балықтар кездеседі. Облыс суларында шортан, сазан, жайын, майшабақ, қаракөз, т.б. кең тараған. Жалпы, Каспий теңізінің атыраулық аймағында бағалы балықтардың 122-ден астам түрлері кездеседі.



Қарсақ (*Vulpes corsac*)




Саршұнақ (*Spermophilus*)

Облыстың пайдалы қазындыларын, өсіреле мұнай-газ кендерін қарқынды игерудің нәтижесінде хайуанаттар дүниесінің таралу кеңістігі жылдан-жылға тарылуда, түр саны азаюда, тіршілік аумағы күннен-күнге кемеде.

Жайық өзенінің атырауы мен көрші Каспий теңізі жағалауында сирек және жойылуға жақын өсімдіктер мен жануарлардың бағалы және эндемикалық түрлерін сақтау мақсатында 2009 жылы 6 ақпанда Мемлекеттік табиги «Ақжайық» резерваты құрылды.



Ақбас тырна (Anthropoides virgo)



Байғыз (Athene noctua)




Құйкентай (Falco tinnunculus)



Дыркептер (Columba palumbus)



Каспий итбалығы (Pusa caspica)



Бекіре (Acipenseridae)





Каспий теңізінің құмды жағалауы

2009 жылы 1 сәуірде Жайық өзенінің атырау аумағы мен көрші Каспий теңізі жағалауы халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар тізіміне енгізілді. Ол бұл тізімге енгізілген Теніз-Қорғалжын көлі жүйесінен кейінгі екінші қазакстандық аумақ болды.

2014 жылы резерват ЮНЕСКО биосфералық қорлар өлемдік желісіне енгізілді.

Онда құтандар (ұлкен, кішкене, ақ, көк), ұлкен суқұзғын, бақа, ұлкен сұқсыр үйрек, өупілдек, сутартар, қасқалдақ, құлегеш, біз тұмсық шағала, қыз мұрынды сұңгуір, қамысты және ұнді көкегі, сүр қарға мекендейді.

Жайық өзенінің Каспий теңізінің құяр жеріндегі жағалауы 29 экожүйеге бөлінген. Құстардың 42 түрі Қызыл Кітапқа енгізілген. Бұйра бірқазан, кіші суқұзғын, ақ құтан ұя салады. Резервattyң аумағынан 78 түрлі сұтқоректіні, оның ішінде Қызыл Кітапқа енгізілген 4 түрін кездестіруге болады.

Есіңде сақта!

Солтүстік Каспий маңының өсімдік және жануарлар дүниесі едәуір азайған. Көптеген түрлері Қызыл Кітапқа енгізілген. Сирек кездесетін және жойылу қаупі бар түрлері көбеюде.

Тұған өлкенің табиғатын аялаңдар!



Глоссарий

Флора – нақты бір жер аумағында өсетін өсімдік түрлері.

Фауна – жануарлар түрлері.

Реликті – ерте кезеңнен сақталған өсімдік және жануарлар түрлері.

Эндемик – шектеулі ауданы бар өсімдіктер мен жануарлар топтары.

Резерват – табиғат байлығын (өсімдік және жануар) мемлекет ерекше қорғауға алған аумак.



Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Мәтіннен өсімдіктер мен жануарлардың атауларын алып жазыңдар.

Өсімдіктер	Жануарлар

2. Қызыл Кітапқа енген өсімдік және жануарлар өкілдерінің аттарының астын сыйыңдар.

3. «Туған өлке табиғаты қорғауды қажет етеді» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

4. Топпен жұмыс. Топтарға сұрақтар дайындалып, пікір алмасу жүргізіледі.

Қадағалау сұрақтары: Мысалы... Өңірдің ерекше өсімдіктері мен жануарларын атаңыз?	Проблеманы шешетін сұрақтар: Мысалы... Сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды қорғаудың қандай жолдары бар?
Аналитикалық сұрақтар: Мысалы... Облыстың өсімдіктер мен жануарлар әлемінің азайғанынан қандай ой қорытуға болады?	Ерекшеленетін сұрақтар: Мысалы... Өлке табиғатын қорғауға үлес қосып жүрсің бе?





Ұжымдық жұмыс. Қазақстанның Қызыл Кітабына енген өсімдіктер мен жануарлар туралы бейнежазбаны көретіп, Атырау облысы бойынша енген түрлердің тізім жасалады.

Күтілетін нәтиже:

Тақырыпты өткеннен кейін білуге тиіссіндер:

- Атырау облысы өсімдіктер дүниесінің құрамын білудерің керек;
- Аймаққа қандай жануарлар дүниесі тән екендігін білесіндер;
- Қызыл Кітап дегеніміз не, өнірдің қандай өсімдік, жануарлар дүниесі енгізілгенін білесіндер.

Қазақстанның Қызыл Кітабына сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі.

Қызыл Кітаптың үш басылымы шыққан, ең соңғысы 1996 жылы жарық көрді.

Оған омыртқалылардың 128, балықтар мен дөңгелек ауыздылардың 18, қосмекенділердің – 3, бауырымен жорғалаушылардың – 10, құстардың – 57, сүтқоректілердің – 40, өсімдіктердің – 387, саңырауқұлақтардың 13 түрі енген.

Күтілетін нәтиже:

- Материалды таныстыру формасын анықтайты;
- Өлке туралы анықтамалық мәлімет беретін ақпаратты түсінеді;
- Қажет мәліметтерді жинаій біледі.



§ 20. Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу

Күтілетін нәтиже:

- нысанды таныстыру түрін анықтау;
- өлке туралы негізгі мәліметтерді қамтитын әртүрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеу;
- мәліметтерді оқырманга / тыңдаушыға әсерлі болатындаи етіп ұйымдастыру.

Атырау облысы 1938 жылы 15 қаңтарда Гурьев облысы деген атпен құрылған. 1992 жылы қазіргі атауына ие болды. Облыс орталығы – Атырау қаласы. Жер көлемі 118,6 мың шаршы шақырым. Облыс жері солтүстіктен оңтүстікке 350 шақырым, батыстан шығысқа 600 шақырымға созылып жатыр.

Жер бедері: облыс аймағы Каспий маңы ойпатының солтүстік шығыс бөлігін, Жем қыраты мен Устірттің батыс шетін, Каспий теңізінің солтүстік бөлігін алып жатыр. Жері солтүстіктен оңтүстікке қарай аласара түсетін Ойыл, Сағыз, Жем өзендері салаларымен тілімденген. Бұл аймақты Жем қыраты мен Устірттің батыс сілемдері Доңызтау (214 м), оның бөліктері Желтау (221 м), Томды (175 м) жоталары алып жатыр. Қайнар мен Жем өзендері аралығында Иманқара (199 м) Койқара қырраттары, Қарамұрат жоны, Алабие, Аққұдық. Қобылан жоталары,



Атырау облысы



Жайық өзенінің сол жақ жағалауында Индер тауы орналасқан. Таудың биіктігі 52 м, ұзындығы 25-30 км, ені 10 км-ге жуық.

Каспий маңы ойпатының оңтүстік және оңтүстік батыс бөліктерінде құмды шағылдар көп. Еділ өзенінің сол жағалауы мен Каспий теңізінің жағалауын Нарын құмы мен Мыңтөбе құмы, Қосдәulet, Ботай құмдары, Ойыл және Сағыз аралығын Тайсойған, Бұйрек құмдары, облыстың шығысын Каспий маңы Қарақұмы алып жатыр. Бұл құмдардың ең үлкені – Нарын құмы. Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі – сорлар. Олардың терендіктері 5-10 м-ге же- теді. Географиялық түрғыда облыстың солтүстік батыс жағы Еуропада, ал бұқіл шығыс жағы Азияда, негізінен шөлейттік аймақта жатыр. Сонымен қатар Атырау аумағында тақырлар кездеседі. Ең үлкен тақыр Намаз тақыры деп аталады, ол облыстың солтүстік-шығысында орналасқан.

Геологиялық құрылымы: Атырау облысы геологиялық түрғыдан алғанда көне Шығыс Еуропа платформасына ендең кірген Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағалауын алып жатыр. Атырау облысының шегінде ендік бағыты бойынша 500 км-ге созылған, ені 90-140 км Солтүстік Каспий-Биікжал аймағы бар. Оңтүстік жағында Оңтүстік Жем ылдыымен көтеріледі, мұндағы іргетастың беті 12-13 км терендікте жатыр. Иргетастың үстінде шөгінді қорабы бар, ол тұз асты, тұз үсті кешендеріне бөлінеді, палеозой және мезозой кезеңдерінде қалыптасқан жыныстарының жалпы терендігі 12-14 шақырымнан асады. Қаратон-Теніз аймағында бірыңғай карбонатты кешен қалыптасқан. Геофизикалық зерттеулердің мәліметтері бойынша, оның жалпы қалындығы облыстың Солтүстік Каспий аймағында 1,5-3 км-ге дейін. Юралық бор шөгінділері жағалаулық-теніздік және теңіздік-терригенді, терригенді-карбонатты шөгінділер түрінде кездеседі. Бұл шөгінділердің қалындығы облыстың солтүстік бөлігінде 0,3-0,5 метрден Прорва аймағында 3 шақырымға дейін өзгеріп отырады.

Климаты: Атырау облысында шұғыл континентті климат қалыптасқан. Облыста табиғи ылғалдылық жеткіліксіз, аңызақ желді, шаңды дауылды, жазы ыстық, қуан, қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді. Ең ыстық айы – шілде, ауаның орташа температурасы 24-25°C, ыстық 35-40°C, кейде одан да астам болады.



Ақтолағай үстірті



Атырау облысының орташа айлық ауа райы

Орташа температура, $^{\circ}\text{C}$	Көрсеткіш												
	қантар	акпан	наурыз	сөүір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жыл
-10,3	-8,1	-2,6	12,8	19,6	23,7	22,0	24,0	12,7	5,6	0,7	-6,3	7,7	

Дерекнама: Ауа райы мен климат

Жауын-шашынның жылдық мөлшері 220-230 мм, қуаңшылық жылдары 80 мм-ден аспайды, ал ылғалдың жер, су бетінен ауаға булану мөлшері 1000 мм, кейде одан да астам болады. Негізінен батыс бағытында (солтүстік-батыс, кейде оңтүстік-батысқа) соғатын желдің үлесі басым. Желдің орташа жылдамдығы 5-6 м/сек, теңіз жағалауында 6-7 м/сек, ең күшті желдің қарқындылығы 15 м/секундтқа жетеді.

Қысқы маусымда қантардың орташа температурасы -8°C , -12°C , қызыр оңтүстігінде -5°C , -6°C . Қыста жел негізінен шығыс (оңтүстік-шығыс және солтүстік-шығыс) бағытында соғады, қарқындылығы 6-7 м/сек. Жылдық жауын-шашын мөлшерінің жартысынан астамы қыста түседі.

Пайдалы қазбалары: Облыстың жер қойнауы қалың шөгінді қабаттармен байланысқан өртүрлі пайдалы қазбаларға бай. Солардың ішінен қоры аса бай өрі негізгісі мұнай болып табылады. Мұнай-газдан басқа борат және борат тұзды кендері, ас тұзы, калийлі, магнийлі жыныстарды атауға болады. Құрылыш шикізаттарынан бор, бор-мергельді жыныстар, гипс, ангидрит, сазды, құмды өктастар, сондай-ақ битуминозды жыныстар (кирлер) мен тұщы және минералды су көздері бар. Сондай-ақ күкірт, құм-қиыршық, тас қосындылары, отқа төзімді керамзит және кірпіштік саздар, ұлутас, шипалы балшық, қоңыр көмір мен минералды бояулар жасауға жарамды саз шөгінділері бар.

Топырағы: Облыста топырақ таралуының ендік белдеулігі басым қалыптасқан, яғни топырақтың бір түрінің қабаты ендік бағытқа қарай созыла, шашыла түзіледі де, теңізге жақындаған сайын келесі түрмен жиі және өлденеше рет ауысып отырады. Шалғынды аллювийлі куаң топырақ (жайықтың екі жағындағы кең жайылмалардаған, құнарлы қабаты) 70 см-ге дейін жетеді.

Бозғылт құмды топырақ (Нарын, Тайсойған және Мыңтеке өңірлері), Батпақты тұзды саз топырақ (ойпаттың теңіз жағалауына ұласатын бөлігі, гумус, шымтезек аралас келеді, кепкен жерлерінде бәр төбешіктері қалаптысқан). Автоморфты қоңыр не сүр қоңыр топырақ (Жайықтың екі жағында да, өсіреле сол жағында Тайсойғанға дейінгі өңірді, Ойылдың сағалық бөлігін қамтиды) біршама құнарлы келеді, гипс пен тұз қабаттарының үстінде түзілген, облыс жерінің 20%-ынан астамын алады. Сортада топырақ облыс аумағында өте көп тараған. Топырақтың беткі қабатында тұзы шығып жатады. Мұнда тұздың мөлшері 8-10%-ға дейін жетеді.

Өзендері мен көлдері:

Атырау облысының жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан Жайық, Ойыл, Жем, Сағыз өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады.

Өзендері: өзендердің жинайтын суларының тек 10-20%-ы ғана облыс аумағынан, ал қалған сүйн басқа аймақтан өкеледі. Жайық өзені кеме арқылы өртүрлі жүк және жолаушы тасымалдауға пайдаланылады, балық ауланады. Ал қалған өзендері егістікке, шабындықты суландыруға және мал суару үшін ғана пайдаланылады. Ирі өзендері: Жайық, Жем, Ойыл, Қайнар. Сол сияқты Боксай, Бұгілөзек, Бағырлысай, Ақсай өзендерінің жергілікті маңызы бар. Облыс аумағын- да Еділ өзенінің салаларының тармақтары – Ахтуба, Қиғаш, Бозан т.б. өзендер бар. Көлдері: облыста екі мыңдан астам көл бар. Олардың жалпы ауданы 800 шаршы тақырым шамасында. Облыс көлдері түйік, ағынсыз болып келеді. Облыста дүние жүзіндегі ірі көл – Каспий теңізі бар. Индер көлінің құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіріледі. Жалтыр көліне Бағырлысай, Бұгілөзек секілді шағын өзендер құяды. Бұдан басқа екі мыңдан астам шағын көлдер бар. Олар: Қамыскөл, Мешер, Дәулет, Топай-Сор т.б. Олардың 65-70%-ы – жаз кезінде құрғап қалатын уақытша көлдер.



Индер көлі



Жер асты сулары: Облыс аумағында 6 жер асты суларының көзі бар. Оның тәртеуінің сүйе пайдаланылуда. Олардың ең ұлкені және қоры молы – Тайсойған. Бүйрек және Қоянды құмдарында орналасқан су қабатының терендігі 50-120 м, қалындығы 30-70 м.

Әкімшілік бөлінісі:

Облыста 2 қала, 7 аудан, 11 кент, 183 ауылдық елді мекендер орналасқан.

1. Жылой ауданы.
2. Индер ауданы.
3. Исатай ауданы.
4. Қызылқоға ауданы.
5. Құрманғазы ауданы.
6. Мақат ауданы.
7. Махамбет ауданы.

Қалалары: Атырау, Құлсары.



Мемлекетті	Қазақстан Республикасы
Аумағы	Батыс Қазақстан
Әкімшілік орталығы	Атырау қаласы
Ірі қалалары	Атырау, Құлсары
Құрылған күні	15 қаңтар 1938 жыл
Халық саны (2018 ж.)	620684 мың адам
Тығыздығы	4,58 адам/шақырым ²
Құрамы	қазақтар – 92,0 % орыстар – 5,8 % корейлер – 0,5 % татарлар – 0,4 % басқалары – 1,3 %
Жер ауданы	118,6 км ²

Атырау облысындағы 7 нысан Қазақстанның киелі орындарының қатарына енеді, олар – Сарайшық қалашығы, Ақмешіт қорымы, Үшқан ата мавзолейі, Махамбет Өтемісұлының кесенесі, Иманқара үнгірі, Аралтөбе қорғаны, Құлшан ата қорымы.



Ақмешіт қорымы



Сарайшық





Ұшқан ата қорымы



Иманқара үңгірі



Махамбет Өтемісұлының кесенесі



Құлшан ата қорымы




Барлық халықтарда, өрдайым жергілікті қоршаған аймақты, оның табиғатын, өткені мен қазіргі өмірін, ауыз әдебиетін білетін адамдар болған. Халықта белгілі жергілікті өлкетанушылар – өз тұған жерлерінің білгірі. Олар өздерінің тарихи, географиялық, мәдени сипаттағы білгендерін, ауызша немесе түрлі құжаттар арқылы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып, халықтардың материалдық және рухани мәдениетінде сабактастықты сақтап қалды. Қазіргі уақытта тұған өлкеміз туралы түрлі кітаптар жарық көрді. БАҚ-та мақалалар, өлеңдер, романдар, фотосуреттер жариялануда.

Сендер түрлі форматтардағы ақпараттық материалдарды пайдаланып, тұған жер туралы біраз мәлімет алдыңдар. Олай болса, жергілікті жердің тарихы, өнер туындылары жайында тұған өлкенің таныстыру картасын жасаңдар. Бұдан басқа, күнделікті және экскурсия кезіндегі бақылаулар, мерзімді басылымдардан алынған әртүрлі ақпараттарды пайдаланыңдар. Ақпарат көздеріне әнциклопедиялар, оқулықтар, анықтамалықтар, статистикалық деректер, облыстың кітапханалары мен музейлердің сайттары кіреді.



Тапсырма төмендегі жоспар бойынша орындалады:


1. Жергілікті жердің географиялық орны, аумағы мен шекарасы – физикалық карта бойынша жергілікті жердің географиялық координатасын анықтаңдар;



- өзінің қалаңың (аудан, село, ауыл) аумағы туралы мәліметті табындар;
- әкімшілік-аумақтық карта бойынша жергілікті жердің қандай аудан, облыс, мемлекетпен шектесетінін анықтаңдар;

2. Өлкенің табиғаты

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ



- жер бедері және пайдалы қазбалары (жер бедерінің формалары, абсолюттік биіктігі, пайдалы қазбалардың кен орындары);
- климаты және оның жергілікті ерекшеліктері;
- жергілікті жердің су ресурстары (өзен, көл, жер асты сулары),
- өлкенің топырақ, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі.

3. Өлкенің шежіресі:

- өзінің елді мекенінің қалыптасу және даму тарихы;
- топонимдер (жергілікті жер атауы, қала, өзен, көл аттарының мағынасы).





4. Халқы:

- саны, ұлттық құрамы;
- өлкенің белгілі тұлғалары (композитор, жазушы, ақын, ғалымдар мен суретшілер);
- өлкенің ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп бағытындағы ұлттық қол өнері.

5. Өлкенің көрікті нысандары:

- табиғи (жер бедері, су көздері, өсімдік және т.б.);
- археологиялық, тарихи, мәдени.

6. Жергілікті жердің экологиялық мәселелері:

Жұмыстарды таныстыру түрлері: постер, буклет, электронды таныстырылым, альбом, фотокөрме, коллаж, төлкүжат және т.б.



Тапсырмалар

1. Ұсынылған жоспарға сәйкес берілген нысандардың бірін таңдал, тұған жеріндегі таныстыру картасын жасандар.
2. Жұмысты қорғауға дайындаңдар.
3. Алдына ала белгіленген шарттар бойынша өзіндегі және сыныптастырылғының жұмысын бағалаңдар.





ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Киелі мекен – Кең жылъой». Ағатай баспасы, 2014 ж.
2. «Қазақстан тарихы. Очерктер». Алматы: «Дәуір», 1994 ж.
3. Білім және еңбек журналы. 1978 ж. 9-саны.
4. Қазақ ССР тарихы. 5 томдық. «Көне заманнан бүгінге дейін». 3 том. Алматы, 1982 ж.
5. «Айтыс» 2-том. Алматы, 1988 ж.
6. «Қазақтың қамал қорғаны Бекенбай батыр хақында». Алматы: «Қаламгер», 1991 ж.
7. Ж.Нұрмахан. Ақындар, билер, шешендер. «Атырау. Жылъой II» энциклопедия. Алматы, 2003 ж.
8. Ә.Кекілбайұлы «Дуадақ қонған боз тәбе». Алматы: «Жазушы» баспасы, 2010 ж. 10-том.
9. А.Әміржанов, Л.Сисекенұлы. И.Ақдрашев. «Жапырағы жайылған Кең Жылъойым». Ақтөбе: «А - Полиграфия» баспасы, 2008 ж.
10. О.Кунбаев. «Орденді ұстаздар». «Кең Жылъой» газеті, №45, 2006 ж.
11. «Ембі ауданына – 50 жыл». Аудандық музейдің ғылыми-практикалық материалдары. 1978 ж.
12. Х.Табылдиев. «Адамдар. Тағдырлар».
13. М.Мукушева. «Прикаспий в годы Великой Отечественной войны». Гурьев: Облитография, 1983 ж..
14. «Атырау» энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра», 2000 ж.
15. Е.Қаженбаев. «Атырау облысының географиясы». Алматы: «Өлкө» баспасы, 2007 ж.
16. 2011-2015 жылдарға арналған Атырау облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы. Атырау–2010



17. Атырау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаментінен алынған мәліметтер.
18. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Үлттық санағының қорытындылары. 1-том. Астана, 2011 ж.
19. “Қазақстан”: Үлттық энциклопедия, Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы
20. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары.– Астана, 2005.-8-б.
21. Атамекен атаулары. Жалпы редакциясын басқарған Е.Шаймерденұлы. Құрас-тырушылар: Т.Алпысбаев, Ұ.Есдөulet.– Астана, 1999 ж. -61-бет
22. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі ұсынған деректер. Атыру, 2017 ж.
23. <http://atyrau.navse360.kz/kultura/gosudarstvennoe-uchrezhdenie-atyrauskaya-oblastnaya-universalnaya-nauchnaya-bibl>
24. Флора Атырауской области У.Г. Шайхмежденова, А.М. Утешкалиева, Атырау, 2015
25. Флора поймы р. Урал Е.А. Агелеуов Алма-Ата, 1987.
26. Атырау облысының энциклопедиясы. Алматы. Атамұра, 2000.
27. Т.К. Гордеева, И.В. Ларин Естественная растительность полупустыни прикаспия М, 1965
28. Атырау облысының физикалық географиясы. Е. Жиенқұлов, 1993.
29. Атырау облысының географиясы. Е. Каженбаев, Атырау, 2008 ж.
30. Атырау облысының энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра», 2000.
31. Флора поймы р. Урал Е.А. Агелеуов, Алма-Ата, 1987.
32. Html.<https://timeskz.kz/3759-v-zapovednike-akzhayyk-atyrauskoy-oblasti-ne-mogut-naladit-ekologicheskiy-turizm.html>
33. Интернет ресурс – Википедия
34. <http://atpress.kz/views/the-unique-world-of-the-caspian-region-is-in-need-of-pr.html>



35. <https://timeskz.kz/3759-v-zapovednike-akzhayyk-atyrauskoy-oblasti-ne-mogut-naladit-ekologicheskiy-turizm.html>
36. http://alashainasy.kz/kazak_tarihy/rakyimjan-koshkarbaevtyin-reyhstagka-tu-tkkenn-kordm-sogyis-ardager-96557/
37. http://kazakh-tv.kz/kz/view/news_kazakhstan/page_155586_atyrau-oblysyda-uly-otan-sohysynyn-61-ardageri-turyp-zha
38. <http://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/176457-atyrau-oblysynan-ly-otan-so-ysyna-42-my-nan-astam-zhauynger-attan-an>
39. Baq.kz сайты



Құрастырушылар: *Кабекенов Г.У., Биманова О.М.,
Кузболова С.У., Тұргали С.М.*

ӨЛКЕТАНУ

(Атырау облысы)

**Жалпы білім беретін мектептің
5–7-сыныптарына арналған оқулық**

Пікір жазғандар:

- Л. Бердіғожин** – тарих ғылымдарының докторы,
профессор
- Ш.Н. Нагимов** – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент
- Ә. Әлімгереев** – өлкетанушы

Редакторы *Fұсман Жандыбай*
Техникалық редакторы *Зайра Бошанова*
Көркемдеуші редакторы *Нұрлан Тазабеков*
Компьютерде беттеген *Дилярам Мансурова*

ИБ № 7384

Басуға 08.11.2018 қол қойылды. Қалыбы 84x108¹/₁₆.
Офсетті басылыс. Қаріп түрі «SchoolBook Kza».
Баспа табағы 8. Таралымы 26750. Заказ №



Қазақстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 050009.
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.